



## ФИДЖИТАЛ ФОРМАТ

Әлемде баламасы жоқ  
бірегей ойынның  
өзектілігі НЕДЕ?

3

## МӘСЕЛЕ



## ТІРШІЛІК НӘРІ

ауызсумен көлік жууға  
тыйым салатын  
кез келді

8

## ҚОҒАМ



## ДЕМОГРАФИЯ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫН АЙҚЫНДАЙДЫ

13

## ЭКОНОМИКА

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШТАБ

Алматы қаласының экономикалық көрсеткіштері өзге өңірлерден жоғары



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҮЛЫ.

Өткен аптада Бүкіләлемдік Банктің Қазақстанның экономикасы жайлы баяндамасы шықты. Баяндамада соңғы жарты жылдағы экономикалық көрсеткіштерге талдау жасалған. Сарапшылар биыл экономикалық өсім 3,4 пайызға төмендейді деп болжап отыр. 2025 жылы 4,7%-ға көбейсе, 2026 жылы 3,6%-ға төмендейді деп болжауда. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Үкіметке

жылына кем дегенде, 6% өсім болуы керек деп тапсырма берген. Олжас Бектеновтың Үкіметі 2029 жылға қарай экономикалық өсімді 450 млрд долларға жеткізе ала ма? Мұны уақыт көрсетеді. Дегенмен, алғашқы қадамдарынан сенімділік байқалады. Біздің ойымызша, Алматы қаласы ғана емес, жалпы Алматы агломерациясының экономикалық өсімді қарқынды етуге мол мүмкіндігі бар.

7

# Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №15-16 (6467) 23 ақпан, жұма, 2024 жыл. | [www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

# «БОЛАШАҚТЫҢ ОЙЫНДАРЫ»

IT интеллект пен спорт ұштасқан жоба



## Мемлекет басшысы мультиспортты халықаралық турнирдің ашылу рәсіміне қатысты

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласына жұмыс сапары аясында Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Екі елдің Үкіметтері аталған уағдаластықтарды табысты жүзеге асырып жатыр. Ресей тарапы Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті одан әрі күшейтуге бейілді екенін растады.

Мемлекет басшысы Қазан қаласында алғаш рет өткізіліп отырған «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне шақырғаны үшін Ресей Президентіне алғыс айтып, бұл бірегей сипаттағы шара екенін атап өтті.

— Шын мәнінде, «Болашақтың ойындары» – IT интеллект пен спорт ұштасқан бірегей формат. Біз мұнда мықты команда әкелдік. Жақсы нәтиже көрсетеді деп үміттенеміз. Жалпы, Қазақстанда IT секторы дамып келеді. Біздің өз ойындарымыз бар. Халықаралық деңгейде жарыстар өткіземіз. Ресей Федерациясы дер кезінде қолға алған осы бастаманы жалғастыру үшін келесі «Болашақтың ойындарын» біздің елімізде ұйымдастыруды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

3

## KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

23.02.2024

Түнде:

-8-10 °C  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

-1-3 °C  
Көшпелі бұлтты,  
кей уақытта қар.

Желдің жылдамдығы:  
0-5 м/с

24.02.2024

Түнде:

-8-10 °C  
Көшпелі бұлтты,  
кей уақытта қар.

Күндіз:

-3-5 °C  
Көшпелі бұлтты, кей уақытта  
қар. Таңертең тұман.

Желдің жылдамдығы:  
0-5 м/с

[www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)





ФОРУМ

# ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР

өзгерістердің қозғаушы күшіне, мықты тірегіне айналуы керек



Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадр резервінің форумына қатысып, сөз сөйледі. Жастардың инновациялық ізденістерін оң бағалап, тиісті мемлекеттік органдар тарапынан мұндай бастамаларға қолдау көрсетілетінін жеткізді. Оның пікірінше, мемлекет басқару ісіне ойы үшқыр, білімі озық, сана-сезімі терең, нағыз отаншыл азаматтар көптеп келуі керек. Президенттік жастар кадр резерві дәл осындай талапты жастарға бірегей мүмкіндік береді.

«Қазіргі таңда елімізде ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатыр. Мемлекетімізді өркендету үшін жаңа, батыл қадамдар жасалуда. Сондықтан өздеріңіз сияқты еліміздің жалынды жастары осы өзгерістердің қозғаушы күшіне, мықты тірегіне айналуы керек деп санаймын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Мемлекеттік қызметші де, жалпы қоғам да заңға бағынуға міндетті

Президент мемлекеттік қызметшілерге тән жаңа мәдениет қалыптастыру, құндылықтарды өзгерту мәселесіне айрықша тоқталды. Оның айтуынша, барлық салада, әсіресе, мемлекеттік органдарда заң мен тәртіп үстемдігі болуға тиіс. Жуырда аймақтық жастар кадр резервіне іріктеу басталмақ. Әкімдер оның ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен қатар, кадрлық резервті жасақтау барысында әр облыстың әлеуметтік-экономикалық ерекшелігін ескеру маңызды.

– Заң мен тәртіп орнамаса, қазіргідей күрделі геосаяси жағдайда елімізді сақтап қалу қиын болады. Мұны бәрі түсінгені жөн. Тек мемлекеттік қызметшілер ғана емес, жалпы қоғам заңға бағынуға тиіс. Бұл – демократия шектеледі деген сөз емес, керісінше, еліміздің егемендігін нығайтып, демократияны дамыта түседі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, билік өкілдері әрдайым халықпен бірге, яғни азаматтармен тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Кез келген мәселені уақытылы шешіп отыру – негізгі міндет. «Халық үніне құлақ асатын мемлекетте» дәл осындай құндылықтар орнығуы керек. Мемлекеттік қызметте билікті салалық мамандардың тапшылығы сезілетінін айтқан Президент еліміздегі бизнес, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина, білім және басқа да секторларда табысты еңбек етіп жүрген адамдардың жеткіліксізін назар аударды. Нақты нәтижеге ұмтылып, тұтынушының қажеттілігін өтеу үшін жұмыс істейтін осындай мамандардың әлеуетін жұмылдыру қажеттігіне маңыз берді. Мемлекеттік қызметтің гибриді моделін енгізуді жалғастырған жөн. Ол үшін жеке сектордан билікті мамандарды мемлекеттік қызметке қабылдау ережесін анағұрлым еркін, жеңіл етіп жасау мәселесін мұқият пысықтау қажет.

## Баспана мәселесі тиісті деңгейде шешіледі

Президент мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру үшін жеке сектормен бәсекелес еңбекшілерді белгілеу қажет екенін атап өтті.

– Әрине, жалақы мен сыйақыны шектен тыс көп беруге болмайды. Бірақ таңертеңнен кешке дейін, уақытпен санаспай жұмыс

істейтін мемлекеттік қызметкерлерге белгілі бір деңгейде материалдық өтемақы төленуі керек деп санаймын. Мәселе өте өзекті. Біз мұны мемлекеттік қызметшілердің пайдасына шешеміз. Олардың баспана мәселесін де тиісті деңгейде шешу керек. Бұл бойынша Сингапур және басқа да елдердің тәжірибесіне назар аударған жөн. Олардың мемлекеттік басқару жүйесіндегі тиімді әдіс-тәсілдерді қарастыру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, ғалымдарды, сарапшылар мен белсенді азаматтарды, әсіресе, еріктілерді қызметке тартудың мәні зор екенін, елімізде әділетті мемлекет әрі инклюзивті қоғам құрылып жатқанын айтқан Президент гендерлік теңдікті сақтау мәселесіне назар аударды: «Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің, жастардың және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың санын көбейту керек. Олардың, әсіресе, басшылық құрамда қызмет етуіне барынша мүмкіндік берген жөн».

## Тәлімгерлік институт жанданады

Қасым-Жомарт Тоқаев жас мамандарды мемлекеттік қызметке бейімдеу үшін Тәлімгерлік институтын жандандыру мәселесіне баса назар аударды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметте «командамен көшу» үрдісі әлі тыйылмай отырғанын сынға алды. Осыған орай Президент Әкімшілігіне, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке бұл мәселені қатаң бақылауға алу, мұндай әрекеттерге батыл тосқауыл қоюды тапсырды.

– Жалпы, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке заң жүзінде қосымша құзырет беру қажет деп санаймын. Олар еліміздегі кадр саясатына конструктивті тұрғыдан ықпал ете алуға тиіс. Әрине, бұл Агенттік басшылығына айрықша жауап

кершілік жүктейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Бюрократияға, қағазбастылыққа – тосқауыл!

Президент мемлекеттік қызметті неғұрлым озық салаға айналдыру қажет екенін айтты.

– Жылдар бойы жауыр болған бюрократияға, қағазбастылыққа үзілді-кесілді тосқауыл қоятын уақыт жетті. Мемлекеттік қызмет жүйесінде барлық үдеріс ашық болуға тиіс. «Мемлекет адам үшін» қызмет етуі керек. Елімізде азаматтардың мүддесін толық қорғайтын мемлекеттік қызмет моделін, үлгісін қалыптастыру қажет. Сондықтан уақыт талабына сай келетін және қоғам сұранысына жауап беретін жаңа жұмыс тәсілдерін енгізген жөн. Мемлекеттік қызметшілердің жұмысын шынайы бағалайтын нақты өлшемдер болуға тиіс. Бұл – бағалау жүйесін ұдайы жаңартып отыру қажет деген сөз. Мемлекеттік қызметшінің іс жүзінде атқарған жұмысы міндетті түрде ескерілуі керек. Ең бастысы, әрбір қызметші еліміздің алдында тұрған стратегиялық міндеттерге сәйкес барынша тиімді жұмыс істеуге дайын болуы қажет, – деді Президент.

## Барлық маңызды шешімдер азаматтардың пікірі негізінде қабылдануға тиіс

Бұл ретте IT-шешімдер арқылы мемлекеттік қызмет жүйесін оңтайландыру маңызды.

– Жасанды интеллект технологиясын және ауқымды мәліметтер қорын, яғни Big Data-ны тиімді қолдану керек. Заманауи технологиялар арқылы халықпен етене байланыс орнатудың жолдарын жақсартқан жөн. Себебі, барлық маңызды шешімдер азаматтардың пікірі негізінде қабыл

дануға тиіс, – деген Қасым-Жомарт Тоқаев қайда жүрсе де, үнемі еліміздің жас ұрпағы жөнінде айтатынын еске салды.

– Мен сіздерге зор сенім артамын. Экономикада, мемлекеттік қызметте немесе басқа секторда жұмыс істеп жүрген жастарымызға қолдау білдіру үшін қолдан келгенін бәрің жасаймын. Сіздер өмірдің базарына енді келген, ал біз қайтып бара жатқан адамдармыз. Бұл – қалыпты дүние. Уақыты келгенде, сіздерге жол береміз. Біз зейнетке шығамыз, орнымызға сіздердей жалынды жастар келеді. Бірақ сіздер туған елге, Отанға қызмет етуге дайын болуларыңыз қажет. Өйткені, күрделі заманға тап келіп тұрмыз. Көптеген қиындықтарды бастан өткізіп жатырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Қай салада болмасын, негізгі мақсат – мемлекет мүддесі болуы керек

Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадр резервіне өткен мамандарға зор жауапкершілік жүктелетінін атап өтіп, олардың негізгі мақсаты – мемлекет мүддесі болуға тиіс екенін жеткізді.

– Көп ұзамай мемлекеттің игілігі үшін ең жауапты шешім қабылдайтын кезеңге тап келесіздер. Үкіметте болсын немесе квазимемлекеттік секторда болсын, ел басқару ісіне араласасыздар. Әлбетте, жеке секторда да еңбек етесіздер. Сондықтан мен сіздерге зор үмітпен қараймын. Ең алдымен, осы зор жауапкершілікті дұрыс түсінген абзал. Қай салада болмасын, негізгі мақсат – мемлекет мүддесі болуға тиіс. Баршаңызға мәлім, мен жақында Үкіметте кеңейтілген жиын өткіздім. Қазақстанның жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыруға арналған нақты шараларға тоқталдым. Қазір біздің алдымызда өте ауқымды міндеттер тұр, – деді Президент.

АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

## «БӘЙТЕРЕК»

шағын, орта және ірі бизнес жобаларын қаржыландыру көлемін ұлғайтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басшысы Рустам Қарағойшинді қабылдады.

Президентке холдингінің былтырғы атқарған жұмыстарының нәтижелері мен биылғы қызметінің стратегиялық бағыттарын іске асыру жоспары жөнінде есеп берілді. Компанияның бәсекеге қабілетті кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған жоспары туралы баяндалды.

Рустам Қарағойшиннің айтуынша, «Бәйтеректің» бизнесті қолдау ісіне қосқан жалпы үлесі шамамен 2,5 триллион теңгені құрайды. Компания экономиканың орнықты әрі сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым, көлік және логистика, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы сияқты перспективті салаларға басымдық беріп, оларды кешенді түрде қаржыландыруға күш салуға ниетті. Басты мақсат – Қазақстанның барлық өңірінде шағын, орта және ірі бизнес жобаларын қаржыландыру көлемін ұлғайту. Шағын

және орта бизнес бағыты бойынша шағын және монокалалардағы, сондай-ақ ауылдардағы кәсіпкерлерге белсенді қолдау көрсетілмек.

Мемлекет басшысы аталған бағыттардағы жұмысты жандандыру маңызды екенін атап өтіп, жүктелген міндеттердің жоспарлы орындалуы еліміздің экономикасын нығайтуға және азаматтардың әлауқатын арттыруға айтарлықтай мүмкіндік беретінін айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».  
(Дереккөз: www.akorda.kz).



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

## «БОЛАШАҚТЫҢ ОЙЫНДАРЫ»

## IT интеллект пен спорт ұштасқан жоба

(Басы 1-бетте)

Президенттер ресми мінберден «Болашақтың ойындары» турнирінің салтанатты ашылу рәсімін тамашалады. Ресейдің мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін Владимир Путин жарысты ашық деп жариялады. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев турнир қатысушыларына сәттілік тіледі.

— Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Сізге зор ризашылық білдіргім келеді. Бұл — бірегей ойын. Дүние жүзінде мұндай ойынның баламасы жоқ. Баршанызға сәттілік тілеймін. Келесі ойынды Қазақстанда өткізейік, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері де киберспортшыларға ізгі тілектерін жолдады. Содан соң жарысқа қатысушы мемлекеттер туларының шеруі өтті.

«Фиджитал-концепцияға» негізделген турнирдің форматы физикалық белсенділікті, заманауи технология мен цифрлық органы ұштастырады. Шоу барысында спорт, стратегия, тактика, технология, жылдамдық секілді 5 топқа біріктірілген сайыс түрлері таныстырылды. Ойындар-



дың бағдарламасына классикалық спорт түрлері мен олардың 21 цифрлық баламалары бойынша гибриді спорттық жарыстар енгізілген. Ұйымдастырушылардың

мәліметі бойынша турнирге 100-ден астам елден 2 мыңға жуық киберспортшы келген. Қазақстанның ойыншылары мен командалары спорттың 13 түрі бойынша са-

йысқа түседі. Жалпы, бұл турнирге еліміздің 48 өкілі қатысады.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін Татарстан астанасына келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен басқа елдердің президенттері «Болашақтың ойындары» халықаралық мультиспорт турнирінің негізгі шаралары өтетін «Қазан Экспо» кешенін аралап көрді.

Экскурсия барысында қонақтарға Dota 2 конгресс-залы, арт-нысандар, «фиджитал-зертхана» көрсетілді, сондай-ақ дене шынықтыру мен киберспортты (physical+digital) біріктіретін инновациялық «фиджитал-қозғалыстың» ерекшеліктері таныстырылды.

Алаңдардың бірінде Қазақстан Президенті «Футбол достыққа жол ашады» бағдарламасына қатысатын жас спортшылармен әңгімелесті. Халықаралық команданың құрамында «Астана» футбол клубында жаттығатын 10 жастағы Жан Әли Ермағамбетов те бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда балалар спортына мемлекет тарапынан тұрақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».  
(Дереккөз: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)).

## САРАПТАМА

## ФИДЖИТАЛ ФОРМАТ

## Әлемде баламасы жоқ бірегей ойынның өзектілігі НЕДЕ?

Цифрландыру процесі қазірде қоғамдық барлық салаларға тікелей және жанама негізде жылдам кірігуде. Қаржы, медицина, әскери сала, білім беру салаларынан бастап, олимпиадалық ойындарға дейін. Адамзат тарихында алғаш рет IT кабілет пен спорт ұштасқан фиджитал нұсқада, 2024 жылы 21 ақпан – 3 наурыз аралығында, Қазан қаласында «Болашақ ойындары» халықаралық турнирі өтуде. Шараның ресми ашылу салтанатына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, шара форматының өзектілігіне тоқталып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Осы орайда, цифрлық технологияларды меңгеру қабілеті мен физикалық әлеуетті сәтті ұштастыру арқылы ұйымдастырылып отырған фиджитал форматтағы турнирдің мәні мен болашағына сараптама жасамақпыз.



(Дереккөз: midjourney)

## КЕРЕК ДЕРЕК

- «Болашақтың ойындары» халықаралық турниріне 2000-нан астам қатысушы әлемнің 104 елінен 260 команда 21 бағыт бойынша қатысуда.
- «Фиджитал» тұжырымдамасына негізделген турнирдің форматы физикалық белсенділікті, заманауи технология мен цифрлық органы ұштастырады.
- Жарыстар спорт, тактика, стратегия, жылдамдық және технология сынды негізгі бес бағыт бойынша қатысушылардың қабілеттерін анықтау арқылы жүргізіледі.
- Жүлде қоры 10 миллион АҚШ долларын құрайды. Шараға еліміздің атынан халықаралық цифрлық додаларда жоғары жетістіктерге жетіп жүрген кәсіби ұлттық кибер командамыз қатысуда.
- Ойындардың бағдарламасына классикалық спорт түрлері мен олардың 21 цифрлық баламалары бойынша гибриді спорттық жарыстар енгізіліп өткізілуде.
- Еліміздің намысын маңызды салада қорғап жатқан қатысушыларымыз спорттың 13 түрі бойынша сайысқа түседі. Жалпы, бұл турнирге 48 қазақстандық қатысуда.

ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘЛЕУЕТІ  
ЖОҒАРЫ

Спорттық шаралар саясаттан тыс болуы қажет. Спорт, өнер халықтарды біріктіруші фактор болғанда ғана негізгі мақсатына жетпек. Бұл тұрғыда цифрлық технологиялардың спорттық ойындар саласына кірігуі қолданушылар тарапынан жоғары қолдау тауып, бүгінде киберспорт саласы бұқаралық сипат алып отыр. Халықтар арасында спорттық ойындар түрлерінен сайыстар, турнирлер, байқаулар ұйымдастыру дәстүрі ортақ құндылықтар қалыптастырып қана қоймай, қоғамдық дипломатияның құралы ретінде ғасырлар бойына тиімді жұмыс жасап келуде. Төрткүл әлем көз тігетін, төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын Олимпиада ойындары қазір де адамзатқа ортақ, түрлі ұлт пен ұлысты қамтитын бірегей жобаға айналғанына куәміз. Алайда, цифрлық технологиялардың спорт саласына кірігуі танымымызда қалыптасқан спорттық жарыс ұғымын өзгертуде.

XX ғасырдың 70-жылдары қоғамдық қолданысқа енген, компьютерлік технологиялар қазір де жаңарулар мен технологиялық өзгерістер нәтижесінде қоғамның барлық саласына кірігуде. Қазан қаласында өтіп жатқан «Болашақтың ойындары» аталатын халықаралық фиджитал форматтағы спорттық шара осының айғағы.

Дәстүрлі ойын түрлері мен цифрлық платформалар аясында ұйымдастырылатын шаралардың интеграциясы арқылы қалыптасқан фиджитал форматының болашағы жарқын. Себебі, соңғы жылдары әлемде киберспорт саласы ауқымды негізде қанатын кеңге жаюда. Киберспорт қазірде әлемнің көптеген еліне классикалық спорт түрлерімен бір деңгейде қарастырылады.

ЕЛІМІЗДЕ КИБЕРСПОРТ  
ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Қазақстанда киберспорт ресми спорт түрі ретінде тек 2018 жылдың 25 маусымында танылса, бұл салада өткен алғашқы жарыстың тарихы 1972 жылы Стэнфорд университетінен бастау алады. Көпшілікке таныс емес киберспортта қатысушылар өз арасында топтық немесе жекеley сында сайысқа түсіп, қомақты қаржылай ұтысты жеңіп алуға тырысады. Күнделікті көріп жүрген спорттық жарыстардан бір-бірімен шынайы емес виртуалды өмірде бақ сынауының ерекшеленеді.

Сарапшылардың айтуынша, электронды спорт — әлемдегі жылдам дамып жатқан салалардың бірі. Қазақстан киберспорт федерациясының мәліметінше, киберспорт жастар арасында жоғары сұранысқа ие болып келуде. Елімізде ха-

лықтың кемінде 30%-ын жастар құрайды, яғни 5 миллионға жуық жастар категориясына жататын азаматтар бар. Федерация мәліметінше, киберспортпен белсенді айналысатын жастар саны 1 миллионнан асады. Отандық «Gambit Esports» тобы 2017 жылдың шілдесінде Польшада өткен «PGL Major Kraków 2017» халықаралық киберспорт жарысында жеңімпаз атанып, 500 мың доллар көлеміндегі жүлдеге ие болды. Киберспорт саласы жаһандану нәтижесінде азаматтардың жоғары жылдамдықты интернетке қол-жетімділігі артып, жеке сала ретінде қалыптасып, халықаралық киберспорт шараларын дүние жүзінде 300 миллионнан астам адам тамашалайды. Алайда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, азаматтардың компьютер алдында шектен тыс уақыт өткізуі физикалық негізде бірнеше қатерлі аурулар туғызуы ықтимал. Бұл тұрғыдан алғанда, алғаш рет Ресейде ұйымдастырылып отырған фиджитал нұсқадағы спорт шарасының маңызы зор.

Бүгінде киберспорт әлемнің көптеген елінде дамып, тіпті олимпиадалық ойындар қатарына қосылу мүмкіндігіне ие. Киберспорттың дамуы тек қана көңіл көтеру контенті емес, сонымен қатар мемлекеттің даму деңгейін де анықтайтын факторға айналды. Киберспорттың сәтті жүзеге асуы

үшін жоғары жылдамдықты интернет, супер жадты компьютерлер мен жоғары цифрлық әлеует қажет. Киберспорт Қазақстанда ресми спорт түрі ретінде 2018 жылдың жазында мойындалды. Содан бері киберспорт индустриясы қарқынды дамуда. Жалпы, осы уақыт ішінде Қазақстан киберспорт федерациясы 15-тен астам бағыт бойынша әртүрлі деңгейдегі 435-тен астам турнир ұйымдастырды. Сонымен қатар, жаңа аудитория тарапынан қызығушылықтың артуы бизнестің аталмыш салаға енуіне ықпал етті. Мәселен, елдегі кибержарыстардың жүлдесі 2019 жылғы 17,3 миллион теңгені құраса, өткен жылы рекордтық 127 миллион теңгеге дейін өскен. Ал биылғы жылдың он айында 173 миллион теңгеден астам қаржыға ие нарыққа айналды. «Болашақтың ойындары» турнирі киберспорттық қабілеттер мен дәстүрлі спорт негіздерін біріктіріп, халық арасында жоғары қолдау табатынына сенімдіміз.

Бір анығы, фиджитал форматтағы спорт түрлері киберспортқа қарағанда физикалық қозғалыс, тактика, жылдамдық сынды қабі-

леттерді қоса меңгеруімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, әлеуеті жоғары коммерциялық индустрия. Цифрлық қабілеттермен кез келген спорт түрін интеграциялауға негіз бар. Қазақстан жағдайында ұлттық спорт түрлерін цифрлық сипаттарымен кіріктіріп, бірегей спорт түрін қалыптастырып, қолданыстан қалып бара жатқан спорт түрлеріне қайта дем беруге толық мүмкіндік берері сөзсіз. Бұл тұрғыдан еліміздің соңғы онжылдықтағы киберспорт саласында тәжірибесі мен қалыптастырған кәсіби имиджі өте маңызды болмақ. Ұлттық спортқа жаңаша сипат беріп, цифрлық форматта жаңаландыру еліміз үшін азаматтарды көптеп спортпен айналысуға ықпал ететін бірден-бір маңызды қадам болатынына сенімдіміз.

Нұрболат  
НЫШАНБАЕВ,  
сарапшы.





## СЕССИЯ

Достық үйінде Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясы өтті. Күн тәртібінде бірқатар негізгі мәселелер қаралды. Мәслихат депутаттарының алдында сөз алған Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы Бейбіт Шаханов азаматтық қорғау, жұмылдыру дайындығы және жайлы қалалық ортаны сапалы дамыту саласында тиімді реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Алматы әкімдігінде екі жаңа басқарма құруды ұсынды. Қалалық мәслихат сессия барысында сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасын, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасын құруды бекітті.

Досбол  
АТАЖАН

Бірінші басқарманың негізгі міндеті – сейсмикалық қауіпсіздік стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету, жер сілкінісі қаупін басқару, табиғи апаттар кезінде өзін қалай ұстаудың базалық дағдыларына үйретуді ұйымдастыру, сондай-ақ ТЖ департаменттерін, полицияны, қалалық қызметтерді және сейсмикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ұйымдарды үйлестіру.

«Аталған басқарманың жұмысы сейсмоаудит жүргізуге, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупін мониторингтеудің бірыңғай жүйесін әзірлеуге, сондай-ақ азаматтық қорғану, жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік реттеу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Алматы әкімі аппаратының басшысы Бейбіт Шаханов.

Оның айтуынша, сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы іс-шаралардың алдын алу және жүзеге асыру мәселелерімен айналысатын болады, соның бірі – сейсмоаудит жүргізу. Бейбіт Шаханов осы жылдың соңына дейін аяқталатын сейсмоаудиттің нәтижелері бойынша Алматы қаласында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде кешенді шаралар қабылдау жоспарланып отырғанын да айтты.

«Алматы қаласын дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – жайлы қалалық ортаны қамтамасыз ету. Осыған байланысты Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасын құру ұсынылады. Жаңа басқармаға қоғамдық кеңістіктерді дамыту бойынша бірыңғай принциптер мен тәсілдерді қамтамасыз ету үшін қала басқармалары мен аудан әкімдіктерінің жұмысын үйлестіру, қоғамдық кеңістіктерді дамыту тұжырымдамаларын әзірлеу және жобалау бойынша жұмысты ұйымдастыру, қалалық маңызы бар қоғамдық кеңістіктерді жаң-

## МӘСЛИХАТ

екі жаңа басқарманың құрылуын бекітті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ғырту, салу және абаттандыру функциялары берілетін болады. Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасын құру Алматы қаласының тарихи бірегейлігін ескере отырып, қоғамдық кеңістіктерді сапалы құруға және қайта құруға мүмкіндік береді», – деді Бейбіт Шаханов.

Айта кетерлігі, жаңа басқармаларды құру штат санын көбейтуді көздемейді, өйткені олар аудандық әкімдіктердің басқа басқармалары мен аппараттарын оңтайландыру есебінен құрылады және қосымша бюджет қаржысы бөлінбейді.

«Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармаларын құру итаттың ұлғаюын білдірмейді. Жаңа құрылымдар аудандық әкімдіктердің басқа басқармалары мен аппараттарын оңтайландыру есебінен қалыптастырылуда. Сондай-ақ, қолда бар ресурстарды қайта бөлу есебінен қосымша бюджет қаражатын бөлудің қажеті жоқ», – деді ол.

Күн тәртібінің келесі тақырыбында депутаттарға Алматы қаласында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібіне қатысты мәслихаттың 2020 жылғы 23 маусымдағы №462 шешіміне өзгерістер жобасы ұсынылды. Мәселен, белгіленген қашықтықты объектілер аумағынан 150 метрден 400 метрге дейін өзгерту ұсынылды. Бұл өзгерістер жергілікті нормаларды заңнамаға сәйкес келтіруге және қалада бейбіт жиналыстар ұйымдастыру талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге арналған.

## Инклюзивті ортаны дамыту жөніндегі кеңес құрылады

Сонымен қатар, депутаттар мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында үйлестіру кеңесінің және мүгедектерге арналған қолжетімді ортаның сақталуы тұрғысынан әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін түгендеуді

ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның функцияларын біріктірген Алматы қаласының инклюзивті ортасын дамыту жөніндегі Кеңесті құруды қолдады. Барлық санаттағы мүгедек адамдардың мүдделерін білдіретін ҮЕҰ басшылары, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен Алматы аудандарының әкімдері енетін кеңестің құрамы бекітілді. Кеңес төрағасы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, төрағаның орынбасарлары – әкімнің орынбасары Әсем Нүсіпова және әкімнің штаттан тыс кеңесшісі Қасиет Омарова. Сондай-ақ, кеңес құрамына мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау саласындағы белгілі қоғам қайраткерлері Богдан Джепка, Татьяна Бахлажанская, Майра Сүлеева, Әсия Ахтанова, Рауана Сағадиева және басқалары енді.

Жаңа кеңес жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын іске асыру және тіршілік үшін тең мүмкіндіктер жасау мәселелері бойынша қызметті үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Кеңеске қатысушылар қалада инклюзивті органы қалыптастыру мәселелерімен айналысатын болады.

Сонымен қатар, сессия барысында Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған мобильді қосымша жақын уақытта іске қосылатынын айтты.

«Мұндай қосымша Алматы қаласын дамыту орталығында жасалды. Біз оны пилоттық режимде тексеріп көрдік. Көктемнен бастап іске қосуға тырысамыз. Әр азамат бұл қосымшаны жазып алып, қаладағы нысандарға байланысты пікір қалдыра алады. Мүмкіндігі шектеулі жандар ғимараттардың қолжетімділігі жөнінде өз ойларын қалдырады. Жол өткелдері, аялдама және өзге де объектілер жөніндегі ақпарат болады», – деді Бауыржан Жаубасов.

## Шетелдік туристер жарна төлемейді

Сессияның кезекті тақырыбында қалаға келген шетелдік туристердің жарна төлеу мәселесі талқыланды. Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылдың 15 қыркүйектегі шешімі бойынша шаһарға саяхаттап келген шетелдік туристер 0,5 АЕК (1846 теңге) көлемінде жарна төлеуге тиіс болатын. Алайда, Туризм және спорт министрлігі ережеге өзгеріс енгізіп, шетелдіктер үшін туристік жарнаны алып тастағандықтан, Алматы қаласының мәслихат депутаттарына да бұл жарнаны алып тастау ұсынылды.

– 2023 жылғы 17 қаңтардан бастап (Алматы қаласында туристік жарна енгізілген күннен бастап) 2024 жылғы 1 ақпанға дейін Алматы қаласының жергілікті бюджетіне 650,4 млн теңге түсті. Биыл 9 қаңтардан бастап ҚР Туризм және спорт министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №347 бұйрығымен бекітілген шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу ережесіне өзгерістер заңды күшіне енді, оған сәйкес туристік жарнаның мөлшері Қазақстанның бүкіл аумағында 0 теңге ретінде бекітілген. Осыған байланысты Алматы қаласының Туризм басқармасы «Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі №50 «Алматы қаласындағы шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін 0 теңге көлемінде бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізуді ұсынады», – деді Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Галия Токсейітова.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты Руслан Идрисов қазіргі уақытта шетелдіктер үшін туристік жарнаны алып тастағанымен, болашақта бұл мәселені қайта қарау керек екенін атап өтті.

– Бұл сұрақты қызу талқылады. Біз бұл ережені қыркүйекте қабылдап, енді оны тоқтатып жатырмыз. Неге біз өз еркімізбен бюджетке түсетін қаржыдан айырылуымыз керек деген сұрақ та орынды. Бірақ біз туристік жарна жинау механизмдерінің әлі шала екенін көріп отырмыз. Кәсіпкерлер бұл жарнаны қалай төлеу керек екенін білмейді, оларға айыппұл салынып, кейін өте көп арыз-шағым түседі. Енді комиссиямен бір шешімге келдік, министрің атына депутаттық сауал жолдаймыз. Министрлік біздің сауалымызға оң жауап берген жағдайда, бұл сұраққа қайтып келеміз. Біз бастапқыда бұл шешімге келіспейтінімізді айттық, бірақ жарна жинаудың кемшіліктерін ескертіп, әзірге оны тоқтата тұру керектігін түсіндік. Алматы қаласына ерекше мәртебе берілді, соны қолдануымыз керек. Қаланың пайдасын ескеру қажет, өйткені кейде басқа өңірлер мен Алматының мақсат-мүдделері келіспеуі мүмкін. Біз бұл мәселеге жақсы дайындалып әлі қайтып келеміз, – деді Алматы қаласы мәслихатының депутаты және Кәсіпкерлік, инвестициялар, туризм және экология жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Руслан Идрисов.

## КИНОКЕҢІСТІК



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ЖАРАЛЫ СЕЗІМ 2»  
көрерменге жол тартты

Алматыда белгілі режиссер Еркін Рақышевтің «Жаралы сезім 2» фильмінің жабық көрсетілімі өтті. 2007 жылы шыққан «Жаралы сезімдегі» Қанат пен Арайдың диалогы, фильмнің желісі әлі күнге дейін көптің есінде болар. 17 жылдан соң режиссер Еркін Рақышев фильмнің екінші бөлімін түсірді.

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

Фильмнің желісі бойынша, сол кездегі ғашықтар – Қанат пен Арайдың баласы Азамат есейіп, есірткіге тәуелді болады. Өзі де оны сатумен айналысады. Кафеде кездестіріп қалған қызға ғашық болады.

Оқиға осы жерден басталады. Фильмнен көрермен Қанат, Иван, Сократ сынды кейіпкерлерді сомдаған актерлерді қайта көре алады. Бірінші бөлімде Қанаттың достары болған бұл актерлер жанаша қырынан танылады.

Сондай-ақ, басты кейіпкерлер – жаңа актерлерді де көре аласыздар. Қанат пен Арайдың баласын сомдайтын жас актер – Абай Мәжит өзінің кейіпкерін сәтті алып шыққан.



«2007 жылы «Жаралы сезім» фильмін түсірген едім. Фильм туралы «Қазақ киносына жаңа леп әкелген, тәрбиелік мәні зор, аса әсерлі туынды» деп халық жоғары бағасын берген болатын. Енді араға 17 жыл салып, бірінші фильмінің жалғасын – «Жаралы сезім 2» фильмін түсірдім. Тәрбиелік мәні бар бұл фильмде махаббатқа адалдық, қайсарлық пен табандылық, ел мен жерді, Отанды сүйуге баулитын сюжеттер көрініс табады» – дейді фильмнің режиссері Еркін Рақышев.

Фильм барлық кинотеатрдан көрсетіледі.



ЖАҢА ТЕРМИНАЛ

Халықаралық Алматы әуежайының әкімшілігі брифинг өткізіп, жаңа жоспарларымен таныстырды. Халықаралық әуежайдың президенті Алп Ер Тунга Ерсой шаһардың басты әуе айлағындағы жаңа терминалдың құрылысы жайында айтып берді. Оның айтуынша, әуежайдың жаңа терминалы биыл маусым айында ашылады. Қазіргі уақытта жаңа халықаралық терминал ғимараты 87%-ға дайын. Ал орталық инженерлік қондырғы – 99%, әуе айлағы – 93%, ғимарат маңындағы аумақ – 78% және эстакада – 80% дайын.



Досбол  
АТАЖАН

– Халықаралық Алматы әуежайына 200 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынды. Пандемияға дейін әуежайда орта жолаушылар ағыны 6,4 млн жолаушы болса, ал былтыр 2023 жылы 9,5 млн жолаушы тіркелді. Біз жаңа терминалды 2024 жылдың маусым айында ашуды жоспарлап отырмыз. Екі жыл бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа терминалдың құрылысы туралы сөз қозғаған болатын. Енді 2 жылдан кейін біз жаңа ғимаратты қолданысқа берейін деп жатырмыз. Жаңа терминалда тек қана халықаралық ұшу-келу қызметтері болады. Ал қазіргі қолданыстағы терминалды қайта жаңартамыз. Оған 10 миллион АҚШ доллары жұмсалады. Тұжырымдама бойынша онда ішкі рейстерге ұшу қызметі қолжетімді болады. Ал жаңа терминал ескі терминалмен жерүсті өткелі арқылы қосылады, – деді Алматы әуежайының президенті Алп Ер Тунга Ерсой.

Автоматтандырылған тіркеу орындары болады

Сондай-ақ, әуежай президенті Ерсой жаңа терминалда автоматтандырылған өз бетімен тіркелу орындары болатынын айтты. – Жолаушылар рейске тіркелетін 50 тіркеу орындары қолжетімді болмақ. Оның біразы дәстүрлі түрде қызмет көрсетсе, қалғаны жеке өз бетімен тіркелу орындары болады. Нақты айтқанда, 20 тіркеу орны

# АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫ

14 миллион адамды қабылдайтын болады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ

ұшып кететін жолаушыларға, 32 орын ұшып келгендерге арналады және 4 автоматтандырылған тіркеу орны болады. Пандемия бізге жеке өз бетінше тіркелу орындарының маңыздылығын көрсетті. Паспорттық бақылау кезінде не рейске тіркелу кезінде ұзын-сонар кезек қалыптасып, адамдар жиі шағымданады. Сондықтан бұл мәселені шешуге тырысып жатырмыз. Жаңа терминал ұзын кезектерді бірішама қысқартады деп сенеміз. Жаңа ғимарат ашылып, қазіргі ғимараттар жөндеуден өткен соң әуежай 14 миллион адамды қабылдай алатын болады, – деді Алматы әуежайының президенті.

Әуежай ішінде музей ашылады

Жиын барысында Алп Ер Тунга Ерсой жаңа терминалда ашылатын қосымша қызметтерді де атап өтті. Оның айтуынша, жаңа ғимараттың ұшып кету залында музей ашылатын болады.

– Жаңа терминалда жолаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін әр қабатта ана мен бала бөлмелері, мүмкіндігі шектеулі жандарға қажетті жағдайлар, балаларға арналған ойын алаңы, сондай-ақ демалыс бөлмелері, co-working аймағы, VR бөлме, үй

жануарларына арналған дәретхана сияқты қосымша орындар қарастырылған. Оған қоса, жаңа ғимаратта азаматтық авиацияның дамуына арналған музей ашылады. 1995 жылдан бастап Алматы әуежайының даму жолына қатысты дерек осы жерде таныстырылатын болады. Сонымен қатар, біз жергілікті мәдениетті көрсеткіміз келеді. Қазақстанға келген жолаушыларға жергілікті суретшілердің, басқа да шығармашыл адамдардың туындыларын таныстырғымыз келеді. Жолаушылар келетін тұста осындай аймақ болады. Бірақ бұл мәселені әлі талқылап жатырмыз. Өйткені, дәстүрлі қазақ өнері ме, әлде заманауи өнер ме, қайсысы басым болатыны әлі нақты белгіленген жоқ, – деді Алп Ер Тунга Ерсой.

LRT жоспарда бар

Брифинг барысында әуежай президенті Алматы әуе айлағына байланысты бас жоспар дайындалғанын атап өтті. Бүгінгі күні әуежайды дамытуға байланысты қысқа мерзімді жоспар (2027–2038), орта мерзімді жоспар (2038–2050) және ұзақ мерзімді жоспар (2050 – әрі қарай) жасалған.

– Былтыр жолаушылар ағыны 9,5 миллионға жеткендіктен бізге бас жоспар керек

болды. Осы бас жоспар негізінде алдағы жылдары не істейтініміз белгіленді. Мысалы, бас жоспар бойынша әуежайдағы ұшу жолағы реконструкцияланып, 2026 жылға дейін аяқталатыны көрсетілген. Бас жоспарымызбен Алматы қаласының әкімдігімен бөлістік. Өйткені, қала әкімшілігі біз болашақта қандай құрылыс жүргізетінімізді білуді қажет. Болашақта Алматы әуежайына жүрдек пойыз, яғни ЛРТ келуі мүмкін. Сондықтан оған алдын ала әуежайға жақын келетіндей аймақ қарастыруымыз керек. Әрине, біз үшін мұндай қоғамдық көліктің әуежайға дейін келуі өте жақсы. Дегенмен, бұл жағынан қазір біз қала әкімшілігінен нақты жоспар мен мәліметтерді күтіп отырмыз, – деді ол.

Әуежайдағы көлік қозғалысы өзгеруі мүмкін

Әуежай президенті Алп Ер Тунга Ерсой жиі шағым түсетін басты мәселелердің бірі – көлік кептелісі қалай шешілетінін айтып өтті.

– Өкінішке қарай, қазір көліктер әуежайға Майлин көшесінен кіреді және осы көшеден шығады. Бұл әуежайға кіру және шығу кезінде кептеліс тудырады. Алайда, біз қазір қала әкімдігімен тығыз жұмыс істеп жатырмыз. Біз көліктер Ахметов көшесінен кіріп, ал Майлин көшесінен шығатындай жолдарды өзгерту жөнінде ұсыныс жасадық. Бұл мәселе қазір урбанистермен де, әкімдікпен де бірлесіп пысықталуда. Шешім қабылданғаннан кейін біз қосымша хабарлаймыз, – деді Алп Ер Тунга Ерсой. Оның айтуынша, бүгінде Алматы әуежайының аумағына күн сайын 16 мыңға дейін автокөлік келеді. Олардың 65%-ы жолаушылар әкелетін не алып кететін көліктер.

– Біз жолаушыларды түсіру және отырғызуға арналған қосымша жолақ жасадық. Бірақ жүргізушілердің көпшілігі, әсіресе, қарбалас уақытта әуежай аймағындағы ережелерді сақтамайды. Олар көлікті жолдың ортасында қалдырып кетеді немесе жол ортасына тоқтап, адамдарды түсіреді. Бұл қосымша кептелістің қалыптасуына әсер етеді. Ал жаңа терминалға келетін болсақ, оны іске қосқаннан кейін бізде көліктерге арналған үш қосымша жол желісі және 1200 орынды автотұрақ болады, – деді әуе айлағының басшысы.

МЕГАПОЛИС

## АЛЫП ШАҒАР АУЛАСЫМЕН АЖАРЛЫ

Алматыда аймақтарды абаттандырудың жаңа стандарттары талқыланды

Қала тұрғындарының өмір сүру ортасын қалыптастыру үшін жайлы пәтер ғана емес, заман талабына сай қауіпсіз әрі ыңғайлы аула да қажет.



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазір аулаларға бұрынғыдай біркелкі нысандар орнату міндетті емес. Себебі, әр ауланы тұрғындардың қажеттіліктері мен балалардың жас ерекшеліктеріне қарай халықпен ашық диалог құра отырып жасауға болады. Мұны ең алдымен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мамандар, әкімдіктер мен аула кеңістігін құруға қызығушылық танытқан барлық азаматтар ескергені жөн.

«Қалабасжоспар» ғимаратында «Аула аумақтарын абаттандыру – әдістемелік нұсқаулықтың негізгі принциптері» атты әзірленген кітапшаны ашық талқылауға арналған іс-шара өтті. Бүгінде аулаларды көркейту мәселесі тұрғындар үшін таныс тақырып болса да, маңыздылығы басым. Сондықтан нұсқаулықпен танысуға халық көп жиналды.

Авторлардың айтуынша, шағын кітапша сәулетшілер мен дизайнерлер, ауланы абаттандыру мәселелерімен айналысатын құрылысшылар үшін таптырмас құрал болары сөзсіз.

– Бұл әдістемелік нұсқаулық қала әкімдігінің өкілдерімен, сәулет, урбанистика және барлық ауданның әкімдіктерімен, сондай-ақ қоғам белсенділерінің қолдауымен бірлесіп жасалды. Мақсаты – жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, тұрғындарға аула аумақтарын құруға көмектесу, – дейді сәулетші, урбанист Назира Мундаханова.

Кітапша негізінен көппәтерлі үй иелеріне, басқарушы компаниялардың қызметкерлеріне, МИБ, ПИК басшыларына, жеке сектор тұрғындары мен Алматы қаласы әкімдігіне арналған.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға арнап жасалған нұсқаулықта ауланы дамытуға бағытталған барлық қажеттіліктер қамтылған. Ең бастысы, мұнда қазіргі заман талабына сай абаттандыру жұмыстарына қойылатын жалпы талаптар енгізілген. Өйтпесе, қазір кейбір үйлердің балалар алаңшасы көліктердің автотұрағына айналған. Бұл жағдай да ескеріліп, кітапшада жаяу жүргіншілер мен көлік иелеріне арналған автотұрақ мәселесі де қарастырылған. Қаланың кішкентай тұрғындары мен ересектерге арналған демалыс орны, спорт алаңдары мен воркаут алаңдары түгел қамтылған. Тіпті, жаз бен қыс мезгілдерінде ойнауға арналған алаңдарға да көңіл бөлінген. Қоқыс жинау алаңы, автомобиль

бөлірген барлық азаматтың талабы ескеріледі. Ал талқылау 22 ақпанға дейін жүргізіледі. Нұсқаулық аулаңызды гүл бағына айналдырып, балаларыңыздың шат күлкісіне толтыруға бағыт беретін таптырмас құрал боларына сеніміміз мол, – дейді жобаның бас сәулетшісі әрі үйлестірушісі Тахмина Сафоєва.

Авторлардың айтуынша, кітапша жарыққа шығарда тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлердің барлығы ескеріледі. Ал соңғы өзгертуден кейін аталмыш нұсқаулық аудан әкімдіктері арқылы қала тұрғындарына, сонымен қатар ашық дереккөздерде қолжетімді болады. Айта кетейік, нұсқаулық 22 ақпанға дейін қоғам талқылауында болады.



ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫНАН

# АЛМАТЫ

шетелдік саяхатшылар үшін тренд бағытқа айналды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым еліміздің туристік әлеуетін іске қосу бағдарына маңыз беріп, туризм саласында серпінді жобалар қажеттігін аманаттағаны белгілі. Үкімет пен Парламентке туризмді дамыту мәселесіне баса назар аудару қажеттігін аманаттағанын да білеміз. Президент айтқандай, еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз де көп, бірақ сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейтіні шындық. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Егер осы салаға салынған жеке инвестицияның көлемі мен іштен және сырттан келген туристердің саны неғұрлым көп болса, жұмыстың нәтижесі де соғұрлым тиімді болмақ. Бұл бағдарда аталмыш саланың көшбасшысы, еліміздің алып мегаполисі – Алматының рөлі зор, жөні де, жолы да бөлек.

Еске сала кетейік, әйгілі италиялық Condé Nast Traveller Italia басылымы Алматыдағы Шымбұлақ тау шаңғы курортын әлем саяхатшылары міндетті түрде баруға тиіс ТОП-5 орынның бірі ретінде ұсынса, америкалық New York Times нұсқасы бойынша Алматы 2024 жылы баруға тұрарлық 52 көрікті орын тізіміне енген (шаһар бұл рейтингке енген өңірдегі жалғыз қала).

## ШАҒАРДЫҢ КУРОРТТЫҚ АЙМАҚТАРЫ ӘЛЕМДІК ТОП-5 ТІЗІМДЕ

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне үңілсек, 2023 жылдың қаңтар–қыркүйек айлары аралығында қазақстандық курорттық аймақтарда 3 млн 73 мыңнан астам адам болған екен.

Осы тоғыз айда Қазақстан бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі – 175 млрд 739,23 млн теңгеге жеткен. Оның басым бөлігі (55 млрд 86,69 млн теңге) Алматының еншісінде, одан кейін Астана мен Ақмола облысы (тиісінше 33 млрд 997,48 млн теңге және 16 млрд 518,94 млн теңге). Тоғыз айдағы көрсеткіштер бойынша ең танымал курорттық аймақ – Алматы тау кластері. Қаңтар–қыркүйек айларында шаһарға 1 млн 728 мың турист келген. Алматыдан кейінгі орындарда – Маңғыстау курорттары (299 мың адам) және Щучье-Бурабай курорттық аймағы (243 мың турист). Көшбасшылар бестігіне жазғы уақытта танымал Алакөл және Балқаш курорттық аймақтары да енген.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаевтың айтуынша, 2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 5,4 млн отандық азамат ел ішінде саяхат жасаған, бұл – 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 550 мың адамға көп. Сонымен қатар, орналастыру орындарында қызмет көрсетілетін шетелдік туристер санының айтарлықтай өсуі тіркелген.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары арасында, әсіресе, Алматы қаласы кеңінен танымал дедік. Еуропалық БАҚ өкілдері еліміздің оңтүстік мегаполисін туристік Меккеге теңейді. Мәселен, итальяндық әріптестеріміз Шымбұлақ тау курортының туристік әлеуетін жоғары бағалайтынын айттық. Сондықтан қысқы спорт түрлерін сүйетіндерге міндетті түрде Шымбұлаққа баруды ұсынады. Отандық және шетелдік шаңғышылар жақсы көретін әйгілі курортпен бірге бұл бестік тізімге Исландиядағы Тролль түбегі, Аляскадағы Денали тауы, Грузиядағы Казбеги және Жапониядағы Зао тау шаңғысы курорты енген.

Басылым Алматыдан небәрі жарты сағаттық жерде орналасқан, аты аңызға айналған Шымбұлақ тау шаңғысы курорты тамаша атмосферасымен және заманауи жайлылығымен ерекшеленетінін жазған. Және саяхатқа шыққысы келетін итальяндықтарға мұндай мүмкіндікті жіберіп алмауға кеңес береді.

## «ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ЕҢ ҮЗДІК МАРШРУТ»

Американың «Travel+Leisure» журналы еліміз бойынша ауқымды нұсқаулық жариялағаны белгілі болды. Бұл туралы ҚР Туризм және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Кейінгі жылдары шетелдік туристер үшін Қазақстанның тренд бағытқа айналғаны байқалады. Мұны еліміздің туризм туралы әлемнің ірі басылымдарында жарық көріп жатқан ақпараттардан да байқауға болады. Солардың тағы бірі – америкалық әйгілі Travel+Leisure журналының Оңтүстік-Шығыс Азиядағы бөлімшесі Қазақстан туризмі туралы шетелдік саяхатшыларға арналған нұсқаулық жариялаған.

Журналист Яшита Вашишт Қазақстанның бірегей көрікті жерлерін аралап, шетелдік туристерге бағдар беретін нұсқаулық жинақтаған екен. Жинақ: «Сапар

Travel + Leisure – Нью-Йоркте орналасқан саяхат туралы журнал. Басылым жылына 12 рет шығады, деректер бойынша журналдың оқырман саны – 4,8 миллион. Саяхат туралы басылымда туристік сапарларға маманданған және көбіне саяхатшы емес жазушылар, ақындар, суретшілер, дизайнерлер мен журналистердің мақалалары жарияланады.



(Фотодереккөз: travelpress.kz)

Бүгінде Қазақстанға 81 елдің өкілі визасыз келе алады. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 100-ге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, 28 елмен 120 маршрут бойынша халықаралық әуе қатынасы жолға қойылған.

Шетелдік саяхатшылардың еліміздің қай өңірлеріне жиі саяхаттағанын зерделесек, туристерді ең көп қабылдаған еліміздегі ТОП-5 қаланы анықтауға да болады.

Шетелдік туристер арасында бірінші кезекте Алматы қаласының туристік өңір ретінде кең танымалдылығын айтқан жөн. Мәселен, өткен жылдың тоғыз айында мегаполиске 409 394 адам саяхаттап келген. Осылайша Ала-тау баурайындағы ару қала Алматы шетелдік туристерді ең көп қабылдайтын қалалар көшін бастап тұр.

Шаһар шетелдіктер үшін тау-шаңғы курорттарымен, сұлу табиғатымен, қолайлы ауа райымен тартымды.

2024 жыл Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы болып жарияланды. Іс-шараның ашылу рәсімі 28-29 наурыз күндері Бейжің қаласында өтпек. Жыл бедерінде туризм түрлері (экологиялық, медициналық, агротуризм, қалалық, MICE және ғарыштық туризм) бойынша тақырыптық апталар, Қытайдың 7 ірі қаласында (Бейжің, Сиань, Шанхай, Үрімші, Гонконг, Ханчжоу, Чэнду) ТОП-20 отандық дестинациялардың тұсаукесері жоспарланған.

Екінші орында ел ордасы – Астана қаласы. Еліміздің бас қаласына шетелдіктер іскерлік туризм бойынша жиі келеді. 2023 жылдың 9 айында Астанаға 220 000 шетелдік қонақ келген. Рейтингінің үшінші орнында – Маңғыстау облысы. Қарт Каспийдің жағасында орналасқан Ақтауға былтырғы қаңтар–қыркүйек аралығында 34 435 шетелдік саяхатшының табаны тиген.

Елімізде туризм саласындағы қолданбалы ғылыми жобаларды іске асырумен айналысатын ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталық жобаларының бірі – «Үлкен деректерді талдау (Big Data) және Қазақстан туризмін әлемдік деңгейге жеткізу және жақсарту үшін саяхатшылардың пікірлеріне негізденп мәтінді өңдеу».

Үздік бестіктің қатарында Атырау облысы мен Шымкент қаласы бар. Өткен жылдың алғашқы 9 айында мұнайлы өлкеге 24 431 шетелдік турист келген болса, еліміздің үшінші мегаполисіне 20 837 шетелдік турист саяхаттаған.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

(Дереккөздер: ҚР ТСМ интернет-ресурсы; travelpress.kz).



Travel+Leisure бүкіл әлем бойынша 16 миллион саяхатшылар қауымдастығын біріктіреді және штатта 100-ден астам саяхат туралы жазатын журналистері мен фотографтары бар.

Американдық әріптесіміз Яшита Қазақстанның бұрынғы астанасы – Алматының кез келген талғамға эйфориялық көңіл күй сыйлайтынын, Көктөбенің ғажайып көріністері, саябақтары, «Арасан» моншасының адам ағзасына шипалық қасиеттері, Шарын каньондары, Медеу шатқалдары, Үлкен Алматы көлі, қаланың мұражайлары мен театрлары, қонақүйлері мен мейрамханалары туралы тебірене, тамсана жазған.

## ШЕТЕЛДІК ТУРИСТЕРДІ ЕҢ КӨП ҚАБЫЛДАҒАН ӨҢІР

Бейінді министрліктің баспасөз орталығы жоғарыда келтірген мәліметке сенсек, 2023 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша елімізге саяхаттаған ішкі туристердің саны шамамен, 5,4 млн адамға жеткен екен. Оның ішінде шетелдік туристердің саны – 835 мың адам.



## САРАПТАМА

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШТАБ

Алматы қаласының экономикалық көрсеткіштері өзге өңірлерден жоғары

(Басы 1-бетте)

## СЕНИМДІ АҚТАУЫ ТИІС

Биыл инвестициялық штабтың жұмысы қарқынды басталды. Себебі, Қасым-Жомарт Тоқаев 7 ақпанда Үкіметке жаңа инвестициялық кезеңді бастау керек деп тапсырма берген еді. Инвестициялық жұмысы қарқынды басталғанымен, оның жұмысында ашықтық әлі байқалмайды. Мысалы, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр 14 ақпанда 50 ірі өнеркәсіп, кәсіпорын мен ұлттық компания басшыларымен кездесу өткізген. Бірақ бұл туралы ақпаратты 20 ақпанда Үкімет отырысында Роман Скляр мәлімдеді. Ұлттық компания дегені Самұрық-Қазына екені айдан анық. Себебі, Президент пен Үкімет қордың жұмысында құрылымды реформалауға баса назар аударуда. Ал қалған 50 ірі өнеркәсіп пен кәсіпорын туралы толық ақпарат жоқ. ERG, «KAZMinerals», «Қазфосфат» пен «ҚазАзот» сияқты кәсіпорындар бар екені ғана белгілі. Дегенмен, толық ақпараттың жоқтығына қарамастан Үкіметтің ірі өнеркәсіп пен кәсіпорын иелерімен кездесу өткізуі құптарлық жайт. Себебі, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мемлекет пен жекеменшік серіктестігі ауадай қажет.

Роман Склярдың ірі кәсіпкерлермен кездесу барысында оларға алдағы жылдары жаңа өндірістерді құру, сондай-ақ

жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды айтарлықтай арттыру бойынша нақты міндеттер қойылды. Скляр мырзаның айтуынша, кәсіпорындардың Үкімет қойған міндеттер бойынша түсінігі бар. Мысалы, ERG компаниясы ыстық брикеттелген темір зауытын, «KAZMinerals» жаңа мыс балқыту зауытын салумен айналысып жатыр. «Қазфосфат» пен «ҚазАзот» жаңа өндірістер есебінен тыңайтқыштар шығаруды 2 есеге арттыруды жоспарлап отыр. Оған қоса, Алматы және Қостанай өндірістік алаңдарында автокомпоненттер өндірісі басталады дейді Роман Скляр. Сонымен қатар, Роман Скляр барлық кәсіпорын 16 наурызға дейін келесі кезеңге жаңа өндірістерді құру бойынша орта мерзімді даму жоспарларын және отандық тауар өндірушілердің өнімдерін сатып алуды арттыру жөнінде жаңа бағдарламалар ұсынатынын мәлімдеген.

Өрине, мұндай кездесулерді нарықтық экономиканың заңдылығына келеді деу қиын. Десе де, жұмыла көтерген жүк жеңіл дегенді естен шығармаған жөн.

Жалпы, Инвестициялық штабтың құрылу тарихы 2021 жылдан басталады. 19 наурызда экс-премьер Асқар Маминнің өкімімен құрылған еді. Кейін бәлкім, Президенттің «Егемен Қазақстанға» берген сұхбатында айтылған саяси элитаның әрекеттерінен бұл жұмыс тоқтап қалған сияқты. Себебі, өткен жылы желтоқсанда Қа-

сым-Жомарт Тоқаев Инвестициялық штабтың өкілеттігін арттыру туралы Жарлыққа қол қойды.

## АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ – ЭКОНОМИКА ДРАЙВЕРІ

Бүкіләлемдік банктің баяндамасында сарапшылар еліміз агломерация әлеуетін толыққанды пайдалана алмай отыр деген тоқтамға келген. Сарапшылардың пікірінше, тығыз орналасқан агломерацияны тиімді басқару арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз етуге болады.

Жалпы, агломерациялар мен урбанизация үдерісі жайлы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында атап өткен еді. Халықтың қалаларға көшу үдерісін тоқтату мүмкін емес. Конституцияда әр азамат тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқылы деп жазылған. Десе де, азаматтарды ынталандыру арқылы ауылда қалуға немесе қалаға көшуіне мүмкіндік жасауға мемлекет құқылы.

Жалпы, Алматы агломерациясына бір республикалық маңызы бар қала мен екі облыс кіреді. Олар Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары. Үлкен Алматы облысын екіге бөлу туралы ұсынысты Президент Жолдауында айтқан болатын. Енді міне, теңгерімді аймақтық басқару арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мол мүмкіндік бар. Әсіресе, Алматы агломерациясының орны бөлек.

Алматы агломерациясы еліміздегі халқы ең көп аймақ. Сонымен қатар, халықтың қоныстанған. Мұндай демографиялық, географиялық басымдықтар экономикалық өсім мен инновация, өндірістің өсуіне әсер етеді. Статистика комитетінің мәліметіне сәйкес, биыл 1 қаңтарда Алматы қаласында 2,2 млн-нан астам, Алматы облысында 1,5 млн-нан астам, ал Жетісу облысында 698 мыңға жуық адам өмір сүреді. Демек, тұтас агломерация халқы 4,5 млн адамға жуық. Алматы қаласы кәсіпкерлік пен инновация орталығы болса, екі облыс ауыл шаруашылығына бейімделген. Яғни Алматы агломерациясы өз-өзін халық тұтынатын игіліктермен қамтамасыз етіп отыр деген сөз.

Алматы қаласының экономикалық көрсеткіштері де өзге өңірлерден жоғары. Мысалы, 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында ЖІӨ-дегі Алматының үлесі 20,2% болған. Сондықтан алдағы уақытта Алматы агломерациясында жаңа кәсіпорындардың ашылуын болжай аламыз.

Пердехан  
ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.

## КӘСІПКЕРЛІК

## WOMEN IN BUSINESS

дәстүрлі іскерлік форумы өтті

Алматы қаласында іскерлік ортада дәстүрлі Women in Business халықаралық форумы өткізілді. Жыл сайын өтетін әлемдік жиынға бизнес-қауымдастықтың табысты, танымал спикерлері мен кәсіпкерлер жиналды. Қонақтарға тиімді нетворк, сапалы контент, бірегей кейстер мен іскерлік ортадағы ең өзекті ақпарат ұсынылды. Қаламыздың Іскер әйелдер кеңесі, Halyk Bank және Mastercard ұйымдастырған форум жұмысына 300-ден аса табысты әйел-кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері, даму институттары, ірі компания мен банктердің басшылары қатысты.

Айнабай  
МӘДІ

«Жыл сайын өтетін бұл форумға бизнестің түрлі саласындағы табысты кәсіпкер әйелдер жиналды. Біз іскер және жаңадан кәсібін бастаған әйел кәсіпкерлер үшін мазмұнды әрі пайдалы бағдарламаны ұсындық. Әр сессия – белгілі бір тақырыптың жеке блогы, онда сарапшылар пікір бөлісіп, табысты кәсіпкерлер тәжірибесімен бөлісті. Жылдан-жылға форумның аясы кеңейіп, оған жақын және алыс шетелден қонақтар, спикерлер қатысуда», – деп атап өтті форумды ұйымдастырушы, Алматы қаласының іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Ақеркін Ералиева.

Әйелдердің құқығын кеңейту – жаһандық тұрақты даму



мақсатындағы маңызды мәселе екеніне тоқталған ҚХР Бас консулы Цзян Вэй: «Бұл форумды қазіргі күрделі жаһандық ахуал аясында өткізу, әйелдердің мүмкіндігін кеңейту сынды тақырыптар аясында пікір алмасу, талқылау маңызды практикалық мәнге ие, бұл жәйт уақыттың ерекшелігін көрсетеді», – деп форумның маңызына тоқталды.

«Үкімет Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға үлкен көңіл бөледі. Соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту айрықша назарда. Әйел кәсіпкерлердің жобалары «Даму» қоры қолдаған жобалардың жалпы санының 47%-ын құрайды. Қор қызметінің барлық кезеңінде әйелдер кәсіпкерлігінде 2893 млрд теңге сомасына 96 мың жоба қолдау тапты. Қазіргі кезде кәсіпкер әйелдер өз бизнес-идеясын іске асыру, компанияларды дамыту мен жаңа жұмыс орындарын құру үшін мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланатыны қуантады», – деген «Даму» қорының басқарма төрайымы Гауһар Бөрібаева мем-

лекеттің жіті назарын айрықша атады.

«Даму» қорының мәліметінше, кәсіпкер әйелдер көбіне қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейді. Бұл ретте АҚШ-тың бас консулы Мишель Еркін әйелдердің қоғамдағы, экономиканың өркендеуіндегі рөлін атап өтті.

«Әйелдердің экономикалық мүмкіндігін кеңейту – жалпы өркендеуді қамтамасыз етудің кілті. Сондықтан біз әйелдер үшін лайықты ақы төленетін, сапалы жұмыс орындарын құру арқылы экономикалық бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында Қазақстанмен ынтымақтасуға ниеттіміз», – деді АҚШ-тың Бас консулы Мишель Еркін.

Экономикаға қарағанда, сауда секторында жоғары білімі бар әйелдердің үлесі әлдеқайда жоғары. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі – экономикада – 38%, сауда секторында – 49%. Саудада техникалық және



## КЕРЕК ДЕРЕК

**Dasco Consulting Group мәліметі бойынша, елдегі әрбір бесінші жұмыс істейтін әйел сауда саласында қызмет етеді. Саудадағы әйелдердің 15%-дан астамы – Алматы қаласына тиесілі.**

**Алматы қаласы саудамен айналысатын әйелдер саны бойынша көш бастап тұр. Дегенмен, олардың үлесі – небәрі 52%.**

кәсіптік білімі бар жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі – 45%, елімізде – 56%.

Dasco Consulting Group басқарушы директоры Дәрмен Сәдуақасов сауда саласындағы әйелдердің рөлі туралы айтты. «Ұлытау және Қостанай облыстарында сауда секторында жұмыспен қамтылғандардың 67%-ы әйелдерге тиесілі. Саудадағы әйелдердің ең аз үлесі – Түркістан облысында. Ондағы көрсеткіш – 47%-ды құрайды», – дейді Д.Сәдуақасов.

Форумның негізгі тақырыпта-

ры: әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейтудегі халықаралық трендтер, экономика және қаржы мәселелері, әлеуметтік жауапкершілік, әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шаралары. Women in Business – кәсіпкер әйелдерге арналған диалог алаңы. Онда бизнес-орта, соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігі, экономикалық саясат, салалық мамандандыруды дамытудың анағұрлым түйткілді тақырыптары талқыланды.

Форум жұмысына «Halyk Bank» АҚ басқарма төрайымы Үміт Шахметова, Қазақстандағы БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори, ІFC Қазақстан өкілдігінің басшысы Екатерина Бенджамин, Еуразия аймағында Strategy серіктесі PwC консультациялық практикасының көшбасшысы Наталья Лим, Қазақстандық баспасөз клубының президенті Әсел Қарауылова, т.б. спикерлер қатысты. Форум аясында қатысушылар еліміздің табысты әйелдерімен, кәсіпкерлерімен қарым-қатынас жасау, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды.



## ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

# ТІРШІЛІК НӘРІ

## ауызсумен көлік жууға тыйым салатын кез келді

### Бір тамшысы бал татыр

Әлбетте, Мемлекет басшысы атап айтқан-дай, соңғы кезде сел жүріп, өзен суларының лайлануы жиілеп кетуі алаңдаушылық туғызады. Соның салдарынан шілде айының соңында коммуналдық қызметтер қаланың жоғарғы бөлігіндегі аудан тұрғындарына су беруді шектеуге мәжбүр болған еді. Медеу ауданындағы 50 көппәтерлі үй мен 4 мыңнан астам жеке тұрғын үй сусыз қалғаны рас.

Мемлекет басшысы еліміздің ең үлкен шаһарындағы су шаруашылығын ретке келтіру үшін атқарылуға тиіс негізгі міндеттерді айқындап берді. Осыдан кейін қаладағы инженерлік инфрақұрылымның жай-күйінде елеулі өзгерістер болды. Үкімет пен қала әкімдігіне мердігерлердің кінәсінен кешіктірілген Қарғалы су жинақтау нысанын биыл қазан айының соңына дейін пайдалануға беру, қаланың су шаруашылығына толық тексеріс жасау және Алматының жоғарғы бөлігін сумен толық қамту үшін жерасты су көздеріне гидрогеологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ «Балқаш» станциясындағы резервуар мен төрт скважинаның құрылысын аяқтау міндеттері жүктелген болатын.

Кенезең кеуіп бара жатқанда ішкен бір тамшы судың өзі бал татыр. Ауызсудың азабы айтпаса да түсінікті. «Судың да сұрауы бар» деп бекерге айтпаған ғой. Тарихта су үшін талай соғыстар болғаны рас. Адам тамақ ішпей бірнеше күн шыдаса да, сусыз шыдауы қиын. Өйткені, адам денесінің сексен пайызы судан құралады.

Осы қаламызда ауызсуға пайдаланатын суды көлік жуу орындары пайдаланып жатқанын көрген Ақтаудан келген Арыслан дос қатты қапа болды. «Біз жакта Каспийдің суын атом ректорымен тұтынып береміз. Ал Алматыда мынау...» дейді қапалы дос қыжыла. Ауызсумен көлік жууды доғаратын кез келді. Ғылым мен техниканың дамыған шағында мұнымыз жөн емес.

Өткенде әлеужеліден Норвегиядағы тамақтандыру орнында қызмет көрсететін қазақ кәсіпкер жігіттерін көрсетіп жатты. Өздері Түркиядан келіпті. Ыдыс жууда да суды үнемдейді екен. Қолданылған суын үшінші қайтара тазартып пайдалануда. Міне, үнем деген осы. Ал біз болсақ, ауызсумен көлік жуудамыз. Ақтаулық Арысланның ренжитін жөні бар. Ауызсудың қадірін түсінсек, осының бәрі ескерілуі тиіс.

### Сапалы өмірдің кепілі

«Алматыбасжоспарлау» ғылыми-зерттеу институтының мәліметінше, біраз уақытқа дейін Алматының бірқатар ықшамаудандарында су құбыры мен кәріз жүйесі мүлдем болмаған. Бүгінде ауызсудың сапасы мен қолжетімділігі – әлемдік мәселе. Себебі, халықты сапалы ауызсумен қамту – ең маңызды әлеуметтік мәселенің бірі. Сапалы ауызсу – сапалы өмірдің кепілі.

Алматыда суық судың бағасы ауық-ауық көтеріліп тұратыны бар. Ол негізсіз де емес. Мұның өзі ескі су құбырларды ауыстырумен, пайдалануға жарамды құбырларды ағымдағы жөндеумен тікелей байланысты жағдай. Осы қат-қабат шаруамен негізінен «Алматы Су» МКК мекемесі айналысады. Аталған мекеме – қаланы тәулігіне 1379 мың текше метр жерасты және жерүсті су көздерімен, 3,9 мың км-ден астам су құбыры желілерін пайдаланатын елдегі ең ірі сумен жабдықтау кәсіпорны.

Осы күні шаһарға жеткізілетін судың 70%-ы – тереңдігі 150-ден 500 метрге дейінгі 386 артезиан ұңғымасынан алынатын жерасты суы. Бұған қоса, Үлкен және Кіші Алматы, Ақсай және Қарағайлы өзендерінен де су алынады. Әлбетте, таудан аққан өзендер суы күрделі тазалаудан өтеді. Су тұндырылып, сүзудің бірнеше сатысынан өтіп, одан әрі натрий гипохлоритпен, яки қарапайым түзбен зарарсыздандырылады. Соның нәтижесінде қала тұрғындары қауіпсіз ауызсуға қол жеткізеді.

«Тәулігіне қалаға орта есеппен 700 мың м³ су беріледі, жазда көлемі 750–780 мың м³ дейін артады. Алматы қаласы бойынша ауызсу сапасы барлық санитарлық ережеге сәйкес келеді. Химиялық тұрғыдан алсақ, ауызсу құрамы адам ағзасына қажетті микроэлементтерге толы. Су құрамында ауыр металл, фенол мен мұнай өнімдері мүлдем жоққа тән. Бактериологиялық, сондай-ақ химиялық көрсеткішпен алсақ, бұл су қауіпсіз. Судың химиялық құрамы ондаған жыл бойы өзгеріссіз қолданыла береді», – деп мәлімдеді бізге осы мекеменің баспасөз қызметі.

МКК жаппы 3607 км су құбыры мен 1926 км кәріз желісіне, 115 мыңнан астам су құбырына, кәріз құдығы мен камераларына, 109 таза су

**Быттыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға жұмыс сапарымен келгенде қаладағы инженерлік инфрақұрылымның жай-күйіне аса мән берген еді. Еліміздегі ең басты сын-қатердің бірі – сапалы ауызсумен қамтамасыз ету екенін айрықша айтқан болатын. Алматыда да сумен қамтамасыз ету саласындағы проблемаларды кезек күттірмей шешу қажет екеніне назар аударды.**



Қолжазғы жасаған Нұржан Нұржігітовтің

резервуарына қызмет көрсетеді. Одан бөлек, 251 сумен жабдықтау станциясы мен 29 кәріз сорғы станциясына, 8 мыңнан астам өрт гидранты мен 32 мыңнан астам бекіткіш арматураға да жауапты. Әлбетте, осының бәрі қомақты қаржыны талап етері сөзсіз.

«Быттырғы инвестициялық бағдарлама сумен жабдықтау бойынша 2,6 млрд теңгені (ҚҚС-сыз), су бұру бойынша 584 млн теңгені құрады. Наурызбай ауданындағы тұрғындар түгелге жуық Ақсай және Қарғалы өзендерінен сумен қамтамасыз етілді. Бұл ауданды қамтамасыз ететін сүзгі станциясы ескі болғандықтан, судың лайлануы басым болғандықтан, бірауақ уақытша шектеу қойылғаны рас. Быттыр осы мәселені шешуде жаңа сүзгі станциясының құрылысы бітті. Оған қоса, Ақсай өзеніндегі жаңа сүзгі станциясының құрылысы келер жылы іске қосылады. «Ақжар» шағынауданын сумен жабдықтау үшін жаңа су құбыры іске қосылды», – деді «Алматы Су» МКК мамандары.

### 335 км сумен жабдықтау желісі салынады

Судың тапшылығы Алматының Медеу ауданында да кездеседі. Халық саны мен жанадан салынған тұрғын үйлердің көбеюінен су қысымы төмен. Жауаптылар амалсыз суық суды кезекпен өшіруге мәжбүр. Алматы қаласындағы тозығы жеткен су желісі мен жабдығы бірте-бірте азаюда. Сөйтіп, күрделі мәселе шешілу үстінде. Шынында, қаламыздағы су құбыры желілерінің 54,2 пайызы ескіргенін айта кету керек. 1943 шақырым су құбыры желісін ауыстыру қажет. Кәріз желілерінің тозу деңгейі 56,6 пайызды құрайды. Демек, 1000 шақырымнан астам желіге қайта жаңарту жұмыстары қажет.

Тозу қарқынын төмендету үшін жыл сайын кемі 104 шақырым сумен жабдықтау желісі мен 73 шақырым су бұру желісі жаңартылуы қажет. Ал қолданыстағы инвестициялық бағдарлама жылына тек 20–25 шақырым құбырды жаңартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның жөндеу жұмыстарына арналған қоры толығымен суға, кәріз қызметтеріне белгіленген тарифтер деңгейіне қарай қалыптасады. Алматы қаласындағы сумен жабдықтау және су бұруға бекітілген тарифтер еліміздегі ең төменгі бағада.

Быттыр тұтынушылар 1 текше метр суға 48 теңге төледі. Соңғы рет Алматыда су мен кәріз қызметтерінің тарифі 2014 жылы көтерілген. Ол кезде судың 1 текше метріне 55 теңге мөлшеріндегі тариф деңгейі белгіленген.

9 жылдан астам уақыт ішінде судың тариф деңгейі тек төмендетіліп келді. Қазір жанадан тариф бекітілмек. Мекеме «тарифтерді инвестицияларға айырбастау қағидаты» бойынша тарифтерді енгізеді. Бұл жағдай инженерлік желілерге қызмет көрсету мен ауыстыру үшін көбірек қаражат жинақтауға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік бермек. Бұл өзгерістерге орай, сала мамандарының жалақысын кезек-кезеңімен арттыру жоспарланып отыр.

Алматының Наурызбай ауданында тұрғындарды сапалы және үздіксіз сумен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаев қала тұрғындарымен кездесуде айтты.

«Ақжар» шағынауданының 35 мың тұрғынын ауызсумен қамтамасыз ету үшін Ақсай негізгі су көзінің құрылысы аяқталғанға дейін осы жылдың наурыз айында Алашау даңғылы мен каскадты сорғы станциясы бойынша магистральдық су құбырының құрылысын бастадық. Бұл жобаны маусым айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз», – деді қала әкімі.

Шаһар басшысы айтқандай, «Ақжар», «Қарағайлы», «Тастыбұлақ» және «Таусамалы» сияқты 4 ықшамауданда сумен жабдықтау және кәріз желілерін жобалау жұмыстары жалғасуда. Нәтижесінде келер жылдың соңына дейін 335 км сумен жабдықтау және кәріз желісі салынады. Биылғы III тоқсанда «Таулы қырат», «Алатау» және «Юбилейный» шағынаудандарында 51,7 шақырым тарату желілері салынады.

Алматы қаласының әкімі Е.Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесу барысында биыл Алматыда, «Мұзтау», «Каменск үстірті», «Қасқарау», «Кіші станица», «Атырау» және «Сұлсай» ықшамаудандарында 145,7 шақырым тарату желілерінің құрылысы басталып, келесі жылы аяқталатынын айтқан. Шаһар басшысының айтуынша, жазда, аптап ыстыққа байланысты ауданның жоғары бөлігін сумен қамтамасыз етуде қиындықтар туындаған.

«2023 жылы шілде айында судың лайлануы нормадан 50 есе асып, су тапшылығы тәулігіне 20 мың текше метр болды. Тапшылықты жою үшін төтенше жағдайлар аясында қуаты тәулігіне 32 мың текше метр резервтік сумен қамту схемасының құрылысы басталды. Ол биылғы маусым айында аяқталады. Судың негізгі көздері – Талғар жерасты сулары мен сорғы станцияларының қуатын 60%-ға арттыра отырып, 6 жаңа скважина бұрғылау», – деді қала әкімі.

### Кепілеті ұрмасын десек...

Қала әкімі «Думан» ықшамауданында халық санының көбеюіне байланысты жұмыс істеп тұрған резервуарлардың өткізу қабілеті ауызсу қажеттігін өтейтінін айтты. Жазғы уақытта тәулігіне 2,2 мың текше метр тұтыну тапшылығы байқалады. Қала басшысы осы мәселені шешу жолында биыл 2 су резервуарын, магистральды су құбыры мен 2 сорғы станциясын реконструкциялау басталатынын айтқан.

Бұдан бөлек, «Каменск үстірті», «Көлсай», «Мұзтау» және «Юбилейный» шағынауданының тұрғындарын сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайлар желісі бойынша 7,3 мың текше метр суға арналған 7 резервуар салынған. Осылайша күніне 15,7 текше метр су өткізетін 6 скважина жаңартылды.

Осы жылдың наурыз айында нысандарды толыққанды іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізіледі. Медеу ауданының әкімдігі быттыр 276,5 км сумен қамту және кәріз тарату желілерін салу жұмыстарын жүргізді. Өткен жылы Халиуллин көшесі мен «Каменское үстірті» шағынауданында 13,4 км құрылыс аяқталды. Биыл «Кеңсай», «Көлсай», «Компот», және «Думан» ықшамаудандарында 65,7 км желінің құрылысы аяқталмақ.

Үкіметте жаңа шаралар бекітілді. Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы қабылданды. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің айтуынша, құжат саладағы қазіргі ахуалды және үздік халықаралық тәжірибені ескере келе әзірленген. Тасымалдау кезіндегі судың өнімсіз шығынын 50-ден 25%-ға дейін төмендету, ал қолда бар су ресурстарын 2,4 текше км-ге жеткізу.

Үйіңіздегі краннан ағып тұрған суыңыздың сапасы қандай? Қазір осындай сауалмен үй-үйді аралап, түрлі су сүзгіш құрылғыларын ұсынып жүрген компаниялар қаптап кетті. Осы азаматтар сіздің де есіңізді қаққан болар?

Соңғы уақытта тұрғындардың айтуынша, белгісіз біреулер су есептеу құралының да ескіргенін айтып, ертерек ауыстыруға мәжбүрлейтін көрінеді. «Алматы Су» мекемесінің қызметкерлері есептеуіш құралын ауыстыру керектігі туралы ақпаратты телефонмен хабарламайтынын мәлімдейді. Мұндай ақпарат коммуналдық төлем түбіртегіне ғана көрсетіледі. Сондықтан есептеуіш құралын ауыстыру керектігін айтып, хабарласқан адамдар болса, ең алдымен «Алматы Су» мекемесіне қоңырау шалып, ақпаратты анықтап алу қажеттігін ескертеді. Өйткені, бүгінде су есептеуіш құралын ауыстыру қызметімен айналысатын жеке компаниялар мен фирмалар көп.

«Алматы Су» мекемесінің мамандары тұтынушыларға есептеу құралын тексеру уақыты құралдың паспортында жазылғандығын ескертеді. Сонымен қатар, ауыстыру уақыты жетпей тұрып, «Алсеко» АҚ квитанцияларында да су есептеуіштерін ауыстыру қажеттігі ескертіледі. Есептеу құралын ауыстырып, тексеруге осы қызметпен айналысуға рұқсат беретін лицензиясы бар компаниялар ғана құқылы.

### ТҮЙІН:

**Су – өмірдің өзегі. Ал ауызсудың жөні бөлек. Еліміз ішуге жарамсыз судың индексі бойынша (бұрнағы жылғы көрсеткіште) 177 елдің ішінде 56 ұпаймен (100-ден) 54-орында тұр екен. Ауыз толтырып айтарлық емес. Алдыңғы ондықта Скандинавия елдері, Ұлыбритания, Австрия, Швейцария, т.б. Бірөңкей теңіз жағалай орналасқан елдер. Теңіздің суы ащы екені түсінікті. Ауызсудың қасиетін сезінген елдер, міне. Судың қадірін түсіну де өркеніеттің бір белгісі. Ішетін суға көлік жуу қарап тұрып қарныңды аштырады. «Қара су ішсең де қайғысыз іш» деген қазағым сол судың қадірін білгеннен айтқан. Судың да кепілеті ұрады. Содан сақтанайық.**



Бетгі әзірлеген Айнабай МӘДИ.



## ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

## ҚАСАПШЫЛЫҚ – ӨНЕР

Мұсылман халқы үшін астың адалдығы мен бастың амандығы – басты қағида. Адал ас, бұл – денсаулықтың кепілі. Егер оған титтей күмән келтірсек, бойымыз тітіркеніп қалатыны жасырын емес. Бүгінгі әңгіме де дәл осы жайында болмақ.

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жуырда жақын араласатын отбасылық досымыздың келіншегі хабарласып, кеңес сұрады. Айтуынша, өткен аптада арнайы ет сататын дүкеннен 20 келі ет сатып алып, оның иісі бар екенін бір аптадан соң бір-ақ білген. Енді сол етті не істерін білмей шарасыз күйде отыр.

«Үнемі бір ғана адамнан ет алушы едік. Бұл жолы арнайы ет сататын дүкеннен алып едік. Үйге әкелген соң жіліктеп, тұздап мұздатқышқа салып тастағанмын. Енді кеше әлгі еттен тамақ әзірлейін деп сорпа қайнатсам, үйдің ішін бір жағымсыз иіс алып кетті. Сорпасында да біртүрлі дәм бар. Қайтадан етті алған жерімізге өткізейін десем, түбір-тегін де тастай салып едім. Не істерімізді білмей отырмыз. Асқазанымыз тітіркеніп, ауырып қалармыз деп ол етке қайта тиіспедім. Өлі мұздатқышта тұр. Тастауға обалсынып тұрғанымызды қарашы, бұл етті енді не істеуге болады?», – дейді күйініп.

Әсілінде, адам баласының қажетіне жаратылған төрт түлік мал шариғат жолымен сойылмаса, оның еті адал әрі таза болмайтынын білеміз. Бірақ... жоғарыдағыдай оқиғалар орын алып, алған етіміз сасып жатса не істейміз?

## ӘКЕМ ҮЙРЕТКЕН КӘСІП

Дастархандағы асының адалдығына аса мән беретін жұрт болған соң, әлгіндей жайттарға елегізіп қалатынымыз рас. Бұл «20 келі ет мәселесін» жазбақшы едім, іздегенге сұраған болып үйге қасапшы болған Өркен атты танысымыз келе қалмасы бар ма? «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дейін бе, әйтеуір бар білмегімнің жауабын қасапшы жігіттің өз өкінісін білдім. «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген ғой. Өркенге «ет неге иістенеді?» деп сауалды төтесінен қойдым. Қасапшы жігіт «үйреншікті жағдай ғой» дегендей, қолын бір сілтеді де, әңгімеміздің тиегін ағытты.

– Ет жылы жерде ұзақ тұздалмай тұрып қалса, иістенеді. Білгіштер марганцовкамен, содамен жуып әуре болып жатады. Бірақ одан түк шықпайды. Ол иіс кетпейді. Бұл бірінші – себеп. Ал екіншісі, малға шамадан тыс көп дәрі ескенде... Одан кейін өлген малдың еті сасиды. Қазір өлексе де пұл болып тұрған заман ғой. Жаны шығып кеткен малды кыста сойған өте қиын. Біріншіден, өліп қалған малдың еті суып кетеді. Екіншіден, суық етке жабысып қалған теріні сыпыру азаптың-азабы. Ал қаны сыртқа шықпаған малда «трупный запах» – өлексенің иісі шығады. Қолқанды қабатын иістен жиіркенсең, ауырып қаласың. Содан кейін амалсыз 100 грамды тартып жіберіп, іске кірісесің. Мұндай жағдайлар басымыздан көп өтті. Негізі, тірі мал сойған рахат қой! – деп барып тоқтады Өркен Әбдірұлы.

Бір кездері Алматының шетіндегі «Алтын орда» базарында мал сойып, нәпақа тапқан азамат қасапшы болу үшін малды танытын білім мен ет шабуға дәлдік керек дейді. Атадан балаға жалғасып, өз құндылығын жоймай келе жатқан кәсіпті ол әкесінен үйренген екен.

– Өлі есімде, 2-3-сыныпта оқитын кезім. Үйге қонақ келетін болып қой сойылып жатқан болатын. Мен әдеттегіше асықтарымды қалтама толтыра салып көшеге қарай жүгіріп бара жатыр едім, әкем шақырып алды да, қойдың сирағын ұстатып қойды. Өзімше мұрнымды тыжырайтып, жиіркенем ғой. Сонда әкем: «Балам, сен жігіт болғанда мал союды білуің керек! Егер соя алмасаң, ол маған сын болады» деді. Бұл кәсіптің қырсырымен танысуым осы кезден басталды. Кейін әкемнің сөзін екі етпей, мал сойыла қалса, қасынан табылып, анау не, мынау не деп қойдың анатомиясын сұрай беретінді шығардым. Жарықтық, еш жалықтастан,



Суретті түсірген Саятат СЕРІКБЕКҰЛЫ

малдың әр мүшесін бүге-шігесіне дейін түсіндіріп беруші еді. Міне, сөйтіп жүріп, мал союға жарадым. Әкем мені осылай еңбекке үйретті. «Жаксы әкенің тәрбиесі балаға қырық жыл азық» деген осы шығар, сол үйренген ісіммен отбасымды 10 жыл асырадым. Қазір басқа салада жұмыс істеймін. Көпке топырақ шашты деменіз, бірақ қазір бөріктілер арасында мал союға ептілері тым сирек. Қалалық жерде тұратындар мал соймақ түгілі, ниеттеніп пышақ та ұстап көрмеген шығар... Жігіттерге айтарым, қамшы ұстап, атқа мініп, мылтық ұстау секілді арасында мал сойып, мінез қалыптастыру да керек, – дейді Өркен Әбдірұлы.

Оның айтуынша, базарлардағы мал союмен айналысатын азаматтардың көбі ағайынды жігіттер немесе жақын таныстар көрінеді.

– Қасапшылар мал ғана соймайды, олардың міндетіне сойылған малдың етін жіліктеп, мүшелеп бөлу де кіреді. Менің достарымның біразы «Көк базарда», ет сататын павильонда жұмыс істейді. Сатушылардың етін бөлшектеп шауып беріп жүр. Қазір ет қымбат. Соған орай, олар да еңбектері үшін бағаларын көтеріп алыпты. Ет көп болса, пайда да мол. Бірақ бұл жұмысқа орналасу үшін таныс керек! – дейді ол.

МАЛ СОЮДЫҢ  
ӨЗ ӘДЕБІ БАР

Қасапшылардың жұмысы қыс кезінде саябырсыды. Өйткені, жұрттың дені бұл уақытта соғым сойып алған. Ал күн жылына, әсіресе, Құрбан айт мерекесі кезінде олардың дәуірі жүреді. Өркеннің айтуынша, мал союдан тәжірибесі мол қасапшылар бұл кезде күніне орта есеппен 50-60 қойға дейін сояды екен. Жалпы, мал сойылғаннан оның тауарға айналғанға дейінгі аралықта белгілі бір тәртібі бар.

– Ең бірінші ереже малдың басын

құбылаға қаратып бауыздап, артық қанын шығарады. Одан кейін жануар шошиды деп көзінше пышақ қайрамайды. Әрбір мал сойылған сайын орнын тазалап жуып тұру міндетті. Өйткені, келесі сойылатын мал қанның иісін сезбеуі тиіс. Егер қорқып қалып қанын ішіне тартып қалса, бойына тарап кетуі мүмкін. Ондай ет адам ағзасына зиян. Тіпті, ауру қоздырғыш бактериялардың жылдам көбейіп кетуіне себеп болуы мүмкін. Біздің базарларда бұл талап ойдағыдай сақталады деп айта алмаймын. Мал соятын жерлер өте лас. Әсіресе, Құрбан айт кезінде базардың жайналасына кім кепіл?! Бірде мен де бауырым мен анамызға Құран бағыштауға арнайы мал сатып алуға бардық. Сонда біздің алдымыздағы үлкен кісінің қасапшы жігіттен: «дәретің бар ма?» деп сұрағанын естігенмін. Өлгі жігіт тосыннан қойылған сұраққа тосырқады ма, әлде адалдығын білдіргісі келді ме: «жоқ» деп еді, үлкен кісі оған мал сойдыртылады. Міне, бұл да көкейімізге тоқып, есте ұстайтын жайт.

Иә, қасапшылық ептілікті, малдың табиғатын тани білуді талап ететін өнер. Десек те, бүгінгі қасапшылар мал сою тәртібін қаншалықты сақтап жүр? Алдына келген мал адал ма, арам ба, әйтеуір, ақша тапсам болды деген оймен ғана жәукемдеп жатпасына кім кепіл?! Бірде мен де бауырым мен анамызға Құран бағыштауға арнайы мал сатып алуға бардық. Сонда біздің алдымыздағы үлкен кісінің қасапшы жігіттен: «дәретің бар ма?» деп сұрағанын естігенмін. Өлгі жігіт тосыннан қойылған сұраққа тосырқады ма, әлде адалдығын білдіргісі келді ме: «жоқ» деп еді, үлкен кісі оған мал сойдыртылады. Міне, бұл да көкейімізге тоқып, есте ұстайтын жайт.

**Р.С.** Әңгімеге тұздық болған «іістенген ет» әлгіндей асығыс сойылған малдың еті емес пе екен?! Сіз қалай ойлайсыз? 20 келі етті тастаған обал емес пе? Дос-танысымызға нендей кеңес берер едіңіз?..

Малдың семіздігіне ғана емес,  
халалдығына да мән беріңіз

Бұлай деуімізге себеп, бір кездері малды балғамен немесе балтамен ұрып, тіпті тоқпен соғып өлтіріп бауыздағандарды көргенбіз. Бұл енді біздің дәстүрімізге мүлде жат қылық. Ендеше, «жесеп тісіңе, жемесең түсіңе» кіретін етті сатып аларда, қоғамдық асханалардан ас ішерде, фаст-фуд өнімдерін тұтынғанда да барынша абай болыңыз!

Сіз жеген ет қаны толық ақпай жатып бауыздалған малдың еті болуы бек мүмкін. Ал қарапайым халық малдың семіздігіне ғана емес, адалдығына да ерекше мән беруі керек.

Ет комбинаттарына қасапшылар  
қалай таңдалады?

Өркеннің айтуынша, үлкен ет комбинаттарда жұмыс істеу үшін қасапшылар ҚМБД-ның «Мал сою әдебі мен тәртібі» деген арнайы дәрістен өтеді. Ал шағын қасапханаларда кімнің іске ебі бар сол жұмысқа қабылданатын көрінеді. Қазір базарда бір қойды сойып, басын үйтіп, жіліктеп бергенге 3500-5000 теңге ақы алады, ал ірі малдар 10 000 теңгеден асып барып жығылады.

Жалпы, Үкіметтің 2009 жылғы қарашаның 4-індегі қабылдаған «Ауыл шаруашылығы малын союды ұйымдастыру ережесі туралы» қаулысына сәйкес, сойылатын мал мамандардың жан-жақты тексерулерінен өткеннен соң барып пышаққа ілінеді. Мал соятын орындардың іші мен құралдары таза, қасапшылардың алжапқышпен жүруі және олардың медициналық кітапшалары болуы міндетті. Ал мұндай талапты орындамағандарға заң жүзінде тиісті шара қолданылады.

## ЖАСТАР САЯСАТЫ

ҚОЛЫҢА  
ҚАРМАҚ БЕРЕДІ

Кәсіп ашқысы келетін қыз-жігіттерден «Zhas project» жобасы бойынша өтініштер қабылданады

Алматыда «Zhas project» жастарға арналған шағын гранттар байқауы басталады. Грант көлемі 1 млн теңгені құрайды, мегаполиске 20 грант бөлініп отыр. Демек, өз кәсібимді ашып дөңгелетсем деген ниеттегі 20 қыз-жігітке жақсы мүмкіндік туып тұр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте байқауды ұйымдастырушылар мен қалалық Жастар саясаты басқармасының өкілі хабарлады.

Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

«Бүгін біз өз қаламызда «Zhas project» жобасының іске қосылатынын ресми түрде жариялаймыз. Бұл жоба – жастар үшін өзін көрсетіп қана қоймай, табысты болашаққа, кәсіпті игеруге, мүмкін өз бизнесін ашуға жағдай жасауға тамаша мүмкіндік», – деді Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Қажденбек.

Жобаның мақсаты – осынау қоғамнан өз орнын іздеп жүрген жастарды қолдау және олардың мүмкіндіктерін дамыту, кәсіби дағдыларын арттыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ жергілікті қоғамдас-тықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған өз жобасын іске асыру мүмкіндігі. Жалпы, бұл жобаға NEET санатындағы жастарды тартуға басымдық беріледі. Мақсат – олардың белсенді өмірден тыс қалмауына, өздерін қоғамға керек екеніне сендіріп, дәнекер болу, қолына балық ұстап жеуі үшін қармақ беру.

«Zhas project» гранттық конкурсына Алматыда уақытша немесе тұрақты тіркеуі бар, жұмысы жоқ, оқымайтын немесе кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан өтпеген 18–35 жастағы жастар қатыса алады.

«Өтініш беру үшін жасалатын алғашқы қадам – өзіңіздің әлеуметтік жобаның идеясын анықтау, [www.zhasproject.com](http://www.zhasproject.com) сайтына кіріп, сауалнаманы толтырып, барлық шарт пен мәртебеге сәйкестігіңізді растайтын құжаттарды тіркеп, өз жобаңызды нысан бойынша сипаттап, бюджет жасап, шағын гранттар конкурсына қатысуға өтінім беруге болады», – деді жоба үйлестірушісі Асима Сұлтанова.

Байқау жеңімпаздарымен ресми шарт жасалады. Сатып алынған барлық жабдық жобадан жастардың өзінде қалады. Осылайша олар өз кәсібін одан әрі жалғастырып, дамыта алады.

Айтпақшы, жобаға қатысқысы келетін жастар «не істеймін, қайда барамын, неден бастаймын?» деп тосылмасын, оларға осы жоба аясында менторлық көмек көрсетіледі. Ол үшін «Нұркент» ықшамауданындағы 69-үйдің 4-пәтерінде орналасқан «Жобалық кеңсеге» барып, орталық мамандарынан кеңес, толық-қанды мәлімет алуға болады. Сондай-ақ, **8 700 271 21 73** нөміріне қоңырау шалып, мән-жайды сұраңыз. Тартынбаңыз! Бұл сізге, жастарға беріліп отырған үлкен қаржылық қолдау.

Қазір мегаполистегі барлық сегіз ауданда да жас алматылықтарға қолдау көрсететін, жол сілтейтін комьюнити-орталықтары жұмыс істеп тұр. «Zhas project» жастар жобасы өтініштерді сол орталықтарда алдымыздағы 25 наурыздан бастап, бір ай бойы қабылдайды.



## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Біз, журналистер, әдетте жазатын мақаламыздың кейіпкерлерін алыстан, сырттан іздеп жүреміз. Ал дәл жанымызда да қаншама қарапайым кейіпкерлер жүр десеңізші. Белгілі ақын, сыншы, әдебиетші-ғалым, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қазақ әдебиетінде поэзиясы арқылы да, рухани-танымдық мақалаларымен де құбылыс болып келіп, кеңінен танылған, бірақ арамыздан ерте кеткен Әмірхан Балқыбек тірі болса, биыл 55-ке толар еді. Ал Әмірханның жары – Мархабат Шойбекова бізде, «Almaty aqshamy» газетінде корректор.



Мархабат жеңгелеріне хабарласып, амандығын біліп тұрады.

Ақын іссапарға жиналғанда сөмкесіне Есенинді салып алатын. Ал таңертең жұмысқа шығарда Балқыбек атасының тері сінген тақиясын іскеп, сосын Абайдың кітабын ақтарып тұрып, бір шумақ өлеңін оқып барып сыртқы есікке бет түзейтін көрінеді.

Сөйткен Әмірханның үлкен бір арманы «Ұлттық кітапхананы басқарсам ғой» еді...

### ҚУАНЫШТЫҢ ТӨРЕСІ

Әмірханның ең керемет, ең қобалжыған, ең қуанған сәті – қызы Қасиеттің өмірге келген кезі. Кішкентай бөбегіне арнап жыр шумақтарын да арнаған сол сәт. «Орнында бар оңалар» демекші, бүгінде Қасиет те бойжетіп, шаңырақ құрды. Сәби сүйді. Ал Мархабат әдемі әже болды. Екі немересі бар. Мархабат «немере баладан да, балдан да тәтті» дегенді енді түсініп жүр. Баяғыда ауылда шешелеріміз алдындағы тамағын өзі жемей немересінің аузына тосып отырушы еді. Тура сол күйді бастан кешіп жатыр. Жұмыстан келе салып, киімін де шешпестен «балаларға тамақ бердіңдер ме, не жеді, не ішті» деп қызы мен күйеу баласын сұрақтын астына алады кеп. Құдды өзі келмесе екі немересіне ешкім ештеңе бермейтіндей. Өз қолыңмен тамақтандырсаң ғана қарны тоятындай болып көрінетіні несі екен деп күледі.

Бүгінде Қасиет көкесінің (әкесін осылай атайтын) өзіне арнаған өлеңін өзінің ұл-қызына ұйықтатар алдында оқып беретін болып жүр.

### ЖАҚҚАН ОТЫҢ ӨШПЕСІН

Мархабат Әмірханнан шынайы сүюді, бағалай білуді үйренді. Мысалы, оңтүстік жақта жігіттер әйелдеріне деген сүйіспеншілігін елдің көзінше көрсете бермейді ғой. Ал Әмірхан достары тұрмақ, әкешесінің көзінше де, жақсы көріп кетсе әйелін аулада тұрып-ақ тік көтеріп ала қоятын немесе бетінен сүйіп алатын, еш қымсынбай-ақ құшағына басатын. Тіпті, екеуі алысып ойнап та кететін сәттері жиі болатын. Алғашқы кезде Мархабат ыңғайсыз болды-ау деп атасы жаққа ұрлана қарап қоятын. Сөйтсе, ол кісі керісінше мейірлене риза болып тұратынын байқады. Мінезі қиындау, «ерке» ұлының бақытын тапқанына, екеу болып балаша ойнап жүрген сәтіне тілекші болып тұрады екен-ау сонда.

Бүгінде анасы Тұрсын апа ауылда, жатса-тұрса Әмірханның өмірін, ізін жалғаған балаларының, немере, шөберелерінің тілеуін тілеп отыр.

Иә, Әмірханның таным-түсінігі, мінез-құлқы, өмір салты бөлек болатын. Оның жеке өз әлемі – Әдебиет әлемі бар-тын. Мархабат өзін Әмірханның сол әлемін түсіне де, ой қосуға жарай да, теңесе де алмай-мын деп іштей өз-өзін жеген кездері де көп болған. Мархабат тұрмақ, шығармашылықта жүрген кей қаламгер замандастарының өзі оны түсінбейтін сәттер де болатын. Сондықтан шығар, кейде сырлатқан, тойлатқан жерінде жападан-жалғыз қалып қоятын. Ондайда үйге түнделетіп болса да жылы шаңырағына жетіп жығылатын әйтеуір. Сосын түн жарымына дейін ұйықтамай күтіп отыратын жары Мархабат костюмін шешіп алып іліп, шәйнегін отқа қойып жатқанда «Сенің болғаның қандай жақсы» деуші еді, марқұм.

Иә, оның болғаны қандай жақсы, оты әлі күнге өшкен жок. Өшпейді!



Нұржамал  
ӘЛШЕБА,  
журналист.

### МЕНІҢ ЕРТЕГІМ

Мархабат «Халық конгресі» газетінде Қалихан Ысқақ сынды жайсаң ағалармен бірге жұмыс істеді. 1996 жылы ол кісі республикалық «Парасат» журналына ауысты. Мархабат та жастарға әркез тілекші болып жүретін жақсы ағаны пана тұтып, ізінен ілесіп журналға келді.

Мархабат жұмысқа тұруға барғанда алдымен Қалихан ағасына келіп, сосын ол кісі «Парасат» журналының Бас редакторы Баққожа Мұқайға алып кірген болатын. Сөйтіп, жұмысқа қабылданды.

Қалихан аға мен Әмірхан бір кабинетте отырады екен. Бірде Қалихан Ысқақ Әмірханға сырттай Мархабатты меңзеп, «осы қыз саған әйел болады» деген көрінеді. Тау қозғалса да қозғала қоймайтын сабырлы мінезді Мархабаттың белгілі бір қалыпқа сыймай үнемі «шалқып-тасып», тау суындай гүрілдеп жүретін Әмірханға орнықты әйел бола алатынын, қандай жағдайда да жанынан табылатынын жанашыр ағалар сол кезде-ақ бағамдаған ғой.

Ол кезде Мархабат журналда терімші, тілшілер оған кезекпен диктовкаға отырады. Бір күні Әмірхан да кезекті диктовкасына келді. Жұмысын аяқтап, кабинетіне кетті. Ал Мархабат келесі теретін жұмысына кірісіп жатқан-ды. Сәлден кейін Әмірхан қайта оралды. Мархабат оның айналшықтап кеткісі келмей тұрғанын байқады. Бірінші болып Әмірхан тіл қатты:

– Кете берейін бе? – деді. Мархабат тосылған жоқ:

– Қарсы емеспін, – деді компьютерден көз алмаған күйі. Бұл сөзіне таңдана, бетіне бажырая қараған жігітке қыз қайтадан:

– Мына жазуды айтып отырмын, – деп компьютер бетіндегі қазір ғана теріп отырған жазуды көрсетті. Сосын екеуі де күліп жіберді.

Сол жылы Әмірхан Балқыбектің «Метаморфоза» атты алақандай ғана алғашқы өлеңдер жинағы шықты. Кітабын Мархабатқа деген риясыз сезімін сырлы сөздермен өрнектеген қолтаңбасымен сыйлады.

– Сол таныстығымыз көп ұзамай достыққа, одан үлкен махаббатқа ұласты. Екеуіміз кешке жұмыстан бірге қайтатынбыз. Қаншама шақырым жаяу жүрсек те шаршамайтынбыз. Бір қызығы, ол маған ертегі айтып беретін, ертегі желісі аяқталғанда потерге де жететінбіз, – дейді Мархабат.

### БАҚЫТЫҢДЫ БАҒАЛА

Екеуі сонау нарық жылдары, қиын шақта бас қосты. Сондықтан бірде тоқтық, бірде жоқтық қоңырқай тірлік бұл отбасын да айналып өткен жоқ. Шығармашылық адамдары да қайбір шалқып өмір сүрді дейсіз, әйтеуір ептесіп, септесіп күн көріп жатты. Кішкентай Қасиет ауылда, Шардарара, ата-әжесінің қолында болатын.

Әмірхан футбол десе ішкен асын жерге қоятындардың бірі еді. Пәтерден-пәтерге көшіп жүретін кездері. Ақ-қара түспен көрсететін телевизорлары болған. Футболдағы жасыл алаңды, командалардың киім түстерін көре алмайды, әрине.



### МӨЛТЕК СҰХБАТ

## Қасымда жүрсе...

– Егер өткен күндерің қайта айналып келер болса, нені өзгерткен болар едің?

– Өзгертетін ештеңе жоқ сияқты. Тек қасымда жүрсе жеткілікті болар еді... Уақыт өткен сайын сағына түседі екенсің. Суретші Мәлік Қайдаров аға жазып берген үлкен портреті ілулі тұр төрде. Сол портретімен тілдесемін. Күн сайын Құран бағыштап отырамын.

– Шығармашылық адамы үнемі ізденіс үстінде жүретін ерекше жан ғой. Ол ізденумен, іздеумен жүреді. Әмірханның таппай кеткені бар ма?

– Өңгімелескен замандасының, досының немесе жастардың кітап оқымайтынына қатты қынжылатын. Ғасырлар мен дәуірлерді бірге шарлайтын, пікір алмасатын, әңгімесі жарасатын адам іздеп жүретін үнемі.

– Шығармашылық адамының мінезінің барлық болмыс-сипаты жазуынан көрінеді дейді. Оның шығармаларынан өзін көруші ме едің?

– Ол рас сөз. Адамның жазуынан оның болмысын, білім деңгейін, өресін білуге болатындай. «Қасқыр құдай болған кез» кітабынан Әмірханның кім екенін, бабалар тарихына ақындық көзбен қарағанын, өзіндік айтары бар түркітанушы, мифолог екенін тани түседі.

– Әмір болған соң қуаныш та, күйзеліс те болатыны ақиқат. Әмірханның жеңген сәттері көп пе, әлде жеңілген?..

– Иә, қуаныш та, күйзеліс те қатар жүретіні ақиқат қой. Мен кейде ойлаймын, адамның мінезі қандай болса, өмір сүру салты да сол мінезіне ұқсап кететіндей. Әмірханның жеңілген сәті ешкімнен атак-абырой, «көкелерден» жоғары лауазым сұрамағаны шығар, бәлкім.

Қашан түрлі-түсті көрсететін телевизор алар екенбіз деп армандап қоятын кездері де болатын. Алғаш үй болғанда, екеуіміз жүріп дүкен аралап, ең алғаш сатып алған дүниелері шағын ғана түрлі-түсті телевизор еді. Ешқандай дүние-мүлік атаулыға қызықпайтын Әмірханның қуанғанына қарап қуанып, Мархабат та балаша маз. Үй жинағанда бірінші сол телевизордың шаңын сүртіп қоятыны да қызық еді.

Әмірхан мінезді, шатақтау болғанымен, қайтымы тез еді. Келіншегін ренжітіп қойса, жарты сағат өтер-өтпестен, асүйде өз тірлігімен жүрген Мархабатқа келіп, «Мәкішім» деп бетінен сүйіп кететін.

Әмірхан ақынның бір қызға өлердей ғашық болғаны бар. Ол қыз туралы Мархабат сезді. Сосын білді. Одан соң Әмірханның сол қызға арнап жазған өлеңін түндерде бірге талқылайтын болды. Кейде ойлайтын, «Әмірхан сол қызға ке-

темін десе, не дер едім» деп. «Жіберемін. Ұрпағын жалғастыратын ұл сүйсе екен сол қыздан» деп ойлаған кездері де болған. Оған риясыз тілекші болғандығы соншалық, қызғанған жоқ. Тіпті, «екеуіміз екі бөлек кеткен күнде, әлгі қыз Әмірханның қиын мінезіне мен секілді шыдамаса ше, далада қалып қоймай ма» деп те ойланған сәттері аз емес. Бірақ Әмірхан кетпеді. Кетпеймін деді! Өйткені, ол да Мархабаттың қадірін білетін. Ет-жақындары, дос-жарандары бас қосқан орталарда «менің келіншегіме ескерткіш қою керек» деген сөзін қайталай беретіні де сондықтан еді.

### БІЗ ЕКЕУІМІЗ

Әмірхан кішкентайынан кітапқұмар болған екен. Әкесі ауылдағы шағын бақшаның өнімін жинап алуға үйдегі бір қыз, төрт ұлды түгел шығаратын. Сонда Әмірхан өзіне тиесілі атыздың жұмысын бәрінен бұрын тез-тез жинап алып,

қалғандарын күтіп күн астында кітап оқып отырады екен. Оның аз ғұмырында жинаған дүниесі де тек кітаптар болды.

Әмірхан біреуге кітап бергенді қаламайтын дейді жары. Үйге дос-жарандары келсе, кітап сөресінің жанынан айналшықтап шықпай жүріп алатын көрінеді.

Бір күні үйіне біраз досының басы жиналып қалады. Көңілді отырыс болады. Қонақтар кетісімен Әмірхан Л.Гумилевтің «Хұндары» жоқ екенін байқап қояды. Екеуі ары ойланып, бері ойланып, «бал ашып» отырып, «ұрының» кім екенін табады.

Бірде ортақ достар сол жігіттің үйінде бас қосатын болды. Әмірхан мен Мархабат егер мүмкіндік болып жатса оның кітап сөрелерін қарап шығатын болып алдын ала келісіп алады. Айтқандай-ақ, «Хұндар» сол үйде тұр екен. Ерлі-зайыпты бір-бірімен ымдасып жүріп, ыңғайын тауып, көпшіліктің көзін ала бере кітапты сөмкеге салып алады. Сөйтіп, қызық болғанда өз кітаптары өздері «ұрлап» алғандары бар.

Олар ең алғаш Алматыдан ұй алып көшкенде, дүние-мүліктерінің ішіндегі ең көбі кітаптар болатын. Жаңа баспаналарына он қап кітап көтеріп кірген сонда. Ал қазір Әмірхан жинаған кітап қоры үш мыңға жуықтап қалыпты. Екеуі дүкенге, базарға шыға қалса, Әмірхан міндетті түрде жолында кездескен кітап дүкеніне кіріп кететін. Ондай сәттері Мархабат қуанады да, мұңайды да. Қуанатыны – Әмірхан оған «сонша сағат қайда жоғалып кеттің» деп күнкілдемейді, өйткені ол өз қызығына сүңгіп кететін. Ал мұңайатыны – тамаққа, киімге деп санап алып шыққан өзі азын-аулақ ақшаның тең жартысы кітапқа жұмсалатын. Отағасы ешқашан кітап бағасына қарамайтын. Кезекті бір республикалық мұшайрадан алған 150 мың теңге жүлдесінің бір тиынына дейін тиіспей, кітап жинайтын үлкен шкаф жасатып, кітаптарын сонда әрқайсысын әдемілеп, баппен, аялап тұрып өзі жинаған-ды. Кітап сөресіндегі ескіріп, жыртыла бастаған кітаптарды Мархабатқа желімдеткізіп, жаңалатып қоятын. Өйтпесе, кейінгі жылдары шыққан сол автордың кітабын сатып әкелетін.

Әмірханның кітапханасынан кез келген адам іздегенін табады. Онда әлем әдебиеті де, тарих, ЖЗЛ сериясымен шыққан том-том кітаптар, суретшілер туралы туындылар, классикалық музыканың фавориттері Моцарт, Бетховен, Бах жайлы дисктер – бәрі-бәрі кітап сөрелерінде қаттаулы.

– Бұл кітаптарды осылай жинап, құндақтап отырғаннан гөрі өзгелердің, оның ішінде жастардың қанып оқығаны дұрыс қой. Сондықтан болашақта осы жағынан бір амалын ойластырып көретін шығармыз, – дейді Мархабат.

Жастар демекші, Әмірхан қанатының астына талантты жастарды жинап жүретін еді дейді жары. Жастар да өз кезегінде бітімі бөлек ағаларын ерекше құрметтеп, «еркелігін» де көтере білген. «Менің бабадүрлерім» дейтін көрінеді жас достарына. Шерхан Талап, Айдос Исламғали, Бекзат Смадияр, Досхан Жылқыбаев, т.б. бабадүрлері бүгінде есейген, өскен, әлі күнге

## ТУСАУКЕСЕР

# «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІ САЯСАТЫ»

Мұстафа Шоқайдың құнды жазбалары туған елімен қауышты



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

**Белгілі ғалым, мұстафатанушы Әбдуқап Қара аударып дайындаған сүбелі тарихи еңбек қазақ, түрік, орыс және француз тілдерінде жарық көрді. Таяуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аталған кітап оқырмандарымен қауышты.**



Естай  
БОЖАН

«Кеңес Одағының түркі әлемі саясаты» деп аталатын кітапқа Мұстафа Шоқайдың француз тілінде жарық көрген 40-тан астам мақаласы енгізілген. Онда Кеңес Одағының түркі әлеміне қатысты әр кезеңдегі саясатынан тартып, сол тұстағы түркі елдеріндегі экономикалық, саяси жағдайлар турасында жазылған мақалалары жинақталған. Автордың айтуынша, Мұстафа Шоқайдың өз кезінде баспа бетінде жарық көрген 700-ден астам мақаласы табылған. Соның 120-ға жуығы француз тілінде шыққан. Оқырмандарға жол тартып отырған жана жинаққа солардың ең таңдаулылары аударылып, түпнұсқасымен қатар берілген.

Аталған еңбектің Алматыдағы тұсауы КазҰУ-дың Тарих факультеті ұйымдастырды. Іс-шараға тарихшы ғалымдар, шоқайтанушы зерттеушілер, әдебиет пен өнертанушы, сондай-ақ, өзге де салалардан бірқатар зиялы қауым қатысты. «Кеңес Одағының Түркі әлемі саясаты» деп аталған еңбек әуелі Анкара қаласында, кейін Мұстафа Шоқайдың туған өлкесі Сыр жерінде, Қызылордадағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде және Астанада арнайы тұсауы кесіліп, жұртқа таныстырылған болатын. Дегенмен, еңбектің авторы қара шаңырақ КазҰУ-да өткен іс-шараның тарихи

мәні айрықша екенін айтты. Әрі бұл осы ғылыми еңбекті таныстырудың қорытынды іс-шарасы екенін де атап өтті.

Іс-шараға қатысқан тарихшылар, зерттеуші зиялы қауым аталмыш еңбекті Қазақстандағы тарих ғылымына қосылған құнды еңбек ретінде бағалады. Бұл, әсіресе, отандық мұстафатанушыларға зор мүмкіндік бермек. Жинақта Мұстафа Шоқайдың төл туындылары түпнұсқаға қоса берілгендіктен, оның өмірі мен күрес жолын зерттеушілерге үлкен бағыт-бағдар бере алатындығымен ерекше.

Сондай баға берушілердің бірі, белгілі шығыстанушы, тарихшы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы болды. Ол сөзінде еңбек авторын құттықтай келіп: «Бұл еңбек біздің тарихты жаңа қырынан зерттеуге, әсіресе өткен ғасырдағы қазақ интеллигенциясының ой-танымын түсінуде деректік, құжаттық еңбек ретінде бағалы. Әбдуқап Қара Мұстафа Шоқайға қатысты шетелдегі деректер арқылы біздің ХХ ғасыр басындағы тұлғаларды тануға деректік, құжаттық негіздерді ғылыми айналымға ұсынып отыр. Мұстафа Шоқайды біз тек қазақтың тарихи тұлғасы, сол кездегі Алаш лидерлерінің бірі деп қарамауымыз керек. Ол – әлемдік тұлға. Сол дәуірде әр ұлттың көсемдерімен иық тірестіретін, ойшылдарымен салыстыруға болатын тұлға. Ондай тұлғаның тарихи негізін міне осы секілді тарихи құжат арқылы бекемдей аламыз», – деген пікірін ортаға салды.

Еңбекті құрастырушы Әбдуқап Қара қорытынды сөзінде кітаптың қазірше төрт тілде жарық көргенін, алайда өзге түркі тілдес ағайындардан, Еуропа жұртынан түскен сұранысқа байланысты өзбек, қырғыз тілдерінде, ағылшын және неміс тілдерінде шығаруға дайындалып жатқанын жеткізді. Ғалымның айтуынша, тұтас Түркі жұртының азаттығын аңсаған қазақтан шыққан айрықша тарихи тұлғаға қатысты қызығушылық елімізде ғана емес, шетелде де жоғары деңгейде. Бұл сұранысты өтеу үшін М.Шоқай мұралары шет тілдерінде де жарық көруі тиіс. Бұл еңбекті ол Мұстафа Шоқай

сынды тарихи тұлғаны қазақ аудиториясына ғана емес, тұтас әлемге кеңірек насихаттау үшін дайындағанын айтты.

Әбдуқап Қара мұстафатану бағытындағы әр іс-әрекет үлкен тарихи тұлғамызға жабылған ауыр жалалардан арылтуға бағытталуы керек деп атап өтті. Бұған қатысты сөзін Ә.Қара былай деп түйіндеді: «Білесіздер, Мұстафа Шоқайға кезінде үлкен жала жабылды. Ол кісі нацистермен ымыралаудан бас тартып, регионнан бас тартқаннан кейін, кейбір болжамдарға қарағанда нацистер жағынан у беріп өлтірілген. Кейбіреулер сүзектен қайтыс болды дейді, бірақ өлтірілген болуының ықтималдылығы жоғары. Сондай ымырадан бас тартып құрбан болған адамға «нацистермен ымыраласты», «сатқын» деген жала жабылды. Бұдан үлкен жала болмасы анық. Мінеки, Кеңес Одағы құлағалы 30 жылдан асты, бірақ әлі де оған жабылған жала біздің алдымыздан шыға береді. Оны ақтарлық бұлжытпас деректер зерттеушілеріміз жағынан жарыққа шығып та жатыр. Бірақ өзгелердің оны білмей жатуы бұл еңбектердің көбі дерлік қазақ тілінде шығуында. Өзге жұрт зерттеушілері бұл деректермен таныспай жатыр. Сондықтан алаштанудың, мұстафатанудың негізгі мақсаты әдейі тағылған түрлі жаладан арылту болуы керек», – деп түйді автор.

Айта кетейік, ұлтымыздың тәуелсіздік жолындағы күрес тарихында Мұстафа Шоқай аса көрнекті, әрі күрделі тарихи тұлға саналады. Қазақ жерінде және оған іргелес түркі жұртында кеңестік билік орнағаннан кейін ол 1921–1941 жылға дейін, яғни өмірінің соңғы 20 жылын Францияның астанасы Парижде өткізді. Француз жұртында ол Еуропаның бірқатар еліндегі баспасөз арқылы кеңестік биліктің езгісіне қарсы қарусыз майдан ашты. Ол неміс, француз, ағылшын, поляк, орыс және түрік тілдерінде кітаптар мен мақалалар шығарып жариялап тұрған. «Кеңес Одағының түркі әлемі саясаты» атты кезекті мақалалар жинағы елге жеткен М.Шоқай мұраларының бір парасы ғана.

## ТӘРБИЕ

## «ӘЖЕ – ҰЛТ ҰЙЫТҚЫСЫ»

Ақ жаулықты аналар үндеу тастады

**Қаладағы іргелі аудандардың бірі – Алмалы ауданы әкімдігі жанындағы Ардагерлер алқасының мүшелері ұрпақ тәрбиесін мықтап қолға алды. Себебі, қазіргі күні жақсылықтан гөрі жамандық жиі айтылып кеткендей.**



Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

Мәселен, жастар арасындағы тәртіпсіздік, ата-ананы сыйламау, отбасындағы зорлық-зомбылық, әйелге қол көтеру сынды келеңсіздіктер, әке рөлінің төмендеуі, бала тәрбиесінің әке-шеше жанжалының тасасында қалып қоюы, жас ұрпақтың өзіне керекін отбасынан емес, ғаламтордан іздеуі секілді жайттар күн тәртібінен түспей тұрғанын жасырын емес. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық тәрбиеміздің шегесі босап тұрғандай.

Осыны назарға алған Алмалы ауданы әкімдігі жанындағы Ардагерлер алқасы «Әже – ұлт ұйытқысы» деген әлеуметтік-отбасылық жобаны қолға алды. Жобаны нәти-



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

желі іске асыру үшін аудандағы барлық балабақша, мектеп, жоғары және кәсіптік арнайы оқу орындарының өкілдерін бас біріктіріп, жұмылып жұмыс істеуге шақырып, Үндеу тастап отыр.

Үндеуде қазақ отбасындағы ата-әженің орны, олардың жас ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі туралы айтылады. Иә, ақ сақалды ата мен ақ кимешекті әже – көпті көрген, түйгені

мол, өмірдің талай белесінен өткен қазыналы жандар. Соның ішінде әже – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-туыстардың ынтымақ-бірлігін, татулығын ойлап отыратын отанасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөй данасы. Шоқандай тұлғаның – Айғаным, Абайдың – Зере, ал Мұхтар Әуезовтің Дінасыл сынды әжесі тәрбие бұлағының бастау көзі болған

дана кісілер еді. Сол әжелердің өнегесі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатыр. Бізге соны үзіп алмау парыз. Ал Алмалы ауданының ақ жаулықты әжелері бүгінгі жастардың ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп, салт-дәстүрімізді қадірлей отырып, тәрбиелі, білімді, саналы, уақыт көшінен қалмайтын заманауи болса деген ниетте.

Мемлекет басшысы да отбасы құндылығын назардан тыс қалдырған емес. Ел халқына арнаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «...Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек, ұлттың жаңа санасын қалыптастыру, әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет» деп атап көрсетті. Сондай-ақ, «Бала тәрбиесі – ең алдымен ата-ананың міндеті, ал мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы» деп қадап айтқан болатын.

«Ұрпақтар сабақтастығын жарасымды жалғастыруда, ата-бабалар аманатын адалдықтан айнымай ту етіп ұстауда, бала тәрбиесінде, отбасы құндылықтарын, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарымызды насихаттауда әжелердің орасан зор орны бар екені, олардың өлшеусіз рөл атқаратыны ақиқат. Олай болса, Алмалы ауданындағы балабақша, орта білім беретін мектептер, жоғары және кәсіптік арнайы оқу орындарында «Әжелер мектебі» жұмысын жаңғыртып, жаңартып, ұрпақ тәрбиесін, отбасы құндылықтарын насихаттауда бірлесе жұмыс істеуге шақырамыз! Біз кез келген ұсыныс, пікір, ойды қолдауға әзірміз», делінген Үндеуде.

Ұрпақтар сабақтастығын көздеген «Әже – ұлт ұйытқысы» жобасы және оның Үндеуі нәтиже берері сөзсіз.



## СҰХБАТ



– Көне тарихы бар қуыршақ театры жақында ғана қайта жөндеуден өтті. Жанарған өнер ордасының жаңалықтарымен бөлісесіз?

– Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаладағы мәдени нысандарды аралау барысында біздің театрымызға келіп, бірқатар мәселелердің шешілуіне түрткі болды. Шаһар басшысы театр ғимаратын қайта жөндеуге тапсырма берді. Жөндеу жұмыстары өткен жылы қараша айында басталған болатын. Биыл қаңтардың 20-сына дейін ішкі-сыртқы жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Оның ішінде сахна кеңістігі, көрермендер залы, грим бөлмелері, айындық залдары, киім ауыстыратын бөлмелер толық жөндеуден өтті. Оған қоса, сапалы дауыс пен жарықты қамтамасыз ететін соңғы үлгідегі заманауи сахна жабдықтарын сатып алдық. Жалпы, жөндеу жұмыстарына 87 миллион теңге бөлінді, үлкен сахнаны жабдықтауға, яғни модернизацияға 50 миллион теңге жұмсалды. Соның арқасында театрымыз жаңарып, жаңғырып қалды. Осындағы қызметкерлеріміз де шабыттанып, қуанып жүр. Және көрермендеріміз де бізді сағынып қалыпты. Осы 2 айдың ішінде әлеуметтік желілерімізге жазып, қашан ашылатынымызды сұраумен болды. Енді 18 ақпаннан бастап көрермендерімізге есігімізді қайта аштық.

– Ұлт мақтанышы Бекзат Саттархановқа арналған жана «Чемпион» қойылымынан не күтеміз?

– Мен 2022 жылы директорлық қызметке келгенге дейін «Бекзат чемпион» деген спектакль қою туралы идея болыпты. Бірақ басталмай қалған екен. Біз осы жұмысты қолға алдық. Театрымыздың негізгі көрермендері балалар ғой, сондықтан балалардың патриоттығын ояту, оларды патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында небәрі 20 жасында Олимпиада шынын бағындырған Бекзат бауырымыздың бейнесін сахналауды жөн көрдік. Бұл спектакль тарихи тұлғаға арналған өнер ордамыздағы алғашқы қойылым. Біздің театр бұрын ертегі, аңыз әңгімелерді ғана қоятын балалар театры деп қарастырылып келген. Бірақ енді балаларға үлгі беретін Бекзат сынды тарихи тұлғаларды сахнаға жиірек шығаруды жоспарлап отырмыз.

– Бір спектакль қанша уақытта және қалай дайындалады?

– Қойылым сахнаға шыққанға дейін үлкен процесс жүреді. Алдымен тақырып пен тематика таңдалады. Мысалы, Бекзат Саттархановқа арнап «Чемпион» деген қойылым қоямыз деп бекітеміз. Одан кейін осы тақырыпта драматургке тапсырыс береміз. Мысалы, «Чемпионды» Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының жүлдегері, белгілі драматург Әлібек Байболов арнайы тапсырыс беріп, жаздырды. Драматург пьесасын әкелгеннен кейін оны театрымыздың Көркемдік кеңесі қарайды. Әрі қарай оны режиссер алады да, қойылымға қажетті жабдықтарға тапсырыс береді. Қуыршақ цехтары қуыршақтарын, киім цехтары

Алматыда орналасқан Мемлекеттік қуыршақ театры қайта жөндеу жұмыстарынан кейін қалың көрермен үшін есігін қайта ашып, театр сахнасында Сидней Олимпиадасының чемпионы Бекзат Саттархановтың батыл рухына арналған «Чемпион» қойылымының премьерасын өткізді. Осы орайда, Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры Алмат Амангелдіұлы Абдрахмановпен әңгімелесудің сәті түсті.

киімдерін дайындайды. Барлық жұмыстар аяқталған соң қойылымға репетиция басталады. Әр қойылымға әртүрлі уақытта дайын болады. Кей спектакль 1 айда, енді біреуі 10-ақ күнде сахналанып жатады. Ал «Чемпионның» дайындығына 1 жылға жуық уақыт кетті. Айта кетейін, қуыршақтарымыз осында жасалады, қуыршақ жасайтын және киім жасайтын бутафор цехтарымыз бар.

– Мемлекеттік қуыршақ театрының алдағы жылға жоспарлары қандай?

– Мемлекеттік қуыршақ театрына қатысты жарғыда тек балалардың спектаклін қою керек деген шектеу жоқ. Әртүрлі қойылымдарды қоя аламыз, бірақ оның ішінде қуыршақ қолданылуы керек. Осыны ескеріп, біз жан-жақтан режиссерлер шақырдық, басқа театрларды зерттедік. Қазір әлемдік классиканы, Шекспирдің шығармаларын қоя бастадық. Оның ішінде өнер ордамыздың сахнасында қойылған Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», «Макбет» спектакльдері бағы жанып, үлкен халықаралық жүлделер алды. Атап айтқанда, Еуропа елдерінде, Ресей және Түркиядағы халықаралық фестивальдерден гран-примен оралып жатыр. Сондай-ақ, өткен жылы сахнамызда 6 премьерә көрсетілді, биыл да біраз жаңа қойылымдар жоспарланған. Халықаралық алаңда Алматы қаласының имиджін көтеру үшін бір жағы фестивалға

лайықтап, бір жағы өзіміздің тұрақты көрермендерімізге арнап қоятын боламыз. 28 ақпан күні Шарль Перро ертегісі негізінде «Етіктегі мысық» қойылымының премьерасы болады. Ал сәуір айында бізге Грузияның атакты режиссері Николоз Сабашвили келіп Гогольдың «Шинель» спектаклін қуыршақ театрына лайықтап қояды.

– Былтыр алғаш рет Алматыда қуыршақ театрлар фестивалі өтті. Бұл іс-шараның маңызы неде?

– Мемлекеттік қуыршақ театры 1935 жылы ашылған, келесі жылы бізге 90 жыл толады. Мерейтойымызға орай театрды министрлікке академиялық атаққа ұсынып жатырмыз. Дегенмен, зерттеп қарасақ, біз халықаралық фестивальдерге барамыз да, бірақ өзіміз өткізбейді екенбіз. Сондықтан былтыр Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен Республика күні аясында І Халықаралық «Almaty Puppet Festival» қуыршақ театрлар фестивалін өткіздік. Оған 6 елден 14 театр қатысты. 5 күнге созылған фестиваль кезінде 150-дей қуыршақ мамандары, актерлер өнер көрсетті. Мұны өткізудегі басты мақсатымыз – тәжірибе алмасу. Осы фестивалді дәстүрге айналдырып, биыл қыркүйек айында Қала күніне орай екінші рет өткізуді жоспарлап отырмыз.

– Қуыршақ театрында мамандардың жетіспеушілігі сезіле ме?

## ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

## Алматы мемлекеттік қуыршақ театры «ЧЕМПИОН» қойылымының премьерасын ұсынды

Алматы мемлекеттік қуыршақ театры қазақстандық боксшы, Сидней Олимпиадасының чемпионы Бекзат Саттархановтың батыл рухына арналған «Чемпион» қойылымының премьерасын театр сүйер қауымының назарына ұсынды. Бұл спектакль арманға деген адалдық, мақсатқа жету жолындағы қажырлы еңбек, елі мен жеріне деген сүйіспеншілікті насихаттайтын қойылым жас жеткіншектерді қайсарлыққа, өжеттілікке, батылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелейді.

Қуыршақ театры сахнасында тұңғыш рет ұсынылатын қойылымның ерекшелігі – болмысы бөлек бокс шебері, ұлт мақтанышы, небәрі 20 жылдық ғұмырында 143 жекпе-жек өткізген біртуар боксшының асқақ рухын қуыршақ образында көрсету. Кинематография элементтерін ұтымды пайдалана отырып, әр дәуірдегі қазақ халқының жеңісі мен жеңілісін түрлі символикалық образдар арқылы тарихи фактілермен байланыстыра қабыстырылған қойылым Бекзат Саттархановтың күресі арқылы күллі ұлт тарихын баяндайды.

– Үш-төрт жыл бұрын белгілі ақын Бақыт Беделхан ағамыз қуыршақ театрынан тапсырыс түсіп тұр, соны сен жазсаң деп маған қолқа салды. Бұрын спорт туралы жазбағанмын, балалар тақырыбында екі есе қиын. Біраз тартыншақтап жүрдім де, ақырындап бастап, жазып бердім. Бірақ одан кейін пандемия болды, сондықтан 3 жыл өткеннен кейін пьеса сахналанайын деп жатыр. Біз Бекзат арқылы қазіргі балаларға рух дегеніміз не, намыс деген қандай болады, ерік пен күштің қуаты сынды құндылықтарды



түсіндіргіміз келді, – деді «Чемпион» пьесасының авторы, драматург Әлібек Байбол.

Жасөспірімдер аудиториясына арналып дайындалған драма жанрындағы қойылымның режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр ардагері Оразәлі Ақжарқын-Сәрсенбек, авторы – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының жүлдегері, драматург Әлібек Байбол, суретшісі – Юлия Чернова, Әнуар Бүркітбаев, музыкамен көркемдеуші – Бакберген Байшығаш, хореографы – Анна Цой.

– Театрдың тілі бір-ақ тіл, ол – рухани тіл. Бүгінгі спектакль бұл Шекспир емес, басқа бір ғұлама драматургтің шығармасы емес. Сондықтан да оның салмағы ауыр, кеше ғана көз алдымызда жүрген Қазақстан тарихында аты қалған Бекзат бауырымыз жайында. Егер кімде-кім Бекзаттың қалай чемпион болғанын көргісі келсе, онда әлеуметтік желідегі финалды ашады. Бұл Бекзат қалай чемпион болды деген сұраққа жауап береді. Ал біздің қойылым «неге чемпион болды» деген сұраққа жауап береді. Ондағы айтатын жауабымыз – қазақ халқының рухы. Қойылымда бәрі бар – сактар да, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» да, репрессия да. Бұл спектакль адамның жанына азық беретін қойылым. Әр спектакль ақыл, ой-сана, түйсігімізге ой салуды керек. Жай ғана күліп, жай ғана жылап кету керек емес. Мына спектакльді көрген 200 баланың екеуі ойла-нып кететін болса, онда біздің мақсатымыздың орындалғаны, – деді қойылым режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Оразәлі Ақжарқын-Сәрсенбек.



– Жалпы, театр ұжымында 120 адам қызмет етеді. Оның ішінде шығармашылық топта 35 актеріміз бар. Қазақ тілмен айтқанда, театрымызда үлкен буынның да, орта буын мен кіші буынның да өкілдері жұмыс істейді. Қазіргі уақытта біз жоғарғы оқу орындарымен тығыз жұмыс істейміз, олар үшін жұмыс берушіге айналдық. Атап айтқанда, бізге мамандар Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрадалық-цирк колледжінен келеді. Колледжде де, академияда да «қуыр-

шақ театрының актері» деген мамандық бар. Бірақ бізге жетіспейтін маман – қуыршақ театрының режиссері ЖОО-дарда оқытылмайды, Қазақстанда жалпы жоқ. Біз бұл мәселені министрлікке жолдадық. Сонымен қатар, қуыршақ жасаудың шеберлері де елімізде дайындалмайды. Осы себебі, театрда айтылған мамандардың жетіспеушілігі бар.

– Халық арасында театрларға деген сұраныс артып келеді, әсіресе, жастар арасында. Қуыршақ театрындағы жағдай қалай?

– Соңғы 5 жылмен салыстырсақ, қазіргі кезде театрларда керемет тенденция болып жатыр. Біздің қуыршақ театрының кей спектакльдерінде 5–10 адам отырса, қазір түгелі дерлік аншлағ болып отырады. Цифрмен айтсам, 2021 жылы табысымыз 30 миллион болса, былтыр 2023 жылы 60 миллионға жетті. Яғни жылдық табыс 2 есе өсті. Көрермен саны алдыңғы жылдары 35–40 мың болса, өткен жылы 82 мыңға жеткіздік. Оның себебі, халық арасында мәдени құндылықтарға деген қажеттілік артуынан деп ойлаймын. Үлкендер де, балалар да смартфоннан, әртүрлі шоулардан жалыға бастады. Және де қазіргі театрлардың репертуары кеңейіп, олардың сапасы артты. Айта кетерлігі, қуыршақ театрына алғаш жұмысқа келген 2016 жылы театр қабырғасында қазақ балаларды өте аз көретінбіз. Содан біз қазақша спектакльдерді қоя бастадық. Бірінші жылдары қазақтілді қойылымдарға келетін балалар аз болды, ал орысшада толып отыратын. Қазір сұранысқа жауап беретін ұсыныстың көбеюіне қарай қазақ балалардың қызығушылығы да артты. Бізде көрермендермен байланыс бөлімі бар. Бұл бөлім халықтың талап-тілегіне сараптама жасайды. Бір айдың репертуарын жасағанда қандай қойылымдар артта қалды, қайсысы көрерменді қызықтырды деп зерттеу жүргізеді. Бұл жұмыс та өзінің оң әсерін беріп жатыр деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан  
Досбол  
АТАЖАН.





## ӘЛЕУМЕТ


# ДЕМОГРАФИЯ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫН АЙҚЫНДАЙДЫ

**Қазіргі таңда әлеуметтік-демографиялық ахуал оңалып келеді. Туу көрсеткіші біршама артқан. Осы қарқынды үдете түсу үшін бірқатар нақты қадамға бару қажет болып тұр. Бұл жолда атқарар істер жетерлік. Соның ішінде демографиялық ахуалды екі есеге арттыру керек.**

XX ғасырдың басында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдулилла, 6 миллион қазақпыз!» деп сүйіншілеген екен. Ол кездегі демографиялық ахуал біршама тұрақтылау болғанға ұқсайды. Алтын құрсақ аналар көп бала табудан қымсынбаса керек-ті. Алайда, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Қазан төңкерісі, 1921–1923 және 1931–1933 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық ел еңсесін есенгіретті. Қасақана жасалған ашаршылықтың салдарынан 4 миллионға жуық халық ажал құшты.

Сондай-ақ, 1937–1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін, 1941–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс ұлтымыздың өсіп-өнуіне кері әсерін берді. Бізге 1954 жылғы тың және тыңайған жерлерді игеру дейтін желеумен Украина мен Ресейден 2 миллионнан астам шаруалар қоныстанды. Ақырғысы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – бәрі-бәрі демографиялық ахуалдың жандануына тұсау болды. 1991 жылы дербестік алған шақта жергілікті қазақ ұлтының саны небәрі – 40% болды. Сол жылы Қазақстанда 16 миллионнан астам адам өмір сүріпті. Содан бері 20 миллионға енді жеттік. Соның ішінде мемлекет құраушы ұлт 13 миллионның төңірегінде көрінеді.

Әлемде жер көлемі жағынан 9-орында тұрғанмен, ұлтымыздың демографиялық саны аз болып тұр. КСРО тараған шақта Өзбекстан халқының саны 20 миллионнан асқан болса, осы күні 36 миллионға жетіп



(Сурет: 365info.kz)

отыр. Зер салып қарасаңыз, әлеуметтік жағдай ол жақта жетісіп тұрған жоқ. Ала-тақиялы ағайынның жер көлемі аз. Бірақ туу көрсеткіші өте жоғары. Былайша айтқанда, 2 есеге көбейіп отыр. Ал Қазақстанның ЖІӨ оңтүстіктегі ағайындардан 2-3 есе көп. Жер көлемі әлдеқайда кең. Алайда, демографиялық көрсеткіш көңіл көншітпейді. Бұл арада ойланатын жағдай көп болып тұр. Парадокс!

Біздің ағайындар сыртқа жаппай кетіп, жұмысқа жегіліп жүрген жоқ. Әрине, АҚШ, Еуропа, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерге барып нәпақасын тауып жүргендер бар. Алайда, олардың саны соншалықты емес-ті. Тәуелсіздік жылдар ішінде сырттан 1 миллионға жуық қандас келіпті. Соның өзінде қазақтың саны көбейіп кеткені шамалы. Сондықтан бұл жерде жіті қарайтын мәселелер толып жатыр.

## «Ана капиталы» қажет

Бізге «Ана капиталы» ұлттық бағдарламасы қажет. Қалайда халқымыздың санын арттыру шарт. Өйтпесе, мынадай өсіммен ештенені қатырмаймыз. Жылына Қазақстанда

400 мыңға жуық сәби туылады екен. Сондай-ақ, статистика бойынша шаңырақ көтергендердің 4/1 ажырасып тынатын көрінеді. Бұл қоғамның дертіне айналып барады. Мұның алдын алу керек.

Ресейде бірінші туылған балаға 43 400 рубльден бастап 639 400 рубльге дейін, ал екінші балаға 57 400 рубльден 883 000 рубльге дейін берілетін көрінеді. Осындай бірегей ұлттық бағдарлама халықтың еңсесін тіктейді. Деморграфияны осындай нақты қадамдар демейді. Өйтпесе, қу тіршілік қысқан заманда бала түгіл бас қайғыға айналды. Өйткені, бір күн жұмыс істемесеңіз күн көрістің жағдайы белгілі болып қалады. Сондықтан белсеніп жұмыс істеу керек-ау.

Бізге «Ана капиталы» ұлттық бағдарламасы болса көптеген игі істер орын алар еді. Жас отбасылар баланы көбірек дүниеге әкелуге тырысады. Себебі, әр туған балаға қомақты қаражат төленсе, кредит пен ипотеканы өтеу жеңілдейді. Сонда әрбір денсаулығы жақсы жас отбасы кемінде 5-6 балалы болуға ниеттенеді. Бұл өз кезегінде ел халқының санының артуына жол ашады.

## БАСПАНА

## ХОСТЕЛ ЖАҒДАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

**Алматыға келушілер қатары көп. Бәрі бұл қалаға қызығады. Әсіресе, жастар құштар.**

Үлкен қалаларда жастар шоғыры көп болады. Кейбірі тұрмыстың тауқыметін жеңу үшін келеді. Өйтеуір бір күйбең тіршілікті ойлап іс қылады. Сөйтіп жүріп талайдың тауық кепесінде күн кешуге тура келеді. Өйткені, қолыңнан жетектеп тұрған ешкім жоқ. Сондықтан екі қолға бір күрек табу, жататын жай іздеу тек қана өзіңізге байланысты. Халық даналығында «қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» дейді. Бұл мақал-мәтел бүгінге тап келіп тұрғандай.

Біздің дәуіріміз арпалыс. Әрине, айдың күннің аманы дұрыс. Бірақ тұрмыс-тіршілік бос жүруді кешпейді. Өңгіме үлкен қалада бірнеше уақытқа тұрақты жай табуда. Соңғы кездері пәтердің бағасы қымбаттап барады. Жалғыз-жарым адамның қалтасы көтермесі анық. Сондықтан да хостел іздейді. Бұны қазақшалағанда жатақхана іспетті мағына береді. Яғни жататын төсек-орныңызға төлейсіз. Қалған жуынатын жер, ас бөлме бәріңізге ортақ болады. Бір бөлмеде кемінде 5-6 адам тұрады. Бұл бүгінгінің бюджеттік тұрақ-жайы болып тұр.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жақсыбек МАРАЛҰЛЫ,**  
**құрылысшы:**

## ПӘТЕР ЖАҒАЛАҒАН ОҢАЙ ЕМЕС



**Біз Алматыға жұмыс істесек деген ниетпен келдік. Негізі, туған жер Қазалыда. Мақсат – тиын-тебен жинап, үй тұрғызу. Сол ниетпен құрылыс саласында істеп жатқан жайымыз**

бар. Біраз уақыт хостелде тұрып көрдік. Оның алдында пәтерден-пәтерге көшіп-қонып жүрдік. Көптеген таныс-жолдас жігіттермен бірге тұрып та көрдік. Бір бөлмені паналаған соң ішіп-жеуіңіз бір болады. Ортақ азық-түлік аласыз. Кезектесіп ас-ауқат әзірлейсіз. Осылайша көпшілікпен сыйысып тұру қажет. Басқалай амал да жоқ. Кейінгі кездері хостел дейтін шығыпты. Қысқасы, пәтер жағалаған оңай емес.

Осы күні жәнімің үйінде тұрып жатырмын. Кей-кейде керек-жарағын апарамын. Сөйтіп, көңілдерін жықпауға тырысамын. Әліге дейін қала немесе ауылда тұратынымды нақты шешпедім. Қазалыдан ағам екеуімізге екі жаңа үй салдық. Екінші тамды алдағы уақытта аяқтап қалармыз. Ең негізгі мүдде – болашақта біреудің пәтерінде мүсәпір болып тұрмау. Қолдан келсе, жас уақытта үй-жай, көлік дейтін қажеттіліктерді реттестірген жөн. Бұл бізге ата-анамыздың, бауырларымыздың айтқан өсиет нақылы. Біз де айтқан тілді алып, әрекеттеніп келеміз.

**P.S.** Біздің уақыт еңбекқорлардың заманы сияқты. Барынша нәтижеге жұмыс істесеңіз бір жақсылық болары анық. Баспаналы болу да өз қолыңызда. Өзіңіздің құтты шаңырағыңыз болғанға ештеңе жетпейді.

Бетті әзірлеген  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Сәттібек АЙТМҰРАТОВ,**  
**психолог:**

## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Қазіргі жас отбасылар тек әлеуметтік жағдайға мән береді. Олар үшін экономикалық жағдай маңызды. Демек, бұл қоғам дерті деген сөз. Егер екі жастың санасы балалы болуға құштар болмаса, онда түк шықпайды.

Бізге түрлі жағдаймен адамдар келеді. Өз بازیнасын айтады. Бұрын да балалы бола алмай жүргендер келіп сырын шертетін. Енді арнайы балалы болмайтындар көбейді. Бәрінің айтатыны үй сатып алу, әдемі көлік міну. Ал көп балалы болу ең соңғы орында. Бұған қарап отырып, қарныңыз ашады.

Денсаулық та, бойдағы күш-қуат та жас кезде қуаттырақ болады. Ал жас ұлғайғанда дүниеге бала әкелу, оны бағып-қағу оңай шаруа емес. Осы мәселені көптеген азамат пен азаматшалар ұғына бермейді. Қолыңыздан келсе дер уақытында үйленіп, жас кезде жарық дүниеге бала әкеліп, бақытты шат-шадыман күй кешіңіздер. Өйткені, өмірдің негізгі мәні, ол – отбасы құндылығы.

**АРДАҚ ЖӘНЕ АРАЙ,**  
**жас отбасы:**

## БӘРІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Екеуміздің шаңырақ көтергенімізге 1,5 жыл уақыт өтті. Ең негізгісі, бізге қолдау білдірген ешкім болмады. Соны ескеріп өз жағдайымызды өзіміз көтеруді жөн көреміз. Сондықтан ақша табуды бірінші орынға қойдық.

Біздер Польшаға кетуді көздеп жүрміз. Қаладағы атақты қонақүйлердің сервистік қызметтер бөлімінде істейміз. Айлық табысымыз 400-450 мың теңге көлемінде. Ата-анамыз ауылда тұрады. Олардан көмек сұрамауға тырысамыз. Біз үшін бірінші кезекте үй-жай алу басты орында тұр. Дегенмен, екі жақтағы туыстарымыз да уақытында балалы болуды айтып қоймай жүр. Былай қарап тұрсаңыз, үлкендердің сөзінің жаны бар сияқты. Бірер жылда екеумізде 30 жасқа тақалып тұрмыз. Уақыт күн көріспен өтіп барады.

Ақыры шаңырақ көтерген соң ештеңеге қарамай балалы бола береміз-ау! Өйтпесе, 40 жасқа дейін 4-5 балалы болып үлгермейтін түріміз бар. Тым құрығанда ипотека, несие дегендерді жас отбасыларға оңтайландырса екен. Күндіз-түні жұмыс жасап, балалы болуды кейінге бекер ысырып тұрған жоқпыз. Қазақша айтқанда, «Кедейдің қолын жоқ байлап тұр». Түбі бір жақсылық болар.

**Қалдыбай ҚҰРМАНӘЛІ,**  
**зейнеткер:**

## БАЛАЛЫ БОЛУДАН ҚАШПАУ КЕРЕК

Біз отбасы құрғанда бәлен бала болсын деп ойламайтын едік. Қалыңмал төлеп те қатырмаған болармыз. Өткен ғасырдың екінші жартысы қиын болды. Тұрмыс қысса да, сана азат-тұғын. Ең бастысы, жақсы жар табуды жөн санадық. Сондықтан да өзгеше ойламаған шығармыз.

Зайыбыммен азшылық пен тоқшылықты қатар көрдік. Тұрмыстың бұралаң жолдарынан өттік. Ол уақытта Алматыға тіркеуің болмаса қалу қиын. Соған қарамай осында оқып, жұмыс істеп, кейін үйлі әрі күйлі болдық. 5 балалы болдық. Шешемізбен бірге жасадық. Ол кісі бала-шағаны қарауға көмектесті. Осылайша шаңырағымыз шайқалмай бақытты ғұмыр кешіп келеміз. Бүгінде немерелердің қолынан бал жалап отырмыз. Бізде бұдан асқан қандай арман болсын.

Қазіргі жастардың үйленіп балалы болуы қиын. Бір танысымыздың баласы үйленіп 5 жыл әдейі балалы болмапты. Мақсат – әлеуметтік жағдайды түзеу. Шын мәнінде әр нәрсені жоспарлап жүргенде уақыт өтіп кетеді. Сол себепті, әр шаруаны өз уақытында тындырған дұрыс.

## ТҮЙІН:

*Ел арасында «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деп текке айтпаған. Әр қазақтың шаңырағында кемінде 5-6 бала болса, туу көрсеткіші едәуір көбейіп қалар еді. Демографияны демеу – уақыт талабы.*



САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ – 100

# ҚАУҚАРЫҢ ҚАЛАЙ, ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРІ?



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

**Армия генералы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтың туғанына – 100 жыл. Халық қаһарманының аты берілген Құрлық әскерлері әскери институтының құрылғанына келесі жылы 55 жыл болады. Қазақстан армиясындағы маңызды құрылым туралы материал дайындау үшін Құрлық әскерлерінің әскери институтына арнайы барған едік.**

## Мыңға жуық курсант білім алуда

Қарулы күштегі аса сұранысқа ие әскер, қазақстандық армияның негізгі жауынгерлік күші – құрлық әскерлері. Ал сол құрлық әскерлерін даярлайтын негізгі ұстахана – Алматыдағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері институты. 54 жылдық тарихында әскери оқу орны 18 мыңнан астам офицерді даярлап шықты. Олардың қатарында 3 Кеңес Одағының батыры, 1 Халық қаһарманы, 8 түлек Ресей Федерациясының батыры, 1 Абхазия батыры, 1 Арцах батыры бар. Сонымен қатар, институт қабырғасында білім алған 86 түлек жоғары офицерлік «генерал» әскери атағына ие болды. Институтқа 2020 жылы ҚР үкіметі қаулысының негізінде тұңғыш Қорғаныс министрі, №1 Халық қаһарманы, Кеңес Одағының батыры Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың есімі берілді.

Оқу ордасы Бауыржан Момышұлы айтпақшы, «әрқашан әскери ар-намысын сақтап, солдаттық борышына адал» жауынгерлерді дайындауда жоғары талап қояды. Қазір Қарулы күштердің қызметіндегі офицерлердің 70 пайыздан астамы осы институтта әскери білім алған.

Оқыту мен жаттығуға қатар мән беріледі. Десантшылардан бастап, танк әскерлеріне дейін мотоатқыш, барлау, ракета және артиллерия әскерлерінің бөлімшелерін басқару сияқты 15 мамандық бойынша офицерлерді дайындайды. Қазіргі таңда мыңға жуық курсант білім алуда.

## Виртуалды полигон

Институтқа барған кезде бізді алдымен, оқу орнындағы әскери техникалармен таныстырып, курсанттардың казармасын аралатты. Әскери қызметтің ажырамас бөлігі – тәртіп пен тазалық. Төсек-орынды дұрыс жинау, көйлектің жағасын тігу, үтіктеу – әскердегі алғашқы талаптардың бірі. Мұның бәрі олар үшін күнделікті қайталанатын ұсақ-түйек шаруа болып көрінгенімен, нағыз әскери тәртіп сол казармадан басталады. Осы арқылы өмірін әскерге арнау үшін институтқа түскен жауынгерлердің бойында адами құндылыққа сай қасиеттер қалыптасады. Одан кейін техникалық камтамасыз ету және жөндеу кафедрасына бардық. Ол заманауи оқу-материалдық базамен, техникалық оқу құралдарымен камтамасыз етілген. Институттың лекциялық аудиториялары, кабинеттері және кластарында әскери мамандарды дайындауға керектінің бәрі бар, интернетпен жабдықталған. Сол жердегі назарымызды аудартқан ол – виртуалды полигон болды. Барлық техникалық құрылғы заманға сай автоматтандырылған. Курсанттар бұл виртуалды техника арқылы өздерін полигонда жүргендей сезінеді. Техниканың қалай басқарылатынын біліп қана қоймай, полигонға бармай тұрып психологиялық дайындықтан өтеді. Жалпы, оқу 3 этап бойынша жүргізіледі. Біріншісі – теория, одан кейін практика алдындағы оқу-жаттығу, үшіншісі – практика. Виртуалды полигонды практика алдындағы дайындықта қолданады. Кейін полигонға барғанда техниканы басқарып, жолда кездескен кедергілерден өтіп, беріл-

ген тапсырманы сәтті орындауда жеңіл болады. Заманауи техниканың барлығы соғысқа арналған. Курсанттар бір жағынан техниканы басқаруды үйренсе, екіншіден атыс тәсілдеріне машықтанады. Ерекшелігі, алдында виртуалды экран болады. Құрылысы, батырмасы кәдімгі техникамен бірдей. Виртуалды полигонға кез келген жаттығуды орната алады. Курсанттар қыс пен жаз мезгілі, жаңбыр, қар, қыратты жерлер мен суды кешіп өту сияқты полигонда кездесетін қолайсыз ауа райына, басқа да сынақтарға дайындалады.

## «Сардар» курсы тұңғыш рет өткізілмек

Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдық мерейтойына орай Қорғаныс министрлігімен бірлесіп ауқымды іс-шаралар



жоспарланған. Биыл Құрлық әскерлері қолбасшысының бас-тамасымен бітіруші түлектердің төрт жылда алған білімін тексеру мақсатында «Сардар» курсы тұңғыш рет өткізілмек. Түлектер барлық бағыт бойынша білім деңгейін көрсете алады. Сонымен қатар, биыл оныншы рет өтетін «Айбын» әскери-патриоттық жиыны алғаш рет Алматыда өтеді. Бұған дейін тоғыз рет Қарағанды қаласында өткен байқау Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына орай ұйымдастырылады. Институттың оқу орталығы – «Әли» полигонында өтеді. Оған 8 мемлекет қатысады. Әр елден бір командадан, ал Қазақстан Қарулы күштерінен 42 команда қатысады.

С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институт басшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Оралбек Сембекулы патриоттық рух биікте болуы қажет деп санайды.

«Оқу орнының басты міндеті – Қарулы күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құрамдарға және Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарт ұйымына мүше мемлекеттер үшін ұйымдастырушылық қабілеті, ерік-жігері, табандылығы мен тапқырлығы жоғары білікті офицерлерді даярлау. Құрлық әскерлерінің

әскери институты Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарт ұйымына мүше мемлекеттер – Тәжікстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы үшін офицерлер дайындайды. Институт түлектерінің білімі, Құрлық әскерлерінің қолбасшылығы және Қорғаныс министрлігі қойып отырған талаптардың орындалуымен бағаланады.

Құрлық әскерлері әскери институтының басқа жоғары оқу орындарынан артықшылығы курсанттарды оқыту мемлекет есебінен жүргізіледі, курсанттар 4 жыл тегін, казармалық жағдайда оқиды. Сонымен қатар, курсанттар тегін тамақпен және киім-кешекпен, шәкіртақымен, тегін медициналық көмекпен камтамасыз етіледі. Курсанттар жылына 2 рет – қыста 14 күнге, жазда бір айға демалысқа шығады. Демалысқа шығу және қайту кезінде тегін теміржол билетімен камтамасыз етіледі. Институтта болашақ офицерлерге оқу және сапалы жоғары білім алу үшін қажетті барлық жағдай жасалған.

Құрлық әскерлері әскери қақтығыс кезінде әуе қорғанысын, әскери теңіз күштерін, т.б. жалпы Қарулы күштегі барлық саланы қадағалайды. Қандай да бір шешім қабылдарда нүктесін қоятын да осы әскерлер. Десант шабуылдаушы, теңіз, әуе қорғанысын бақылайды. Ең көп жеке құрам – құрлық әскерлерінде. Кез келген соғыста немесе қақтығыста жазылмаған мынадай заң бар: «жаяу әскердің аяғы тимеген жер жауланды деп есептелмейді».

Курсанттармен күнделікті тәрбие жұмыстарын жүргіземіз. Сұхбаттасып, Отанға сүйіспеншілікті ұғындыру үшін әскери-патриоттық шараларды жиі өткіземіз. Дүйсенбіден жұмаға дейін оқу процесі өтеді. Сонымен қатар, күнде таңертең ақпараттандыру жұмысы жүргізіледі. Курсанттар әлемнің, елдің Қарулы күштеріндегі жаңалықтарды оқиды. Кешкісін патриотизмге бағытталған тәрбие жұмыстары өтеді. Ал демалыс күндері қаладағы музейлерге, театрлар мен кітапханаларға барады. Әр бағыт бойынша тәрбие жұмысы үзбей жүргізіледі.

Бүгінгі таңда білекке емес, білімге сенетін заман. Уақыт өзгерген сайын заман түрленіп, талап та күшейді. Әскери салаға барамын деуші түлек үшін білім және дене даярлығы – маңызды мәселе. Бастысы, патриоттық рухы биікте болуы қажет», – дейді ол.

## Атыс тапсырмаларын практика жүзінде үйренеді

Құрлық әскерінде десантшылар мен барлау әскерінің маңызы ерекше. Олар қарсыластың тылында жұмыс жүргізіп, әрдайым жаудың өтінде жүреді. Дене дайындығы бойынша



нормативі де басқаларына қарағанда күрделі болады. Мысалы, басқа мамандықтағы курсант 100 метрді 15 секундта жүгіріп өтсе, десантшылар мен барлау әскері 13 секундта келу керек.

Курсанттар полигонға шықпас бұрын теория жүзінде біліктілігін арттыру керек. Атыс тапсырмаларын практика жүзінде үйренеді.

Институтта білім алып жүрген курсанттардың бірімен тілдестік. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының түлегі, бірнеше жүлделі орын иеленген курсант Шавкат Қанатұлы былтыр жылдың аяғында ҚР Қорғаныс министрі орынбасарының қолынан үздік жас сарбаз ретінде Грамота алған. Шавкат Құрлық әскерлері әскери институтының барлау бөлімдерін басқару мамандығында 3-курста оқиды. 2021 жылы осы институттың курсанты атанған.



Гүлжанат СЕМБАЕВА.



## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Обдікүл СЕЙІРҚҰЛҰЛЫ,**  
техникалық қамтамасыз ету,  
пайдалану және жөндеу  
кафедрасының оқытушысы,  
подполковник:

### Кәсіби әскер жасақталады

Бірінші кезекте әскери техника – елдің айбынын асыратын күшті құрал.

Бұл кафедрада тоғыз пән бойынша оқытады. Қару-жарақ пен әскери техниканың құрылысын, оларды пайдалану, қалпына келтіру, жауынгерлік машиналарды жүргізу, т.б. оқытамыз. Қарулы күштегі негізгі қару жарақ – автомобиль техникасы. Әскери мамандарды дайындауда жоғары технологияны жылдам игеретін кәсіби әскерді жасақтау маңызды. Қару қолдану, ұрыс жүргізу тактикасының барлығы қазіргі заманға сай жүргізіледі.

Соғыс жағдайында, басқа да іс-қимылда ең бірінші азық-түлік жеткізу, киіммен, оқ дәрімен қамтамасыз ету, жаралыларды тасымалдау, мұның бәрі автомобиль техникасымен жүзеге асады. Сондықтан негізгі көңіл техникалық бағытқа бөлінеді.

Құрлық әскеріндегі негізгі техника – жауынгерлік ұрыс машинасы. Бізде сауыттық техника болып саналады. Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық. Курсанттар бәрін теория арқылы білсе де, техникалардың жұмысын практика кезінде жақсы қабылдай алады.

Дамыған елдерде құрлық әскерлері жүйесінде көлік құралдарының үлесі айтарлықтай көп. Қауіпсіздік пен жауынгерлік күш техника сапасынан көрінеді.



**Асан ЕРАЛЫҰЛЫ,**  
рота командирі, капитан:

### Абыройлы, жауапкершілігі мол сала

Құрлық әскерлері – құрлықта ұрыс қимылдарын жүргізуге арналған Қарулы Күштердің түрі. Әскери сапа

болашақ кадрлардан көрінеді. Жауынгерлік дайындықта арнайы бағдарға, жалпы әскери жарғыға сәйкес қызмет атқаруды үйретеміз. Менің ротамда мотоатқыштар мен тәрбиеші офицерлерден құралған 65 курсант бар. Қарулы қақтығыс кезінде негізгі мәселеге қалай өту керектігін үйреніп шығады. Әскер тазалықтан басталады. Институтқа оқуға түскен курсанттар алдымен тәртіпке, әскерге лайық жүріп тұруға дағдыланады.

Бүгінде кез келген мемлекеттің күші әскердің әлеуетімен өлшенетіндіктен, әскери институттағы білімді бір жылдық армиямен салыстыруға келмейді. Курсант бірінші курста сарбазға ұқсағанымен, екінші курстан бастап нағыз әскери саланың тәртібі мен қажетті жауынгерлік даярлықты терең меңгере түседі. Егер ел басына күн туса, біз қысқа уақыттың ішінде мықты офицерлерді дайындап шығуымыз керек. Әскер – абыройлы, әрі жүгі ауыр, жауапкершілігі мол сала.

Институтта далалық практика сабақтары әскерге қарағанда күрделі өтеді. Қазіргідей қатты аяз болса да, курсанттар полигондағы дайындықтарын үздіксіз жүргізеді. Шыдамдылықты курсант кезінде үйрене алмаса, ертең сарбазға шын әскердің қандай болатынын үйрете алмайды. Жеке құрамның 70 пайызы – теория, 30 пайызы – практикалық түрде өтеді. Жалпы жүйе бірдей. Курсанттың жауынгерлік, дене дайындығынан бөлек, моральдық дайындығы да қадағаланады.



**Шавкат ҚАНАТҰЛЫ,**  
курсант:

### Әскердегі барлау – негізгі күш

Менің әскери қызметке келуімнің бірден-бір себепкері – әкем. Ол да әскери қызметкер.

Кішкентайымнан осы салаға қызығып, қыр-сырын үйреніп өстім. Мектепте оқып жүргенде әскери қызметші боламын деген шешім қабылдадым. Мұнда оқу қиын емес. Өзіме дене және атыс дайындығы сабақтары ұнайды. Түрлі атыс тәсілдерді, жауынгерлік машиналарды жүргізуді үйретеді. 1-курста жалпы ортақ сабақтар бәрине бірдей оқытылады. Ал 2-курстан бастап мамандықтың бағытына қарай тереңдей береді. Сабақ пен күнделікті қызметте барлық курсантқа бірдей талап қойылады. Далалық, яғни полигонға оқу-жаттығуға шығатын мамандықтар бар. Мотоатқыштар, жаяу әскерлер, танкішілер, десантшылар, барлаушылар және тәрбие құрылымдарының офицерлері полигонға жиі шығады. Осы бес мамандық бойынша оқитын курсанттар ең көп далалық жаттығуға қатысады.

Барлаушылар барлық мамандықтан хабардар болуы керек. Олар – әскердегі негізгі күштердің бірі. Мотоатқыштың, десантшының, технардың, байланыс құралдарын зерттейтін мамандықтың іс-қимылын білуіміз шарт.

## ҰЛТТЫҚ ҰЛАН



Алматы гарнизонында сарбаздар үшін жаңа асхана және медициналық пункт ашылды. Оның лентасын ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Еркін Ботақанов «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына барған іссапарында салтанатты түрде қиды.

## САРБАЗДАРҒА ЖАҢА АСХАНА АШЫЛДЫ



**Нұржамал  
ӘЛШЕВА**

Жаңа асханада бір мезетте 160 сарбаз тамақтана алады. Асхана азық-түлік рационы нормаларына сәйкес түрлі тағамдарды дайындауға мүмкіндік беретін заманауи технологиялық жабдыктарымен жарақталған. Нысан құрылыс және санитарлық норма талаптарына толық жауап береді.

Онда автономды жылыту, желдету жүйелері орнатылған.

Сонымен қатар, жаңадан ашылған медициналық-санитарлық көмек бөлімі 900-ге жуық әскери қызметшіге медициналық қызмет көрсетеді. Емдеу орнында науқастарға алғашқы медициналық көмек көрсетуге толық жағдай жасалған.

– Жаңа асхананы іске қосу тамақтанудың ұйымдастырылуы мен астың сапасын жақсартады. Ал қа-

жеті қондырғылармен жабдықталған медициналық пункт әскери қызметшілер үшін көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ұлттық ұлан басылығы мерзімді әскери қызметтегі жауынгерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жайлы етуге, сондай-ақ оларды сапалы оқытып, даярлау үшін бар мүмкіндікті жасап келеді, – деді генерал-лейтенант Еркін Ботақанов.

## БАСПАСӨЗ ЖИЫНЫ

## СЕЙСМИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР

жер сілкінісі болуы мүмкін деген болжаммен байланысты емес

**Алматыда жалпы қалалық сейсмикалық жаттығулар өткізілетін болады.**



**Айнабай  
МӘДІ**

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні қарсаңында баспасөз жиынына қатысқан ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлардың алдын алу департаментінің бастығы Рустамбек Әмрин, Алматы қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Нұрлан Атығаев, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайларды жою департаментінің бастығы Қаһарман Оразалин, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің төрағасы Кеген Тұрсынбаев мегаполисте жалпы-қалалық сейсмикалық оқу-жаттығу өтетінін хабарлап, сағат 10.00-де белгіленген осы іс-шараның мән-маңызын түсіндірді. Осыған қала тұрғындары мен қонақтарының түсіністікпен қарауын, тыныштық сақтауын сұрады.

Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Нұрлан Атығаев Төтенше жағдайлар министрінің өкімімен ТЖМ жедел тобы келіп, мегаполис тұрғындары мен азаматтық қорғаныс қызметкерлері арасында ауқымды үгіт-насихат жұмысын бастағанын атап өтті. Сейсмикалық жаттығудың негізгі мақсаты – қала тұрғындарының төтенше жағдайда іс-әрекетке дайындық деңгейін арттыру. Осылайша тұрғындар эвакуация маршрутын, қауіпсіз орынды алдын ала анықтап, дабыл дорбасын (чемодан) дайындайды. Бұл ретте электр желісі мен ғимараттан алыс ашық алаңдар қауіпсіз орындар болып саналатыны айтылды.

## ■ КЕРЕК ДЕРЕК

• **ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сай, қала ұйымдарында объектілік сейсмикалық жаттығу тоқсан сайын өткізіледі.**

• **Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап жоспарлы түрде 500 оқу-жаттығу өткізіледі, оның 191-і – сейсмикалық дайындық.**

• **Жалпықалалық сейсмикалық жаттығуға алдын ала дайындық бұрнағы күннен бері телеарналар мен радиоарналарда оқу-жаттығуға қатысты эвакуациялау туралы хабарландырылуда.**

• **Сейсмикалық жаттығу өткізілетін күні сағат 10.00-де сирена электр дабылын қосу арқылы, теле, радиоарналарды автоматты түрде қамтуымен қалалық хабарландыру жүйесі іске қосылады.**

Бұл сейсмикалық жаттығудың республикалық деңгейде екенін атап айтты.

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлардың алдын алу департаментінің бастығы Рустамбек Әмрин:

«Бүгін бүкіл республика бойынша барлық жерде осы іс-шара өткізіледі, оның аясында сирена сияқты дыбыс ойынап, өзін-өзі эвакуациялау элементі ретінде сигнал алу пысықталады. Бұл жаттығулар тоқсан сайын өткізіледі, бұл заңмен бекітілген», – деп мәлімдеді.

ТЖД сейсможаттығудың жылдың суық мезгілінде өткізілуіне байланысты барлық ұйым басшыларынан, қала тұрғындарынан жылы киініп эвакуациялануды сұрайды. ТЖМ, ТЖД қызметкерлері белсенді азаматтық ұстанымы бар азаматтарды, қоғам өкілдерін биік тұрғын үй кешендерінің подвезд басқарушыларын тартуда, тұрғын үйлерді аралауды белсенді жүргізуде. Қала тұрғындарының назарына жер сілкінісі кезіндегі бірінші кезектегі іс-қимыл мен дабыл дорбасын дайындау, халықты қабылдау пункттеріне дейін эвакуациялау жолдары жайында негізгі ережелер айтылып, түсіндірілуде. Сонымен қатар, оларға «WhatsApp» мессенджері арқылы тұрғындарға осы ұсыныстарды тарату ұсынылды. Қалада халықты қабылдаудың барлық 384 пункті іс жүзінде жұмыс істейді.

Құтқарушылар Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарын белсенді қатысуға шақырады.

## ● КЕРЕК КЕҢЕС

- Алматы 9-10 балдық сейсмикалық аймақта орналасқан.
- Қалада жыл сайын 200-ге дейін әлсіз, сезілмейтін жер сілкінісі болады.
- Бұл ретте 2-ден 4 балға дейінгі жер сілкінісі Алматы үшін фондық режим болып табылады.

«Сейсмологиялық зерттеулер мен бақылаулар ұлттық ғылыми орталығының болжамды комиссиясының мәліметінше, қалада 7, одан көп балдық жер сілкінісі күтілмейді. Сондықтан өткізілетін қалалық сейсмикалық жаттығулар жер сілкінісі болуы мүмкін деген болжаммен байланысты емес», – деп қорытындылады ТЖМ өкілдері.





## ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

## БАЛАЛАР КӨЗІ БАҚЫЛАУДА

Алатау ауданында заманауи көз қорғау орталығы ашылды



Орталықтың ашылу салтанаты №23 қалалық емхананың 10 жылдық мерейтойы аясында өтті. Ол Алатау ауданындағы көз ауруларымен ауыратын балаларға диагностикалық және емдік медициналық көмекті тегін көрсететін болады.

Өкінішке қарай, бүгінде балалар арасында көз ауруы аз емес. Бұл кей жағдайда жас ұрпақтың гигиеналық тазалыққа жете көңіл бөлмеуінен болса, өзіне жіпсіз байлап алған гаджеттер де өрендерімізді ауру етіп жатыр. Ал кейбір көз кеселдері тұқым қуалайды.

Түрлі патологиялардан туындаған көру қабілетінің төмендеуі баланың өміріне теріс әсер етуі мүмкін: оқу үлгерімі нашарлайды, өзін-өзі бағалауын төмендетеді, оны хобби-мен айналысуда немесе кәсіп тандауда шектеуі мүмкін және өзін қатарластары арасында толыққанды сезінуіне кедергісін тигізіп жатады.

Алатау ауданында көз ауруларымен ауыратын 2135 бала бар. Бұған дейін емхана өз науқастарын келісім-шарт бойынша Республикалық диагностикалық орталыққа жіберетін. Енді олар және ауданның бүкіл баласы учаскелік педиатрдың немесе жалпы тәжірибелік дәрігердің нұсқауымен №23 қалалық емханада барлық қажетті офтальмологиялық көмекті ала алады.

«Мен орталықтың балаларға арналғанына ерекше қуаныштымын. Біз әрқашан

жас ұрпақтың денсаулығын бірінші орынға қоямыз, ал көз ауруларын емдейтін орталықтың ашылуы көптеген ата-ана үшін ақылы клиникаларға бармай, осы жерде ем алуына тиімді. Көру қабілетінің жоғалуы – күрделі мәселе және әртүрлі патологияларды дер кезінде емдеу маңызды. Бүгінде мұндағы әрбір баланың лайықты деңгейде жақсы ем алуға мүмкіндігі бар», – дейді емхананың директоры Сәуле Ахатқызы.

Жаңадан ашылған орталық балалардың көру қабілетін тексеруге, бинокулярлық және түсті көру қабілетін диагностикалауға арналған заманауи құрылғылармен, көзішілік қысым тонометрімен, бастапқы диагностикаға өте қолайлы глаукоманы ерте анықтауға арналған кірістірілген компьютерлік периметрмен және страбизмді диагностикалау және емдеу құралдарымен жабдықталған.

Алматы қаласының көлемі жағынан үлкен және халқы тығыз орналасқан, демографиялық жағынан өсімі жоғары Алатау ауданында осындай орталықтың ашылғаны сәтті шешім болды. Бала – біздің жанған шырақ, көзі де, өзі де сөнбегей!

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

ЕКІ ЖАСАР  
БАЛА

бұршақ жұтып қойған

Қарбалас уақытта «жедел жәрдем» бригадасы тұншығып жатқан екі жасар баланы балалар ауруханасына алып келе жатқан сәтте сәбидің жағдайы нашарлай бастаған. Дәрігерлер уақытты босқа өткізбей, жақын маңдағы Қазыбек би көшесіндегі қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына апаруды ұйғарады.

Келген бойда балдырған дереу аурухананың жансақтау бөліміне ауыстырылады. Реаниматологтар Геймлик әдісін қолданып, баланың тамағына тұрып қалған бөтен затты алып тастауға бірнеше рет әрекеттенгенімен, нәтиже болмаған.

Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы директорының орынбасары Ермек Желдібаевтың айтуынша, кішкентай баланың өмірін аман алып қалу кезінде мамандар қиындыққа тап болған. Ересектер ауруханасы болғандықтан шынашақтай сәби үшін қолайлы бронхоскопия табылмағанына байланысты оған бронхоскопия жасау мүмкін болмаған. Баланың жағдайы тіпті нашарлап, тұншығып көгере бастағанда, реаниматологтар Нұрлан Реалиев, Мамыржан Юлдашев және хирург Бақтияр Галиев шұғыл түрде интубация жасайды. Интубация кезінде тыныс алу жолдары ашылып, нәтижесінде балалар ауруханасынан дәрігерлер келгенше сәбидің жағдайын тұрақтандыруға мүмкіндік туды.

Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының мамандары келгеннен кейін бронхоскопия көмегімен баланың тамағына кептеліп қалған кәдімгі бұршақты алып шықты.

«Біз «103»-ке өзіміз қоңырау шалып, баланың жақын маңдағы ауруханаға жеткізілгенін білдік. Сосын команда тез жиналып, 15 минут ішінде ҚЖШККА-ға жетті. Біздің топ жедел бронхоскопия жасап, сәбидің тыныс алу жолынан бұршақ алып шықты. Екі аурухананың мамандарының шұғыл әрі кәсіби әрекетінің арқасында сәби аман қалды», – дейді Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының бөлім меңгерушісі Мейіржан Құрманалиев.

Тақырыпқа орай айта кетсек, БШМКО дәрігерлері быылғы бір жарым айдың ішінде тыныс жолдарына бөгде зат тұрып қалған 10 адамды аман алып қалды. Олардың барлығы 1–3 жас аралығындағы бала екен. Сондықтан мамандар ата-аналардан барынша сақ әрі мұқият болуды, баланы көзден таса етпеді сұрайды.

## МАМАН КЕҢЕСІ

## СТОМАТИТ ҚАУІПТІ МЕ?

Стоматит – бұл шырышты қабықты зақымдайтын және ересектер мен балаларда ауыз қуысының жарасын тудыратын ауру. Жара бет, таңдай, тамақ, қызыл иек немесе ерінде пайда болуы мүмкін.

«Стоматиттің бастапқы қабыну белгілері – ақ бөртпелер (жараның жоғарғы жағы сарғыш) және қызыл иектің қызаруы. Қызыл дақтар, көпіршіктер ақырында афта (ойық жаралар) түзеді. Шайнау немесе тісті тазалау кезінде ыңғайсыздық тудырады. Қызыл иек қанай, ісінуі мүмкін. Көп мөлшерде сілекей бөлінеді. Қызыл иектің, тілдің немесе тамақтың шырышты қабығындағы «бляшка» да стоматиттің белгісі.

Жеңіл симптомдар 4–14 күннен кейін емделмей кетуі мүмкін, бірақ қайталану және аурудың созылмалы түрге айналу қаупі бар. Сондықтан дереу тіс дәрігеріне хабарласқан дұрыс», – дейді №11 қалалық емхананың дәрігері Ақерке Жакыпбекқызы.

Ауырысатын афталар ісініп, олардан патогенді микрофлора (бактериялар) шығады. Жаралардың жазылуы баяулайды, ағзаға ірің түседі. Ауру қайталама инфекциямен асқынады, бактериялық қабыну қаупі бар. Дәрігерге қаралмаса, стоматит созылмалы кезеңге өтеді. Имундық жүйенің одан әрі әлсіреуі ауыз қуысында қабынумен бірге жүреді дейді маман.

## СӘТТІ ОТА

42 жастағы ер адам Алматыдағы қалалық Шұғыл көмек көрсету ауруханасына жеткізілген кезде ауыр халде болған. Ол іш қуысында өскін пайда болып, іші үлкейіп кеткенін, бойын әлсіздік жайлап, қызуы көтерілетінін, ішінің жиі-жиі толғақ қысқандай ауыратынын айтып шағымданған.

Науқастың айтуынша, 2021 жылы тексеру барысында бауырдың оң жақ бөлігінде эхинококк кистасы бары анықталған. Бірақ өзі ота жасатудан бас тартыпты. Уақыт өте келе іші үлкейіп, іш қуысындағы өскін өсіп кеткендіктен жоспарлы ота жасау үшін ауруханаға жеткізілді. Оның үстіне, өттегі тас, калькулезді холецистит пен 28х20 сантиметрлік алып өт қабы жағдайды қиындата түскен. 2,5 сағаттық отаны хирургтер Нұрхат Есенбеков пен Дәурен Әбдуалиев, анестезиолог Бәлла Бажнова, медбике Лашын Болысбаева қатысқан бригада жасады.

«Әдетте, ересек адамда өт қабының ұзындығы 7–10 см, ені 5 см төңірегінде, сопақша немесе алмұрт тәріздес пішінді болып келеді. Ал бұл науқастың өт қалтасы нормадан үш-төрт есе үлкен және іш қуысының жартысына жуығын алып жатты. Мұндай жағдайды өз басым алғаш рет кездестіріп отырмын. Қалыптан тыс тым үлкен өт қабы мен бауырға жабысқан эхинококк кистасы ерекше клиникалық және патологиялық жағдай болып есептеледі. Одан тек хирургиялық операция арқылы ғана арылуға болады», – дейді хирург Нұрхат Есенбеков.

Пациент отадан кейін жетінші күні ауруханадан шықты. Жалпы құны 400 мың теңгеден

## БАУЫРДЫ ҚҰРТ БАСҚАН

Науқастың өт қалтасы қалыптан үш-төрт есе үлкейіп, іш қуысының жартысына жуығын алып кеткен



асып жығылатын операция МӘМС қаражатына жасалды.

Естеріңізге сала кетсек, бауыр эхинококкозы – жұқпалы паразитарлық ауру. Echinococcus құрты әдетте бауырға жабысып, киста пайда болады. Хирургиялық емді талап ететін бұл ауру ондаған жылдар бойы ешбір белгі бермеуі мүмкін. Құртқа толы кистаны іш қуысына компьютерлік томография жасағанда немесе эхинококка ИФА әдісімен анализ тапсырғанда ғана анықтауға болады. Сондықтан әсіресе,

жануарлармен жұмыс істейтін адамдарға жиі қаралып тұрған жөн дейді мамандар.

Дәрігерлер басты проблема аурудың өте кеш анықталатынында болып тұрғанын, эхинококк жұқтырып алмас үшін қарапайым тазалық талаптарын сақтау қажеттігін айтады.

«Пандемиядан кейін біз денсаулығымызға ден қоя бастадық. Бірақ коронавирустан да басқа аурулар барын ұмытпай, қолды үнемі сабындап жуып жүрген абзал», – дейді дәрігер.

## ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

Қандағы қант  
деңгейін білу  
маңызды

Бүгін біз 1-типті қант диабетінің қаупі туралы айтатын боламыз. Бұл – ағзадағы инсулиннің жеткіліксіздігімен сипатталатын созылмалы ауру. Ол инсулин өндіруге жауапты ұйқы безі жасушаларының зақымдануынан не жойылуынан туындайды. Бұл туралы №36 қалалық емхананың дәрігері Жаклин Ермұратова толығырақ айтып береді.

«1-типті қант диабеті әдетте ерте, балалық, жасөспірімдік шақта дамиды, шыңы 10–13 жаста болады. Сонда да кез келген жастағы адамда, соның ішінде егде жаста да дамуы мүмкін. Дегенмен, көп жағдайда ауру 40 жасқа дейін білінеді», – дейді балалар эндокринологы Жаклин Тілепбайқызы.

Маманның айтуынша, 1-типті қант диабеті диагнозы қандағы глюкоза деңгейін және инсулинге антиденелердің болуын талдауға негізделеді. Диагноз расталғаннан кейін ықтимал асқынудың алдын алу үшін емдеуді дереу бастау маңызды.

1-типті қант диабетінің негізгі асқынуының бірі – гипергликемия, яғни қандағы қант деңгейінің жоғарылауы. Инсулин жетіспесе, глюкоза энергия ретінде пайдаланылатын жасушаларға кіре алмайды. Нәтижесінде ағза энергия алу үшін май қышқылдарын ыдырата бастайды, бұл кетондық денелердің пайда болуына әкеледі. Кетоацидоз – дер кезінде емделмеген жағдайда өлімге әкелетін ауыр жағдай.

«Сонымен қатар, 1-типті қант диабеті қан тамырларының, жүйке жүйесінің және органдардың зақымдануы сияқты әртүрлі асқынуды тудыруы мүмкін. Қандағы қант мөлшерін бақылау жүрек-тамыр ауруларының, көз проблемаларының, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің, нейропатияның және басқа да асқынудың дамуына әкелуі мүмкін», – дейді дәрігер.

Дәрігер 1-типті қант диабетін бақылау мен емдеу асқынудың алдын алу және денсаулықты сақтау үшін өте маңызды екенін баса айтты. Сондықтан ол қандағы қант деңгейін бақылауды, инсулинді не басқа дәріні қабылдауды, дұрыс тамақтануды, физикалық белсенділікті сақтауды, емдеуді бақылау үшін дәрігерге үнемі көрініп тұруды ұсынады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



## КОНЫКИ

## ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫ

20-21 ақпанда «Медеу» мұзайдынында конькимен жүгіруден Қазақстан Кубогының соңғы кезеңі өткізілді.

Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі хабарлағандай, онда еліміздің ірі қалалары мен алты облысынан (Алматы, Астана қалалары; Абай, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, СҚО мен ШҚО) жарыста 160 спортшы бақ сынады. Олардың арасында ұлттық құрама сапында халықаралық турнирлерде жүлде алып жүрген конькишілер бар.

Әйелдер арасында 500 метр қашықтықта бас жүлдені Маргарита Артемьева (40,94 секунд) үздік атанса, осы қашықтықтағы ерлер бәсекесінде бас жүлде Алтай Жәрдембекұлына (36,14 секунд) бұйырды. 1500 метр қашықтық жарыста Диана Бачурина (2,14,75 секунд) мен Бақдәулет Сағатов (1,55,66 секунд) жеңімпаз атанды.

1000 метр қашықтықта Анастасия Беловодова (1,23,65 секунд) мен Александр Кленко (1,12,54 секунд) желаяқтықтарын дәлелдеді. 3000 метрге конькимен жүгіруден бірінші орынды Диана Бачурина (4,59,06) иеленсе, 5000 метр қашықтықта Нұралы Ақжол (7,35,11) чемпиондық атақты қанжығасына байлады. Бүгін командалық Қазақстан чемпионатының үздіктері анықталады.

## НЫСАНА КӨЗДЕУ

## ОЛИМПИАДАҒА ЖОЛДАМА

Алматылық Ислам Сатпаев Париж Олимпиадасында нысана көздеуден ел намысын қорғайтын болады.

Жерлесіміз өткен жылы Бакуде өткен әлем чемпионатында төртжылдықтың басты додасының жолдамасына қол жеткізген болатын. Нысана көздеумен 13 жасынан бастап айналысып келе жатқан Ислам Ханчжоудағы жазғы Азия ойындарының қола жүлдегері, Әлем кубогтары бәсекелерінің екі дүркін күміс, екі дүркін қола жүлдегері, командалық сында Азия чемпионы.

## ФУТБОЛ

ЕЛ БІРІНШІЛІГІНІҢ  
КҮНТІЗБЕСІ

Футболдан премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің күнтізбесі айқындалды. Премьер-Лига чемпионы атағы үшін биыл республиканың 13 өңірінен 14 клуб таласпақ.

Осымен отыз үшінші мәрте жалауын көтеретін доп додасы 1 наурызда басталады да, 10 қарашада мәреге жетеді. Бірінші турда 1 наурызда елордалық «Астана» мен «Жеңіс» командалары сынға түседі. Алматының «Қайраты» Петропавлдың «Қызыл-жарымен» кездеседі. Сондай-ақ, «Елімай» (Семей) мен «Атырау», «Ордабасы» (Шымкент) мен «Шахтер» (Қарағанды), «Тобыл» (Қостанай) мен «Тұран» (Түркістан) күш сынасады.

## АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

«АЛМАТЫ АРЕНАДА»  
ЖЕКПЕ-ЖЕК

Ертең, 24 ақпан күні «Алматы Арена» спорт кешенінде аралас жекпе-жектен NAIZA 57 турнирі өтеді.

Турнирдің басты жекпе-жегінде қазақстандық Жалғас Жұмағұлов америкалық Кливленд Маклинмен (17-11) жұдырық түйістіреді. Жалғас Жұмағұлов бұған дейін жапон спортшысы Масато Накамураны нокаутпен жеңгені белгілі.

Бұл кеште тағы бірнеше жекпе-жек өтеді. Негізгілердің бірі – қытайлық Тайлак Нұражы (8-1) мен Дуглас Де Оливейра (13-7) арасындағы кездесу.

Сондай-ақ, Жұман «Арлан» Жұмабековтың (13-7) атакты қырғыз спортшысы – Қанат «Тайсон» Келдібековпен (22-9) жекпе-жегі де тартысты болмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».  
(Дереккөз: ҚР TCM).

## ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ  
ЖЕТІСТІГІ АЗ ЕМЕС...

Жыл басынан бері елімізде бірнеше спорт түрінен ішкі біріншілік болды. Әр өңірден жиналған кіл мықтылар арасында Алматы қаласының атынан барған спортшылардың жетістіктері қандай?

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Туризм және спорт министрлігі «Үздік» марапатының басты аталымдарының бірі – «Үздік спорт аймағы» ретінде Алматы қаласын марапаттаған болатын. Алынған марапатты ақтау үшін алматылық спортшылар тек халықаралық жарыстарда емес, ел ішінде өтіп жатқан Қазақстан чемпионаттарында барын салып жатқаны анық. 2024 жыл басталғалы бері қаңтар-ақпан айларында қазақ жерінде ауыр атлетика, еркін күрес және үстел теннисінен Қазақстан чемпионаты өтті. Осы айтулы жарыстың әрқайсысына жеке тоқталып, Алматы спортшыларының жүлделі жеңістеріне еске алып өтейік.

Биылғы жарыстарды бастамас бұрын өткен жылдың соңында болған бокстан қазақ спортшылар арасындағы Спартакиадаға да ат басын бұрып өткеніміз жөн. Төрт жылда бір өтетін Спартакиадаға еліміздің 16 өңірі мен 3 қаласынан 176 спортшы қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша алматылықтар арасында үздік нәтижені Дамир Тойбай көрсетті. Ол 92 келі және одан жоғары салмақ дәрежесінде чемпион атанды. Дамир финалдық жекпе-жекте Атырау облысынан келген Аманат Сабырғалиды 5:0 есебімен ойсырата жеңген болатын. Жалпы, Спартакиада барысында 1 алтын,

4 қола медаль жеңген Алматы командасы жарысты үздік бестікте аяқтады.

1–5 ақпан аралығында күрес түрлерінен, атап айтқанда, еркін күрес, грек-рим және әйелдер күресінен ел чемпионаты өтті. Грек-рим күресі мегаполис атынан аттанған балуандар үшін жеңісті бола қоймады. 10 салмақ дәрежесі ішінде тек 97 келіде Ислам Ұмаев қола медальге қол жеткізді. Дегенмен, еркін күресте алматылықтар алда болды. Чемпионат нәтижесі бойынша командалық есепте 2 алтын, 2 күміс алған спортшылар Жамбыл облысынан (2 алтын, 3 күміс, 1 қола) кейін екінші болды. 61 келі салмақта 30 балуанның арасынан озық шыққан Асыл Айтақын және 92 келіде 23 қатысушының үздігі атанған Әділет Давлұмбаев алтын алса, Қуаныш Дүйсенкүл (70 келі) мен жаңа салмақта өнер көрсеткен Ризабек Айтмұхан (97 келі) күміс жүлдені қоржынға салды. Әйелдер күресінде алматылық спортшылар 1 алтын, 2 күміс және 3 қола жүлде жеңіп алды. Алтын жүлдені 50 келіде өнер көрсеткен Лаура Ғаниқызы иеленді.

10–15 ақпан аралығында Алматыда үстел теннисінен Қазақстан біріншілігі болды. Жарыс жекелей және жұптық разряд бойынша өтті. Өз алаңында өнер көрсеткен алматылықтар арасында алтын жүлде тек Сарвиноз Мирқадіроваға бұйырды. Ол әйелдер арасында жекелей сында Қазақстан чемпионы атанды. Сондай-ақ, Сарвиноз жұптық разрядта тағы бір алматылық теннисші Гузель Торшаева бірге қола алды. Ал Айдос Кенжеғұлов жекелей сын мен аралас разрядта күміс жүлде, жұптық разрядта қола медаль жеңіп, Алматы қоржынына салды. Сондай-ақ, жекелей жарыста Анель Бакыт және Санжар Жұбанов үздік үштіктен көрінді.

Алдыңғы күні аяқталған ауыр атлетикадан Қазақстан чемпионаты да біздің қаланың спортшылары үшін сәтті өтті. 73 келіде (олимпиадалық салмақ) Әлібек Рахымберді және 109 келіде (+102 келі салмақ олимпиадаға кіреді) Сұлтан Мейрам жеңімпаз болды. Сонымен қатар, қала қоржынына Петр Хребтов (67 келі) күміс, ал Әли Нұрбай (81 келі) қола медаль салды.

## АТР 250

ӘЛЕМДІК ЖАРЫС  
АЛМАТЫДА ӨТЕДІ

Алматыда алғаш рет әлемдік деңгейдегі теннистен турнир өтеді. Бұл туралы Қазақстан теннис федерациясының баспасөз қызметі хабарлады.



(Сурет ktf.kz сайтынан алынды).

Кәсіби теннисшілер қауымдас­тығы (АТР) Астанадан Алматыға бірінші АТР 250 турнирін ауыстыруды бекітті. АТР сайтында жарияланған күнтізбеге сәйкес Almaty Open 2024 жылғы 13–20 қазан аралығында өтеді.

«Алматы АТР 250 сериясымен өтетін турнирді қабылдау құқығына заңды түрде ие болып отыр, өйткені өткен ғасырдың 20-жылдары осы қалада Қазақстан теннисі дами бастады. Almaty Open тек ауқымды спорттық іс-шара болып қана қоймай, сонымен қатар турнир өтетін Almaty Arena аумағында мерекелік көңіл күй орнатып, ерекше күш-қуат сыйлауға жәрдемдеседі», – деп атап өтті Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов.

АТР 250 жарысы – шынында да әлемнің 30 елінде өтетін ауқымды спорт оқиғаларының бірі. Аталмыш

санатқа 40 турнир кіреді, онда жеңгендер АТР рейтингінде 250 ұпайға ие болады. Алдағы Almaty Open АТР турнирінің жүлде қоры 1 млн АҚШ долларынан асады.

Бірінші жыл сайынғы АТР 250 турнирі Астанада 2020 жылы өткізілді. 2022 жылы турнир деңгейі бір рет АТР 500-ге көтерілді. Онда қатысушылар кілең жұлдыздар еді: Новак Джокович, Стефанос Циципас, Даниил Медведев, Карлос Алькарас, Хуберт Хуркач, Андрей Рублев және басқалар. Қазақстандық жарыс жыл сайын 110-нан астам ел аумағында көрсетіледі.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



© www.kazpravda.kz сайтынан алынды.



А.Әшімұлы, С.Майқанова, В.Әтушіпен

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

# ТОЛҒАНАЙ

Аты аңызға айналған актриса Сәбира Майқанованың туғанына – 110 жыл

## ӨМІР МЕКТЕБІ

Жетімдік, қатал тағдыр ерте есейтті. «Өмір деген көк мұхиттың толқыны» маңдайынан сипамай, жағаға сан лақтырды. Еті тірі екен, сонау Сыр бойынан жақын жұрағаттарға ілесіп, Алматыға жетіп, Сауда техникумына оқуға түсті. Қарны тойып тамақ ішпеген балаға сатушы болу қол жетпестей арман еді ол кезде. Пәтер жалдап, біреудің қорасында тұрып, өлместің күйін кешті.

Осынау азапты күндерді, сатушы боламын деген арманын артқа қалдырып, Алаштың айбынды актрисасына айналған Сәбира Майқанова оңашада ой кешкенде тағдырынан түйген тағылыммен терең тыныстап отыратын еді. Адал болу, ешкімге қиянат жасамау – жетімдіктің оған тартқан сыйы осы. Солай болды да. Жарықтық «Артық ақша ұстауға қорқамын. Балаларыма да осыны өмір бойына айтып жүремін. Адал еңбегіммен тапқан ақшаны Құдай бойыңа құт қылсын деп отырамын» деуші еді.

Ән салатыны бар еді. Құрбылары ортасында «Қараторғайды» айтатын. Айтқанда жәй әуесқойлық емес, жан-тәнімен беріліп, төңірегін ұйытып тастайтын. Содан бұл бір күні театр барады ғой. Қайдан барсын, қолынан жетелеп, апарған да қожайынның пысық қыздары. Сөйтіп, оның өмірінде күрт бетбұрыс жасалды. Тұлымы желбіреген өрімдей шағында театр табалдырығын аттады. «Жанындай жақсы көрген» сатушылық сандалып қалды. Алғашқы аяқ алысынан-ақ алысқа шабатын шын жүйрік екендігін танытты. Ол кезде театр үшін оқу бітіру, жолдама деген міндет емес. Театрды көтеретін ел ішінен келген осындай тумалы таланттар еді.

## ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫ

Біз бүгінде неге өткенге жиі оралып, жиі қалам тербейміз. Өйткені, біз сүйекке сіңген көп асыл қасиеттерімізді жоғалтып алған халықпыз. Енді соны жиып алу, бүгінге оралту жолындамыз. Кешегі ұлттың көркемдік дүниесі оның біртуарларымен биік, ұлыларымен ұлағатты еді. Бір ақиқат бар. Тұтас бір халықтың рухани дамуында қазақ театры өзінің парызын, борышын адал атқарып келеді. Сол қасиетті қара шаңырақтың жібек бауын ұстап, уығын шаншып, оның ұлттың ұлылық ұясына айналуына өлшеусіз үлес қосқанның бірі де бірегейі Сәбира Майқанова еді. Сөйлеп кетсе тандайы жарық шешен, тебіренсе терең, тұңғыық тулғамен көзі тірісінде бірнеше рет сұхбаттас болдық. Әр әңгімесінде ол бейнебір образға еніп кетіп, өзін сахнада тұрғандай сезінуші еді. Апаймен кездесуге талай мәрте оқталып, жолымыз түйіспей қайтқан күндер де болған. Сондай бір сәті түскен күні басталған мына бір әңгіме оның өнер-өмір жолына ден қойдырған еді.

– Театрға алғаш келген кезім, – деп бастап еді-ау, апай. – Бір күні театр ұлы Мұханды қарсы алатын болды. Мұханды Наркомпрос алып келді. Үлкен махаббатпен қарсы алдық. Қалекен, Күрекең сөйледі. Ол кісінің түрмеден шыққан беті екен. Театрға «завлит» болып орналасты. Міне, осыдан кейін театрда



(kazpravda.kz)

бұрынғыдан да қызықты өмір басталды. Мұханның «Тас түлек» деген пьесасында байдың қызын, «Абайында» Ұлжанды, «Қобыландыда» Көкланды, «Алма бағында» Рая деген қызды ойнадым. Осы рөлге жазушының аса разы болғаны бар. Ол кісінің ерекшелігі көп еді. Театрдың қай жұмысына да ұсақ-түйек деп қарамай, өз жөнімен, ретімен көп араласатын. Тіпті, рөлге дейін өзі үлестіретін. Әйтеуір алдымыздан бір кеңістік ашылып сала берді. Әр қойылымға Сәкен, Бейімбет, Ілияс ағалар жұбы ажырамай келетін. Сол жайсаңдардың бәрінің үйінен дәм таттым. «Айналайын Сәбира талантты, жақсы өсіп келеді» деген сөздерін естіп, қанаттандым. Осының бәрі мектеп, тағылым емес пе?! Мұхан өзі репетицияға қатысып отыратын. «Ол олай емес, былай ғой» деп, қалай сөйлеу керек екеніне дейін ескертетін. Құдай-ау, сонда қай салада болса да осынша білімді, ақылды қалай игерген деп таңданатынбыз. Қаллеки, Күрекең, Елаған, Серағаң, Күләш, Қанабектер еш елдің оқуын бітірмесе де, ойы озық туған қандай дара дарындар еді. Ондайларды түсінде көресің қазір. Майлиннің «Майланындағы» Алтынай алғашқы рөлім болды. Сонда Серке ағай өзі вагонның ішінде репетиция жасап, өзі алып шықты. Не деген жанқиярлық, құштарлық десенші! Ұлттық өнер үшін ол кезде осылай бел шешпей, аттан түспей, қолайлы жер, жағдай тандап жатпай-ақ еңбек ететін. Серағаң өнерде өте қатты, талапшыл адам еді. Міне, біз соларды тыңдай білдік, олар бізді тыңдата білді.

Адамды шыңдайтын, қанаттандыратын – ортасы. Ол үшін сол ортаның тоңғанында жылытатын шуағы, нұры болуға қажет. Сәбира апай да өзін сондай ортадан түлеп ұшқанына аса бақытты санайтын жандардың бірі еді. Ол үшін кешегі қасиетті қара шалдар үлгі, бір-бір мектеп, университет болды. Солардың – «самородок» сары алтындардың мектебін, тәлімін көрген Сәбиралардың да осал болуға хақысы жоқ еді.

## ШЫҢҒЫС ШАПАҒАТЫ

Сәбира Майқанова сомдаған алуан түрлі образдар бір төбе де, Толғанайының өзі бір төбе. Толғанай – актриса өнерпаздығының биік шыңы. Кезінде әкемтеатрдың тұрақты көрерменіне айналғандардың оны ұмытуы мүмкін емес. Тіпті, сол күндерде «Ана-Жер-Ананың» әр қойылымы аншлаппен өтетін, сыртта билет іздеп сабылған жұрт. Сәбира апай ойнаған күні театр сыртында жасырын «жедел жәрдем» тұратын деген іспетті аңызға бергісіз гөй-гөйлер де кезіп жүретін. Осы бір аңызға айналған кейіпкер туралы актриса шерткен ғажайып әңгімелер еске түссе, әлі күнге сол әсердің құшағынан ажырай алмайсың. Апайдың өзі де әңгімені майын тамызып, дауылпаз дауысы гүрілдеп, сондай әсерлі айтатын еді ғой. Сондай сұрапыл әңгіменің бір қайырымы мынау:

– Қайсыбір жылы жаңа театрға көштік. (Қазіргі Абылай хан даңғылы бойындағы жастар театрын айтып отыр). Театр репертуарының аз ғана уақытқа жүдеп тұрған кезі. Қоятын пьесаның реті келер емес, – деп әңгімесін бастаған апай бірден «Ана-Жер-Ана» жайына кірісті. – Бір күні Ш.Айтматовтың «Құс жолы» повесін Мәскеу театрлары қояйын деп жатыр екен дегенді естідік. Содан ол повесті Қалтай лезде-ақ аударып тастады. Тамаша тәржіма. Пьесаны Әзірбайжан қолға алды. Толғанай Фарида екеуімізге берілетін болды. Өнер ғой, қақпайлау да болмай қалған жоқ. Бірақ режиссер көнбей отырып алды. Ендігі сын маған түсті. Пьесаның өне бойында дамыл тауып отыратын кез жоқ. Кілең аһ ұру, күрсіну, жылау-сықтау, қимыл-қозғалысы, психологиялық иірімі мол, тартысты туынды. Толғанай – іші-сырты бірдей осындай ауыр сезімдерден құралған, қырыққабат образ ғой. Менің бір әдетім рөлді түсінбейінше, образға әбден еніп, бойыма сіңірмейінше сөз жаттамаймын, кеш жаттаймын. Жаттамайын демейсін, әбден түсінген соң сөздің өзі де ағыл-тегіл келеді

де тұрады ғой. Оның үстіне Шыңғыстың сөзі болса ше? Қалтай да жұтындырып аударды ғой. Бұл бір, одан әрісі жанкешті жұмыстың арқасында келді ғой. Құдайдың бір өзгеше сыйы ма қайдам, өзгелерге түнді ұйықтауға берсе, біздің өнер адамдарына ондай рахатты қимаған ғой. Біз түнді жұмысқа арнаушы едік. Балалардың бәрін жатқызғаннан кейін түнгі 12-ден таңғы 6-ға дейін отырып жұмыс істеймін. Содан кейін кішкене бой жазып, сегіз жарымға дейін мызғып алу дағдыға айналып кетті. Қиын сәттер көп болды. Оның үстіне Әзірбайжандай режиссердің қолына түсіп көр. Әзірбайжан тек талантты режиссер емес, қалай еңбек етудің де үлгісін көрсетті ғой бізге. Сонымен спектакль бір айда дайындалып бітті. Рөлді мейлінше игерген сияқтымыз. Әйтсе де, Жайнақтың бір қоштасуға ұқсас жері бар еді, сол құрғыр шықпай қойды. Бөлек-бөлек жасап та көрдім. Өзі бір паракқа да жетпейді. Содан бір күні өзімді-өзім ұстай алсамшы. Құдай салмасын бір ашылдым, ағыл-тегіл кетті дейсін, өзімді-өзім білмеймін.

Толғанай Майқанованы ғана емес, ұлт театрын шырқау биікке көтерді. Бұл ретте «Жазылуында жетіспеушіліктер болған шығар. Қазір жазсам бұдан асырар ма едім. Бірақ менің ойымды Майқанова толықтырды» деген Шыңғыстың өз сөзінен артық айта алмаспыз.

Расында да, бұл образ оның бар шығармашылық өміріне шуағын шашып, қанат бітірді. Оны ойнаған күні үш сағаттан астам сахнада болып, тіпті есінен адасып, өзін-өзі ұмытқан күндері де болған. Талай түн ұйқысыздық дертіне де шарпылған. Бірде Қазанда гастрольде жүріп, бір күнде екі мәрте ойнауға тура келді. Сөйтіп, Мәмбетов пен Айтматовтың тандемінің арқасында Одақ көлемінде айтулы құбылысқа айналған, Майқанованың ешкімге ұқсамайтын мәңгілік мәнерімен үндесіп, мәңгілікке көрермен көз алдында Толғанай бейнесі қалып қойды. Ұлы актрисаның өмірінің соңына дейін сахнада көз жасын құрғатпаған, халқын зор рухани ләззатқа бөлеген, мәңгілік ана сағынышын әркімнің жүрегіне өшпестей жазып кеткен Толғанай еді бұл.

### ...Қазақ сахнасын кешегі

Күләштардан бастасақ, өнер биігіне жеткен біртуар жандарға кенде емес. Олар – Хадиса, Бикен, Хабиба, Шолпан, Фарида, Зәмзәгул болып кете берер еді. Сол кіл ойнаптардың ортасында ой кешкен жылдарын бақытқа балап өтті Сәбира апай. Сонау бүлдірішін күніндегі Алтынай мен 28 жасында ойнаған Ұлжаннан бастап, ұлы аналарымыз – Ақтоқты, Зейнеп, Көкпан, Толғанай, Раялардың қайталанбас болмысын бедерлеп, өзі де сахнамыздың анасына айналды.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.



## «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [almaty-akshamy.kz](http://almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

### «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)**

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.**

### Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

#### АБАТТАНДЫРУ


## КЕЛБЕТІ КӨЗ ТАРТАДЫ

Медеу ауданындағы  
23 көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеті жаңарды

Медеу ауданына қарасты «Самал-3», «Думан-2» шағынаудандарында, сонымен қатар, Достық және Абай даңғылдарындағы көппәтерлі үйлерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Аудан әкімдігінің хабарлауынша, қала көркіне көрік қосу үшін магистральдық көшелер бойындағы үйлердің қасбеті боялады. Бұған тарихи үйлер де кіреді.

Бұған қоса, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Медеу ауданында 7 балалар алаңы абаттандырылып, тереңдетіле көмілген (жерасты) үлгідегі 22 қоқыс контейнері орнатылды.

Айта кетсек, 2023 жылы Медеу ауданында барлығы 107 аула абаттандырылып, 56 тереңдетіле көмілген контейнер орнатылған болатын. Биыл 30-ға жуық үйдің қасбетін жөндеу жоспарланып отыр.

#### БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100

## Балалар әдебиетінің бәйтерегі

Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің биік бәйтерегі іспетті. Қазір айтулы қаламгердің ғасырлық тойы еліміздің барлық өңірлерінде аталып өтуде. Осы жылы жазушы тойы әлемдік деңгейде ЮНЕСКО көлемінде тойланбақшы. Балаларға 20-дан астам көркем туынды арнаған жазушының есімін ауызға алғанда ең алдымен, «Менің атым Қожа» қоса аталады.

Өйткені, Бердібек Соқпақбаев образын толық аша білген өзі аңғал, сүйкімді Қожаны барлығымыз жақсы көреміз. Ол барлығымыздың балалық шағымыздың белгісі. Сондықтан әр жастағы оқырманның Қожаны өзіне жақын тартып, өзімсінуі текке емес. Қазір қаламыздағы №4 кітапханада Бердібек Соқпақбаевтың мерейтойына арналған кездесулер, оқырмандар конференциясы мен кітап көрмелері кезекпен өтіп жатыр. Осы ретте жазушы-драматург Смағұл Елубайдың «Менің атым Қожадан» кейін балалар көретін кино жоқ. Оның өзіне алпыс жылдан астам уақыт өтті, – деген пікірі Бердібек шығармаларының шоқтығының биік екенін тағы да еске түсіреді.

– Біз Бердібек Соқпақбаевтың кітабын жастанып өскен ұрпақпыз. Әлі де қолымыздан кітабы түскен емес. Жастарымыз да осындай тума таланттың баға жетпес байлығымен сусындап өссе дейміз. Биыл мерейтойлар өте көп. Сондықтан біздің кітапханада да іс-шаралар легі толассыз өтіп жатыр. Балалар контентін жасау, жас ұрпақтың оқуға құштарлығын арттыру жұмысы жалғасын таба береді, – дейді кітапхана меңгерушісі Сағын Кәденқызы.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті «Алатау» емдеу-сауықтыру кешені ЖШС-нің қызметтерге арналған тарифі мен тарифтік сметасының жобасын талқылау бойынша Жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

- тарату желілері арқылы сумен жабдықтау;
- жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша.

Жария тыңдауға Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, табиғи монополиялар субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар және басқа да мүдделі тұлғалар шақырылады.

Тарату желілері арқылы сумен жабдықтау бойынша тарифпен және тарифтік сметамен «Монополист» сайтында келесі сілтеме бойынша танысуға болады – <https://monopolist.gov.kz/landing/tariff-events/444034>.

Жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша тарифпен және тарифтік сметамен «Монополист» сайтында келесі сілтеме бойынша танысуға болады – <https://monopolist.gov.kz/landing/tariff-events/444063>.

Жария тыңдаулар: 2024 жылғы 1 наурыз күні, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Санаторная көшесі, №1 және №2 үйлері алаңында өтеді және Департаменттің Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (@dkrem.almaty) жүргізіледі.

Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми бет арқылы қоғамдық тыңдауға қосылу үшін сілтеме – <https://m.facebook.com/dkrem/almaty/?www.facebook.com/profile.php?id=100056525653802>

**Байланыс телефондары: Департамент: 8 (727) 225-19-67.  
«Алатау» емдеу-сауықтыру кешені ЖШС: +7 708 333 63 14.**

«Ақпараттық ресурстық орталығы» қоғамдық қоры «Narkostop» жобасы бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Тыңдау 2024 жылғы 4 ақпан, сағат 1.00-де ZOOM форматында өтеді. Сілтемені алу үшін +7 707 777 49 53 телефоны арқылы тіркеліңіз.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
Қабылдау бөлмесі:  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел: 293-08-12. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)  
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
**«Alatay Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**  
**Апталық таралымы – 18 412**

**Кезекші редактор –**  
**Естай БОЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



## ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

## АҚПАНАЙЫ «ҮТ» АМАЛЫМЕН БІТЕДІ

дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады

Күнді ат адым ұзартып, жылдың қысқа айы (кейде 28, кейде 29 күннен бітеді) ақпан да өз мәресіне жетуге таяу. Қысқа болса да, елге, әсіресе, шаруа адамдарына ұзақ болып сезілгені шындық. Бабалар бұл айды: «тұрақсыз», «алдамшы», «адуынды», «жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт», тағы басқа теңеулермен айшықтаған. Өге нақ, дәл берілген анықтама. Осы айтылған сипаттамалардың бәрін ақпанның бойынан көруге болады, көрсетіп те жүр...

Сәрсенбек  
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Ақпан айы адуынды «Ақпан» амалымен басталып, «Үт» амалымен бітеді. «Білмесең білдірем, білсең бүлдірем» деген «ақпан амалы» аяқталды. Қазір «Үштің айы – күштің айы» атанған айдың соңғы аптасы өтуде. Аса қауіпті амалдардың қатарынан орын алған «Үт» амалы жүріп жатыр.

Үт сөзі туралы түрлі болжамдар мен аңыздар барын өткенде айттық. Біреулер оны қазақтың сиыр деген көне сөзі десе, енді біреулер киіз үйдің саңлауынан түскен сәуле дейді. Қалай десек те, қазақ терезеден түскен жарық сәулені көргенде кәдімгідей қуанған. Жәй қуанып қоймаған, «Үт келді – құт келді!» деп бөркін аспанға атқан. «Қыстың қауқары бітеді, енді көктем келеді, күн ұзарады, жер көгереді, қой төлдеп, көген кеңейеді» деп шаттанған.

Негізі, қазақ «үт» деп саңлаудан түскен сәуленің ішіндегі қозғалып жүрген есепсіз тозаңды айтқан. Ол – табиғаттың өзгерісі мен шуақты күндердің жақын екендігін білдіретін тозаң.



Дегенмен, Үт барлық жерге бірдей құт болып келмеген. Көктем ерте шығатын еліміздің оңтүстік аймақтарына құт болғанымен, қысы ұзаққа созылатын (арқаның қысы алты ай) солтүстік өлкелер үшін жұт болып келген. Жемі мен шөбі таусылуға шақ қалып, жүдеп, жұтап отырған мекендерге оңай тимеген. Сондықтан да Үт кімге – құт, кімге – жұт...

Ал саудагерлер болса, бұл шуақты пайдаланып қыстаудағы малшыларға шай-қант сатып, тері-терсегін арзанға бағалап алған. Осы әрекеттеріне қарап қазақ «үт кіргенде, саудагердің к... құрт кіреді» деп саудагер сарттарды мысқылдаған. Қазақтың табиғат тамыршылары: «Ақпанның он бесінші жұлдызы – қыс пен көктемнің алғаш ұшырасатын күні. Осы күнгі ауа райы қандай болса, көктем де сондай болады» деп жорамалдағанын өткенде жазғанбыз...

Алматыда 15 қаңтарда кешке қарай қар жауа бастады. Мегалполис билігі мәліметінше, қарды тазалауға қаланың коммуналдық қызметі 400-ден астам техника мен мыңдаған

жұмысшыны жұмылдырған көрінеді. 16 қаңтарда сағат 10.00-де қалада 8 см-ге дейін қар жауды. Жауған қардың қалыңдығы Каменское үстіртінде – 26 см, Шымбұлақ пен Үлкен Алматы өзенінде – 46 см-ге дейін жеткен.

Көктайғақтың алдын алу мақсатында 156 құм таратқышпен көктайғаққа қарсы материалдар (КҚМ) себілді. 16 қаңтарда сағат 10.00-дегі жағдай бойынша 3450 тонна КҚМ пайдаланылған.

Жасанды қар көшкінін жүргізу арқылы 380 текше метр қар тау етегіне түсті. Бұл су тасқыны қаупінің алдын алу мақсатында жасалған шара болса керек.

Міне, қыс пен көктем кездескен күнгі ауа райы осындай көрініс берді. Егер бабалар болжамына сенер болсақ, қыс аяғының созыла түсері, көктемнің кеш шығатыны және жауын-шашынды болатыны ғажап емес сияқты.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның – 23-і, ал ай есебіне сүйенсек, 13-і. Қазақша есептер болсақ, әлі айдың – 15-і. Сөз етіп отырған аптамыз (23 ақпан мен 1 наурыз аралығы) ауа райында болатын әлдеқандай өзгерісті аңғартқандай, айдың ортасы мен соңғы аптасына сәйкес келіп тұр. Алдағы аптада ауа райы тұрақсыз болатын сынайлы: ашық күн де, жауын-шашын да көрініс беруі мүмкін. Таңертең ызғар, түнге қарай айтарлықтай суық орын алады.

## БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап  
жасалған жорамал:

- \* Қыс қарсыз болса, жаз қуаң болады.
- \* Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты.
- \* Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады.
- \* Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады.
- \* Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады.

## АНАЛАРДЫҢ АСЫЛ ТӘЖІ

Сәукеле қазақы нақыш, сырлы ою-өрнектерімен-ақ ұлтымыздың келбетін айшықтап, кешегі тарихтың жәдігеріндей көзге тым ыстық көрінеді. Сонымен қатар, бұл теңеу қазақ халқының ұлттық киімге деген биік талғамының да бір көрсеткіші болса керек. Шындығында, қасырлар туындатқан бұралаң жолдардан бүтінге жетіп, санамызда сақталған қазақтың ұлттық киімдері сансыз сырға да, қадір-қасиетке де толы. Біз қаламыздағы «Анаға құрмет» музейінің ғылыми қызметкері Ақерке Амантайға жолығып, қазақ аналарының асыл тәжі болған кимешектен кейінгі ерекше орын алатын бас киім түрі – сәукеле төңірегінде сөз қозғаған едік.

– Қаламызда мұражайлар өте көп. Дегенмен, байырғы музейлерден болмысы бөлек, «Анаға құрмет» музейі туралы қала тұрғындарының барлығының біле бермеуі мүмкін...

– Өрине, ашылғанына тура 10 жыл болған «Анаға құрмет» музейі ұлтымыздың шырақшысы іспетті. Барды бағалап, жоқты түгендеп отырған мекеме. Мұнда ардақты абыз аналарымыздың бас киім түрлерінен арнайы бұрыш ашып, жасақтап қойған едік. Дегенмен, әр жәдігердің өзіндік орны бар емес пе? Сәукеленің орны ойсырап, бос тұрған еді. Халықаралық орамалдар күніне ұйымдастырылған шарада «ZARATA» ұлттық киімдер брендінің негізін салушы Ляззат Исханова музей қорындағы бұл кемшіліктің орнын толтырып, өз қолынан шыққан сәукелені сыйға тартты. Қызыл бархыт матаға бағалы тастар мен моншақтар жапсырылып тігілген бұл сәукеле қазір музейіміздің этнография бөлімінде тұр. Музейге келушілерді қатты қызықтырады. Рухани болмысымызды ашатын ұлттық киімдеріміз сан ғасырлар бойы ұрпақтарға аманат болған салт-дәстүрі-

міздің жарқын көрінісі іспетті. Талай ақынның жырына арқау болған сәукеле де жыл өткен сайын жаңарып, заманауи стильде жаңдану үстінде. Оның үстіне, халқымыз ертеден бас киімдерге ерекше құрметпен қарап, аяқасты етпей биікке іліп қойған. Тіпті, бас киімдер туралы түрлі ырым-тыйымдар, мақал-мәтелдер де көптеп кездеседі.

– Ақерке, сіз үнемі сәукеле төңірегінде ой-пікіріңізді ашық айтып, өз құрметіңізді білдіріп жүресіз. Мұның сыры неде?

– Иә, дұрыс айтасыз. Өмірде бір-ақ рет киілетін сәукеле кез келген қыз-келіншек үшін ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі естен кетпес ыстық естеліктерге толы кезеңі десе де болады. Алтынмен апталып, күміспен күштелген өне бойындағы әр тастың өзі сән үшін ғана емес, тарихы тереңде, үлкен мағынаға ие. Қарап отырсаңыз, жақмоншақ, жақтама, жақтау, жырға, сәукеленің сырғасы сынды әшекейлер мен басқа да құрамдас бөліктерінің сәукелеге тағылуы себептері, айтар ойы, өзіндік ерекшеліктері бар. Бір қуантарлығы, бір кездері тек кинодан көріп, тұрмыстағы қолданыстан қалып, тарихтың тереңіне кеткен сәукеленің сәні бүгінде ерекше бағаланып, қайта оралуына барынша жағдай жасалып жатыр. Қыз ұзатқанда көптен бері еуропалық үлгідегі көйлек пен фата кисе, соңғы кездері халқымыз сәукеле мен бүрмелі көйлекке қайтадан бет бұрып жатыр.

– Сәукеленің қадір-қасиеті туралы не айтасыз?

– Сәукелені бұрындары ұзатылғалы жатқан қыздың ата-анасы шеберлерге тапсырыс беріп, алдын ала тіктірген ғой. Сәукеле тігетін шебер бойжеткеннің мінез-құлқына, сұлу сымбатына, иба-әдебіне қарап арнайы дайындаған екен. Жалпы, салт-дәстүріне адал қазақ халқы үшін сәукеленің тарихи тағылымы тереңде жатыр. Олай дейтінім, ертерек-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

те ұзатылып бара жатқан қыздың басындағы сәукеленің ою-өрнегіне, бағалы тастарына қарап-ақ сол әулеттің қоғамдағы орнын байқаған екен. Сосын, сәукелені біреуге беруге, басқа адамның киюіне, айырбастауға рұқсат етілмеген. Қазір халық арасында сәукелеге қатысты түрлі аңыз әңгімелер айтылып жүр. Мәселен, сәукеленің құнына, шебердің ісмерлігіне байланысты этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбегінде былай делінеді. «XIX ғасырдың алғашқы жартысында Кіші жүздің Байсақал атты байы мен Орта жүздің Сапақ байы құда болған

оқиғаны жазған. Сонда Байсақал құдаларына қыздың сәукелесін жіберіп: «Басқа ештеңе сұрамаймын, тек осы бір сәукеленің бағасын өздері есептеп берсе болды», – депті. Сонда Кенесарының ағасы Саржан төре: «Бұл сәукеленің бағасы 500 байтал болады екен, сондықтан қызының қалың малы 500 жылқы болсын», – деп кескен екен деседі.

Белгілі мәдениет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібекұлының өзі ұнатқан келініне сәукеле тіккені жайлы аңызға бергісіз әңгімесін оқығаным бар. Бұл жайында Өзбекәлі Жәнібекұлының жары Қалихан Айдосқызының естелігінде былай жазылған «Өзекең: «Балам көңілімізден шығатын қызға үйленсе, қалыңдықтың сәукелесін өз қолыммен тігер едім» деген болатын. Уәдеге сай ол шетелге шығатын әр сапарында асыл тастар әкеліп жинастыруды әдетке айналдырды. Кейін Бауыржанымыз үйленгенде уәде бойынша келініміз Гаухарға арнап үкілі сәукелені өз қолымен тігіп шықты» деп жазды.

Біздің мұражайға келушілер өте көп. Сондағы байқағаным, сәукелеге деген қызығушылықтың ерекше екендігі. Әсіресе, шетелдік туристер мен зерттеушілер сәукеленің биіктігі мен төбесіне қарап, қатты таңқалып жатады. Өрине, салмағы ауыр сәукелені талдырмаш қыз бала еңсесін тік ұстап, қалай көтеріп жүр деуі анық қой. Бағзы заманда аналарымыз көз тиоден, пәле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды деп сәукеленің төбесіне үкі тағып та қойған екен. Үкінің жүнін қазақ қашанда қасиетті деп санаған ғой. Соңғы уақытта ұзатылып бара жатқан қыздарымыз құрбыларына үкі сыйлайтын үрдіс пайда болды. Бұл, әрине, біздің табиғатымызға жақын, құптарлық үрдіс.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.